

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN UNIVERSITY

**«ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ  
ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНА  
ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»**  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
***МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ***

***СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ***  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
**«ВКЛАД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В ИНДУСТРИАЛЬНО-  
ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО  
КОМПЛЕКСА»**

***PROCEEDINGS***  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE OF  
YOUNG SCIENTISTS  
**«CONTRIBUTION OF YOUNG SCIENTISTS TO THE INDUSTRIAL-  
INNOVATIVE DEVELOPMENT OF AGRICULTURE»**

**II ТОМ**

Алматы, 21-22 сәуір 2016 жыл

ӘОЖ 001:631(063)

КБЖ 72:4

Ж 33

**Жалпы редакциясын басқарған** – Есполов Т.И.

**Редакциялық ұжым:** Қалиасқаров М.Қ., Кіркiмбаева Ж.С., Сыдықов Ш.К., Байболов А.Е., Мусоев А.М., Фазылова Б.А., Сыздықов Б.М., Қорганова Н.Т.

**Под общей редакцией** – Есполова Т.И.

**Редакционная коллегия:** Калиасқаров М.К., Киркимбаева Ж.С., Сыдықов Ш.К., Байболов А.Е., Мусоев А.М., Фазылова Б.А., Сыздықов Б.М.

**Ж 33** «Жас ғалымдардың агроөнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық дамуына қосқан үлесі» атты жас ғалымдардың халықар. ғыл.-практ.конф. мат. Жинағы (21-22 сәуір 2016 жыл)=Вклад молодых ученых в индустриально-инновационное развитие агропромышленного комплекса (21-22 апреля 2015 года): Сб. мат. междунар. науч.-практ. конф. молодых ученых=Contribution of young scientists to the industrial-innovative development of agriculture (21-22april, 2016 year): col. of mat. Proceedings of the intern. scien.-pract. conf. of young scientists. - Алматы: ҚазҰАУ, 2016. – 339 б. - Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-241-601-5

Бұл жинақта Қазақстан және жақын шетел жас ғалымдарының ізденістерінің нәтижелері келесі бағыттар бойынша келтірілген: агробиология және экология; ветеринария; өнімдерді өндіру және өңдеу технологиясы; орман, жер, су ресурстары және жеміс-көкөніс шаруашылығы; агроинженерия, энергия үнемдеу және кәсіптік оқыту; аграрлық экономика және құқық.

Бұл жинақ ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын магистранттар мен жас ғалымдарға арналған.

В сборнике приведены результаты исследований молодых ученых Казахстана и стран ближнего зарубежья по следующим направлениям: агробиология и экология; ветеринария; технология производства и переработки продукции; лесные, земельные, водные ресурсы и плодовоовощеводство; агроинженерия, энергосбережение и профессиональное обучение; аграрная экономика и право.

Данный сборник предназначен для магистрантов и молодых ученых, занимающихся научно-исследовательской деятельностью.

ISBN 978-601-241-601-5

© ҚазҰАУ, 2016.

© «Айтұмар» баспасы, 2016.

## ВЕТЕРИНАРИЯ СЕКЦИЯСЫ

ӘОЖ 619:636:4616

Жолдасбекова А.Е., Бияшев Б.К., Нургожаева Г.М.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНАН БӨЛІНІП АЛЫНҒАН САЛЬМОНЕЛЛА ӨСІНДІЛЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада Алматы облысының шаруашылықтарынан бөлініп алынған сальмонелла өсінділерінің морфологиялық, өсінділік, биохимиялық және антигендік қасиеттері зерттелінді.

**Кілт сөздер:** сальмонеллез, биологиялық қасиеттер, *Salmonella dublin*, агглютинация, О – және Н- монорецептрлер, қансарысу.

#### **Кіріспе**

«Мал төлден өседі» - дейді халық даналығы. Олай болса, осындай келелі мәселелерді шешуде төлдердің күтіліп-бағылуын жақсылап ұйымдастыру, олардың ауру-сырқаудан аман болуын қадағалау, ауру бола қалған жағдайда уақытында емдеу әдістерін қолдану, ауруды болдырмау үшін оның алдын-алу шараларын уақытында жүргізу – жалпы мал мамандарынан бастап, сол салада істеп жүрген барлық еңбеккерлердің ең негізгі және күрделі міндеттерінің бірі [1].

Жас төлдердің арасында жиі тараған инфекциялық аурулардың бірі – сальмонеллез. Ауылшаруашылық жануарларының сальмонеллезі, барлық тараған зооантропоноздардың 30% құрайды [2]. Бұл инфекция мал шаруашылығының дамуын тежеп, заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайда талқылауды талап етеді [3].

Сальмонеллезбен күресу барысында бактерия-тасымалдаушылық сұрағы біршама мәселе болып тұр. Ауыл шаруашылық жануарларының сальмонеллезі кең таралған зооантропоноздардың бірі. [4].

Қазіргі уақытта жануарлардың сальмонеллезінің мәселесі өзекті. Бұл сальмонеллездің көптеген сероварларының табиғатта айналымда және қоздырғыш ұйымшылдығының полидетерминатты факторы мен адам және жанауар организміне әр түрлі жолдармен енгізілуіне байланысты. Жеткіліксіз жылулық өңдеуден өтпеген сальмонеллез тасымалдаушы жануарлар өнімінен алынған азықтар (ет, сүт, жұмыртқа) адамдарда токсикоинфекция тудыруы мүмкін [5].

Соңғы уақытта Алматы облысының шаруашылықтарында бұзаулардың сальмонеллезінің таралуы жиіледі, сондықтан сальмонеллездің таралу деңгейін зерттегеннен кейін, келесі алға қойған мақсатымыз ауру және өлген бұзаулардан бөлініп алынған сальмонеллалардың биологиялық қасиеттерін зерттеу болды.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Ғылыми – зерттеу жұмыстары Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне қарасты бактериозға қарсы биотехнология зертханасында және Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Хабит», Көксу ауданында орналасқан «Талас», Талғар ауданында орналасқан «Арай» шаруақожалықтарында жүргізілді.

Сынама ретінде ауырған – 35 және өлген – 20 бұзаулардан 120 патматериал алынды.

Зерттеу жұмыстарына келесі қоректік орталарды қолдандық: етпептонды агар (ЕПА), етпептонды сорпа (ЕПС), Эндо, Кит-Тароцци және Минк ортасы пайдаланылады.

Алғашқы өсінділерді таңдап алуда қоректік орталарда өсудегі ерекшеліктері мен микроскопия негізінде таңдалынып алынды. Морфологиялық, өсінділік, биохимиялық, антигендік қасиеттерін және зардаптылығын жалпы жүйе бойынша зерттедік. [Н.И.Рязанов, Я.Е.Коляков] Бөлініп алынған өсінділердің идентификациясын биохимиялық қасиеттерін бактерияларды анықтаушы Берджи әдісі қолданылды.

Зардаптылық қасиетін ақ тышқандарға сынама қою арқылы тексерілді. Бөлініп алынатын өсінділердің антибиотиктерге сезімталдылығын қағаз дисктерді қолдану арқылы диффуздық агар әдісі көмегімен жүргізілді, яғни «Ауылшаруашылық жануарларының инфекциялық қоздырғыштарының антибиотиктерге сезімталдылығын анықтау әдістеме» қолданылды.

Сальмонелла штамдарының морфологиялық және өсінділік қасиеттерін бірнеше рет қатты ортаға себінді жасау арқылы зерттедік.


Бөлініп алынған сальмонелла штамдарының антигендік қасиеттерін агглютинделген поли- және монорецепторлы қансарысуларын қолдану арқылы тексердік, яғни заттық әйнекшеге агглютинация реакциясын қою арқылы.

Зертелінген сальмонелла штамдарын биохимиялық қасиеттерін Андрес индикаторы бар көмірсулы ортаға және селективті-дифференциалдық Эндо ортасына себінді жасау арқылы анықтадық.

### **Зерттеу нәтижелері**

Ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған уытты штамдардың морфологиялық, өсінділік, биохимиялық және антигендік қасиеттерін зерттеу, сальмонеллезді алдын алу шарасында маңызды рөл атқарады.

Салмонеллалардың түрлік ажыратуы – зерттелетін ауданның эпизоотологиялық жағдайын талдауда маңызды орын алады. Алматы облысының 3 шаруашылығынан диарея белгілері бар 20 өлген және 35 ауырған бұзаулардан бөлініп алынған 120 патматериалды бактериологиялық әдіс арқылы зерттедік. Сонымен қатар, 90 өсінді бөлініп, ажыратылып алынды, бұл зерттеудің жалпы 75% құрады. Көбіне өкпеден, лимфалық түйіндерден, бүйректен және қан сынамаларынан өсінділер бөлініп алынды. Ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған 90 өсінділердің морфологиялық, өсінділік, биохимиялық және антигендік қасиеттерін зерттеу барысында 65 (72,3%) – *S.dublin*, 12 (13,3%) – *S.enteridis*, 8 (8,8%) – *S. typhimurium*, 3 (3,4%) – *P.vulgaris* және 2 (2,2%) – *K.pneumonia* өсінділері бөлініп алынды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша барлық бөлініп алынған өсінділердің 72,3% жоғары көрсеткіш көрсеткен - *S.dublin*, бұл Алматы облысындағы ірі қара малының сальмонеллезінің негізгі қоздырушысы болып табылатындығын көрсетіп тұр. *S.enteridis* үлесі 13,3% құраса, *S.typhimurium* 8,8% құрады. Сальмонеллалардың басқа сероварлары саны жағынан аз болды және эпизоотологиялық маңыздылығы жоқ.



Сурет 1 – Алматы облысының шаруашылықтарындағы ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған өсінділерді ажырату

Шаруашылықтардан бөлініп алынған өсінділерді қоректік орталарға себінде жасағанда, сальмонеллаға тән қасиеттер болды. 24 сағаттан кейін Эндо ортасында дөңгелек, тегіс, ортасы қызарған жартылай мөлдір шоғырыла түзді. Висмут-сульфит агарда қара, дөңгелек, металл түсті, мөлдір емес шоғырлар түзді. Ал, ЕПА 1 ден 4 мм диаметрлі дөңгелек, шеті тегіс, ақ-сұр түсті шоғырлар түзді. ЕПС-да бірегей лайланған, пробирканың түбінде ақ-сұр түсті тұнба түзілді. Барлық өсінділер морфологиялық қасиеттері жағынан энтеробактерияларға тән болды және Грам әдісі бойынша теріс болды.

Кесте 1. Алматы облысының шаруашылықтарынан бөлініп алынған сальмонелла өсінділерінің биохимиялық белсенділігі

Шаруашылық аты	Өсінділер	Натрий манолаты	Глюкозалы натрий цитраты	Индол	АМК	Уреаза	Лактоза	Сахароза	Глюкоза	Маннит	Мальтоза	Сорбит	Арабиноза	G-галактиноза	H <sub>2</sub> S
«Хабит»	S.dublin	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Талас»	S.enteridis	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Арай»	S.typhimurium	-	+	-	-	-	-	-	+	-	+	+	+	-	+
«Хабит»	S.enteridis	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Талас»	S.typhimurium	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Арай»	S.dublin	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Хабит»	S.typhimurium	-	+	-	-	-	-	-	+	-	+	+	+	-	+
«Талас»	S.dublin	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+
«Арай»	S.enteridis	-	+	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	-	+

Ескерту - «+» - реакцияның оң нәтижесі;  
«-» - реакцияның теріс нәтижесі.

1-ші кестеде көрсетілгендей, шаруашылықтардан бөлініп алынған 16 сальмонелла өсінділері биохимиялық қасиеттері жағынан және серотиптеу нәтижесінде Берджи мәлеметтер анықтамасына сәйкес болды. Барлық өсінділер натрий малонатына, индолға, ацетилметилкарбонил, уреазаны, g-галактиозиданы, лактозаны және сахарозаны ыдыратпады; ал, глюкозалы натрий цитраты, глюкозаны, маннитті және көп жағдайда мальтозаны, сорбитті, арабинозаны ыдыратты. Барлық бөлініп алынған өсінділер көмірсутегін түзді.

Кесте 2. Алматы облысындағы шаруашылықтарынан ауру және өлген бұзаулардан бөлініп алынған сальмонелла өсінділерінің антигендік құрылымы мен серотиптары

Шаруашылық аты	Өсінділер саны	Поливалентті	Құрамында антигені бар қансарысуымен АР		Топтар	Серотиптар
			О – антигені 1,4,5,9,12	Н-антигені i,q,p,m		
«Хабит»	1-30	+	+ 0 0 + +	0 + + 0	Д <sub>1</sub>	S.dublin
«Хабит»	31-39	+	+ 0 0 + +	0 + 0 +	Д <sub>1</sub>	S.enteritidis

«Арай»	40-60	+	+ 0 0 + +	0 + 0 +	Д <sub>1</sub>	S.dublin
«Арай»	61-64		+ 0 0 + +	0 + 0 +	Д <sub>1</sub>	S.enteritidis
«Талас»	65-80	+	+ 0 0 + +	0 + + 0	Д <sub>1</sub>	S.dublin
«Талас»	80-81	+	+ 0 0 + +	0 + + 0	Д <sub>1</sub>	S.enteritidis
«Талас»	81-90	+	+ + + 0 +	+ 0 0 0	В	S.typhimurium

Ескерту – «+»- агглютинация

Сальмонеллаларды түрлік ажырату үшін агглютинация реакциясында поливалентті және монорецепторлы О- және Н- сальмонеллезге қарсы агглютининдеуші қансарысуы қосылды, бұл зерттеудің нәтижесі 2-ші кестеде келтірілді. бөлініп алынған өсінділермен ақ тышқандары тері астына және құрсақ қуысына 0,2-0,5 мл (ШТБ 10<sup>3</sup> - тен 5×10<sup>5</sup> мл) екенде, барлық ақ тышқандарға уытты болды. 2-ші кесте бойыша, ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған 90 сальмонелла өсінділерін ажырату нәтижесінде 65 (72,2%) – S.dublin (Д<sub>1</sub> тобына), 12 (13,3 %) – S.enteritidis (Д<sub>1</sub> тобына), 8 (12,2%) – S. Typhimurium (В тобына) кіретінін көрсетті.

#### Нәтижелерді талқылау

Алматы облысының шаруашылықтарынан ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған 90 өсінділердің морфологиялық, өсінділік, биохимиялық және антигендік қасиеттерін зерттеу барысында 65 (72,3%) – S.dublin, 12 (13,3%) – S.enteritidis, 8 (8,8%) – S. typhimurium, 3 (3,4%) – P.vulgaris және 2 (2,2%) – K.pneumonia өсінділері бөлініп алынды. Өсінділік және морфологиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері бойынша барлық өсінділер сальмонеллаларға тән қасиеттер көрсетті. Бөлініп алынған 16 сальмонелла өсінділері биохимиялық қасиеттері жағынан және серотиптеу нәтижесінде Берджи мәлеметтер анықтамасына сәйкес болды. Алматы облысының шаруашылықтарынан ауырған және өлген бұзаулардан бөлініп алынған 90 сальмонелла өсінділерін ажырату нәтижесінде 65 (72,2%) – S.dublin (Д<sub>1</sub> тобына), 12 (13,3 %) – S.enteritidis (Д<sub>1</sub> тобына), 8 (12,2%) – S. Typhimurium (В тобына) кіретінін көрсетті.

#### Қорытынды

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, Алматы облысындағы бұзаулардың сальмонеллезінің қоздырушылары Д<sub>1</sub> тобына (85,5%) жататыны және S.dublin, S.enteritidis сероварианттары кең таралғаны мәлім болды.

#### Әдебиеттер

1. Бияшев Б.К. Ветеринарная микробиология и иммунология. – Алматы, 2007.-стр. 244-258
2. Информационный бюллетень референс-центра по мониторингу за сальмонеллезами. - Москва, 2013. - N° 25. - 69 с.
3. Яковлев С.С., Рождественская Т.Н., Кононенко Е.В. Профилактика сальмонеллеза птиц // Веткорм.-2012.-№3.-С.30-32.
4. Иванов В.Д., Маковецкая А.К., Смагина Е.А. Оценка местного иммунитета слизистых оболочек дыхательного тракта в диагностике донозологических состояний./ Гигиена и санитария: 2004.-№6. 54-55 стр.
5. Чубенко Н.В. Микробиологический контроль за качеством и безопасностью пищевой продукции / Н.В. Чубенко, Л.А. Малышева, И.В. Капелист // Ветеринарная патология. - 2010. - N°4. - С.92-96.

**Жолдасбекова А.Е., Бияшев Б.К., Нургожаева Г.М.**

**ИССЛЕДОВАНИЯ БИОЛОГИЧЕСКИХ СВОЙСТВ КУЛЬТУР САЛЬМОНЕЛЛ,  
ВЫДЕЛЕННЫХ ОТ ТЕЛЯТ В ХОЗЯЙСТВАХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

В данной статье приведены результаты исследования биологических свойств культур сальмонелл, выделенных от телят в неблагополучных хозяйствах Алматинской области.

**Ключевые слова:** сальмонеллез, биологические свойства, Salmonella dublin, агглютинация, O – и H- монорецептры, сыворотка.

**Zholdasbekova A.E., Biyashev B.K., Nurgozhaeva G.M.**

**STUDY OF BIOLOGICAL PROPERTIES CULTURES OF SALMONELLA ISOLATED  
FROM CALVES IN FARMS ALMATY REGION**

This article presents the results of the study of the biological properties of cultures of Salmonella isolated from calves in disadvantaged farms of Almaty region

**Keywords:** salmonellosis, biochemical properties, Salmonella dublin, agglutination, O - and H- monoreceptors, serum.

**ӘӨЖ 619:614.31.**

**Ғылымова Г., Тоқаева М.О., Құдайбергенова Ж.Н.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**ЖЕЛІНСАУ АУРУЫНЫҢ СҮТ САПАСЫНА ӘСЕРІ**

**Аңдатпа**

Мақалада сүт өндіретін шаруашылықтарда жиі кездесетін желінсау ауруының сиырлардың сүт өнімділігі мен өндірілетін сүттің химиялық құрамы, санитариялық-гигиеналық және технологиялық қасиеттеріне тигізетін әсері анықталды.

**Кілт сөздер:** сауын қондырғысы, дезинфекция, санитариялық өңдеу.

**Кіріспе**

Қазақстан Республикасының отандық мал шаруашылығының алдында Дүниежүзілік сауда ұйымының құрамына кірудегі басты мәселе, өндірілетін сүттің көлемін ұлғайту, ал одан да маңыздысы адамның денсаулығына тікелей әсер ететін сүттің санитариялық сапасы болып табылады. Сүттің сапасының төмендеуі көбінесе желінсаумен тікелей байланысты, ол сиырдың сүттілігін 5-45 % төмендетіп, желінсауды емдеуге көп шығын шығады. Алдын ала термиялық өңдеуден өтпеген желінсаумен ауырған сиыр сүті тағамға пайдалану адамдарда баспа, скарлатина, ревматизм, тағамдық токсикоздардың туындауына әкеп соғады. Сол себепті шаруашылықтарда сиырлардың желінінің жағдайын бақылау, желінсаудың байқалуын, емдеу және желін ауруларының алдын алу, сүт және сүт өнімдерінің сорттылығын көтеру (санитариялық сапасын), өнімділікті арттыру арналған маңызды факторлар болып табылады. Желінсаудың алдын алуда генетикалық потенциалын көтеру, желінсауды ерте болжау әдістері, сауынға дейін және сауыннан кейін желінді сапалы өңдеу, лактация кезеңінде құрамында антибиотик жоқ препараттарды қолдану маңызды орын алады [1, 2, 3].

Желінсау ауруының сиырлардың өнімділігіне әсерін анықтау үшін ғылыми зерттеу жұмыстары «Байсерке» АГРО шаруашылығында жүргізілді. Сауын сиырлар арасынан үш топ: бақылау тобына – сау сиырлар, 1 топқа жасырын желінсаумен ауырған сиырлардан, ал 2-ші топ желінсаудың клиникалық түрімен ауырған сиырлардан құрылды. Әр топта 10 сиыр болды және зерттеу жүргізу барысында олардың азықтандыру мен күтіп-бағу жағдайы бірдей болды [4].

#### **Зерттеу материалдары мен әдістеме**

Зерттеу жүргізу барысында сиырлардың сүт өнімділігі, өндірілген сүттің химиялық құрамы, санитариялық-гигиеналық және технологиялық қасиеттері анықталды.

#### **Зерттеу нәтижелері және оларды талдау**

Желінсау ауруының сиырлардың сүт өнімділігіне әсерін анықталды. Бұл көрсеткіш ауру түріне байланысты болды. Мысалы, желінсаудың жасырын түрімен ауырған кезде сиыр сүтінің өнімділігі 2,98 %, ал клиникалық түрімен ауырғанда - 6,21 % төмендегені анықталды (1 кесте). Сонымен қатар, жасырын желінсау ауруы кезіне сүттің майлылығы 2,51 %, ал белогы - 2,87 % төмендеді. Клиникалық желінсаумен ауырған лактация кезіндегі сиыр сүтінде май мен белок мөлшері 5,25 және 6,78 % азайды ( $P < 0,999$ ), ол өз кезегінде шаруашылықтың экономикасына әсерін тигізеді.

Кесте 1. Желінсау ауруының сүттің өнімділігіне әсері

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	1 - топ	2 - топ
Мал басы	10	10	10
305 тәуліктегі сауылым, кг	6214,15 ± 81,58	6023,00 ± 65,95	5817,55 ± 82,83
Сауылым кезіндегі жалпы май мөлшері, %	3,81 ± 0,02	3,83 ± 0,02	3,85 ± 0,03
Сауылым кезіндегі сүт майының мөлшері, кг	236,76 ± 2,86	230,68 ± 3,05	223,98 ± 3,66
Сауылым кезіндегі белоктың орташа жалпы үлесі, %	3,00 ± 0,01	3,00 ± 0,01	2,99 ± 0,01
Сауылым кезіндегі белоктың мөлшері, кг	186,42 ± 2,47	180,69 ± 1,97	173,94 ± 2,39

Желінсаумен ауырған сиыр сүтінің химиялық құрамы да өзгертіні анықталды (2-кесте). Негізінен сүттің белогы көп өзгеріске ұшырады: казеиннің мөлшері аурудың клиникалық және субклиникалық түрлерінде 0,05 және 0,13 % азайды, ал сарысулы белоктар керісінше ұлғайды ( $P < 0,999$ ). Егер сау сүтте жалпы белоктың құрамындағы казеиннің мөлшері 78,98 % болса, субклиникалық желінсауда бұл көрсеткіш 77,78% , ал клиникалық желінсаумен ауырған сүтте 77,61 төмендеді. Казеиннің жалпы үлесінің азаюы сүттің технологиялық қасиетінің төмендеуіне әкеп соғады.

Кесте 2. Желінсаудың әр түрімен ауырған сиыр сүтінің құрамы

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	1 - топ	2 - топ
Барлық мал басы	10	10	10
Құрғақ заттың жалпы үлесі, %	12,11 ± 0,01	12,06 ± 0,01	12,06 ± 0,01
Майдың жалпы үлесі, %	3,81 ± 0,02	3,83 ± 0,01	3,85 ± 0,03
СОМО жалпы үлесі, %	8,24 ± 0,01	8,23 ± 0,01	8,21 ± 0,01
Белоктың жалпы үлесі, %	3,00 ± 0,01	3,00 ± 0,01	2,99 ± 0,01
Казеиннің жалпы үлесі, %	2,39 ± 0,01	2,33 ± 0,01	2,25 ± 0,01
Сарысулы блоктардың жалпы үлесі, %	0,61 ± 0,01	0,67 ± 0,01	0,74 ± 0,01



Лактозаның жалпы үлесі , %	4,45 ± 0,01	4,44 ± 0,01	4,43 ± 0,01
Күлдің жалпы үлесі, %	0,69 ± 0,01	0,69 ± 0,01	0,69 ± 0,01
Кальцийдің жалпы үлесі , мг%	121,21 ± 0,10	119,06 ± 0,06	118,68 ± 0,05
Фосфордың жалпы үлесі , мг%	79,88 ± 0,14	78,81 ± 0,09	78,44 ± 0,03
Тығызды, °А	27,86 ± 0,03	27,70 ± 0,04	27,50 ± 0,03

Желінсау ауруының анықталу деңгейі артуына байланысты сүттің тығыздығы майдың жалпы үлесінің аруына және СОМО жалпы үлесінің азаюына байланысты төмендеген. 2 топтағы сиырлардың сүтінің бақылау тобының сүтіне қарағанды тығыздығы 0,36<sup>0</sup>А төмендеді (P<0,999).

Желінсаумен ауырған сиыр сүтінің санитариялық сапасы да төмендеген (3- кесте ): соматикалық торшалар саны артқан, мысалы сау сиыр сүтінде 121,8 мың./см<sup>3</sup>, аурудың жасырын түрінде бұл көрсеткіш 497,9 мың./см<sup>3</sup> құраса, ал клиникалық түрінде бұл көрсеткіш - 1378,5 мың./см<sup>3</sup> құрады (P<0,999). Сүттегі бактериялар саны да ұлғайды: жасырын түрінде 196,0, ал аурудың клиникалық түрінде 4125,2 мың./см<sup>3</sup> анықталды (P<0,999).

Кесте 3. Желінсаудың әр түрімен ауырған сиыр сүтінің санитариялық сапасы мен сорттылығы

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	1- топ	2 –топ
Мал саны	10	10	10
Тығыздығы, °Т	16,40 ± 0,03	16,13 ± 0,03	15,73 ± 0,10
Соматикалық торшалар саны, мың./см <sup>3</sup>	114,73 ± 3,32	438,95 ± 14,31	1136,16 ± 32,68
КМАФАнМ, мың./см <sup>3</sup>	121,01 ± 7,11	1180,34 ± 59,95	3825,06 ± 89,16
Ашыту сынаамасы бойы бйынша III класстағы сүт саны, %	11,82	20,00	68,18
Сүттің электроөткізгішті, 1/Ом*см <sup>3</sup>	4,34 ± 0,01	4,59 ± 0,02	6,14 ± 0,11
Сүттің сорттылығы	жоғары	бірінші	сортқа жатпайды

Жасырын желінсаумен ауырған сиыр сүтінің қышқылдылығы 0,27°Т, ал клиникалық түрінде - 0,67 °Т төмендеген (P<0,999). Сүттің электроөткізгіштігі құрамындағы соматикалық торшалардың көбеюіне байланысты ұлғайған 4,34 тен 4,59 (жасырын желінсау) және 6,14 1/ Ом\*см<sup>3</sup> (клиникалық желінсау).

1 және 2 топтағы сиыр сүттерінің санитариялық сапасы мен физикалық қасиетінің нашарлауы сүт сортының төмендеуіне әкеп соқтырды. Жасырын желінсаумен ауырған сиыр сүтінің құрамындағы бактериялар саны бойынша оны тек 1 сортқа жатқызуға болады. Ал клиникалық түрімен ауырған сиыр сүті қышқылдылығы, соматикалық торшалар мен бактериялар мөлшері бойынша стандартқа сай келмейді, мұндай сүтті өндіріске қабылдауға болмайды.

Сүттің технологиялық қасиеттерін бағалау нәтижесінде желінсаумен ауырған сиыр сүтінің термотөзімділігі төмендейтіні анықталды. Мысалы, сау сиырларда термотөзімділігі төмен сүт мөлшері 1,37 %, жасырын желінсаумен ауырған сиыр сүтінде бұл көрсеткіш 4,55%, ал клиникалық түрінде - 6,82 % құрады.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, желінсаумен ауырған кезде сүттің өнімділігі төмендейді, сүт белогының сапасы нашарлайды, сүттің санитариялық сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері төмендейді. Сонымен қатар мұндай сүттен сүт өнімдерін өндіруге жарамсыз болып

табылады. Сондықтан сүт өндіретін шаруашылықтарда қауіпсіз сүт өндіруге бағытталған шаралар жиынтығын жүргізу қажет. Желінсаумен ауырған сиыр сүтін жиынтық сүтке қоспау қажет.

### Әдебиеттер

1. Баймишева Д.Ш. Факторы, обуславливающие возникновение маститов // Зоотехния. - 2007. - № 8. - С.22-24.
2. Бычкова В.А. Влияние различных факторов на состав, санитарное качество, технологические свойства молока / В. А. Бычкова // Научное обеспечение инновационного развития АПК: материалы Всерос. науч.-практ. конф., посвящ. 90-летию государственности Удмуртии, 16-19 февр. 2010 г. / ФГОУ ВПО Ижевская ГСХА. - Ижевск, 2010. - Т. 2. - С.75-82.
3. Бычкова В.А. Влияние мастита на состав молока и пригодность для переработки / В. А. Бычкова, Ю. Г. Мануилова // Научное обеспечение развития АПК в современных условиях : материалы Всерос. науч.-практ. конф. (15-18 февр. 2011 г.) / ФГОУ ВПО Ижевская ГСХА. - Ижевск, 2011. - Т. 2. - С.113-117.
4. Колчина А.Ф. Ветеринарные аспекты снижения количества соматических клеток в молоке коров // Аграрный вестник Урала. - 2008. - № 11. - С. 47-48.
5. Коренник И.В. Соматические клетки в молоке // Ветеринария. - 2010. - № 6. - С. 10-13.
6. Олейник А. Мастит, мастит, мастит / Молочное и мясное скотоводство. - 2006. - №7. - С. 26-29.
7. Свириденко Г.М. Маститы крупного рогатого скота / Г.М. Свириденко, Е.Г. Семенова// Молочная промышленность. - 2003. - № 10. - С. 18 - 20.

### Резюме

В статье приведены данные влияния мастита на химический состав, санитарно-гигиенический и технологические свойства молока.

### Summary

Impacts of mastitis to a chemical composition, sanitary and hygienic and technological properties of milk are given in the article.

**УДК 619:615.37**

**Есимов К.Д., Утянов А.М.**

*Казахский национальный аграрный университет*

### ВЛИЯНИЕ ИММУНОМОДУЛЯТОРА ПОЛИОКСИДОНИЯ НА ГУМОРАЛЬНОЕ ЗВЕНО ИММУНИТЕТА ТЕЛЯТ, БОЛЬНЫХ БРОНХОПНЕВМОНИЕЙ

#### Аннотация

В данной работе приведены результаты изучения влияния иммуномодулятора полиоксидония на некоторые показатели гуморального звена иммунитета у телят, больных бронхопневмонией. Установлено, что полиоксидоний обладает выраженным иммуномодулирующим действием. Под его влиянием у телят, больных бронхопневмонией к концу лечения происходит повышение уровня иммуноглобулинов, лизоцимной, бактерицидной и комплементарной активностей крови.

**Ключевые слова:** бронхопневмония, полиоксидоний, лейкоциты, эритроциты, гемоглобин, иммуноглобулины, лизоцимная активность, бактерицидная активность.

## **Введение**

Несмотря на современные достижения ветеринарной науки, остаётся актуальной проблема профилактики и лечения заболеваний молодняка сельскохозяйственных животных, причём основную роль в их патологии играют инфекционные агенты, например, это респираторные заболевания [1,2,3]. При лечении различных патологий основная роль отводится применению противобактериальных средств (антибиотиков, сульфаниламидов и др.) Однако многие из них обладают бактериостатическим действием [4], а поэтому терапевтический эффект отмечается только тогда, когда больное животное имеет относительно полноценную иммунную систему и неспецифическую резистентность.

Неспецифическая резистентность, в отличие от гуморального иммунитета, у молодняка имеет большую физиологическую зрелость, и не так значительно отличается от таковой взрослых особей. Это обусловлено тем, что синтез всех компонентов генетически детерминирован, и они присутствуют в организме животных к моменту рождения. В первые месяцы жизни состояние неспецифической резистентности играет ключевую роль в защите организма от инфекционных агентов [5,6]. В связи с этим вполне логичным и оправданным будет разработка системы лечебно-профилактических мер по приоритетному укреплению и стимуляции неспецифической резистентности у молодняка, и в частности при респираторных заболеваниях (бронхиты, бронхопневмонии), которые у телят являются одним из самых распространенных патологий, наносящих огромный ущерб животноводству. В качестве средств повышающих неспецифическую резистентность животных предложены целый ряд препаратов. Мы для коррекции иммунодефицитных состояний использовали «Полиоксидоний». Полиоксидоний нашёл широкое применение в медицине при различных заболеваниях, сопровождающихся вторичным иммунодефицитом

## **Цель**

Целью настоящей работы явилось изучить влияние иммуномодулятора Полиоксидония на показатели гуморального иммунитета телят, больных бронхопневмонией. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: изучить влияние полиоксидония на динамику иммуноглобулинов, бактерицидной, лизоцимной и комплементарной активности сыворотки крови телят, больных бронхопневмонией.

## **Материал и методы исследований**

Экспериментальные исследования проводились в условиях крестьянского хозяйства «Алипов Т» Талгарского района, Алматинской области. Под опытом находились 20 телят алатауской породы, больных острой формой бронхопневмонии. Больные телята были разделены на 2 группы: опытная - 10 телят, контрольная - 10 телят. Больных телят лечили по общепринятой методике, назначали: цефепим, глюкозу, эуфилин, мультивитамин, а опытной группе дополнительно вводили подкожно «Полиоксидоний» в дозе 6 мг в течение 5 дней (2см<sup>3</sup>), ежедневно.

Кровь для исследования брали 4 раза – до лечения, на 3, 7 и 14-е сутки после начала лечения, каждый раз утром до выпойки молока из яремной вены. В крови определяли количество эритроцитов, гемоглобина, лейкоцитов, тромбоцитов, иммуноглобулинов, лизоцимной и бактерицидной активности сыворотки крови. Подсчет форменных элементов крови проводили с использованием автоматического гематологического анализатора ОАК Mindray-3205 Dif VRIT, иммуноглобулины определяли на ИФА Multiskan FC NW-12 A Antes в клиничко-диагностической лаборатории Медицинской компании Сункар. Лизоцимную и бактерицидную активности определяли по методикам описанным в «Методических указаниях по тестированию естественной резистентности телят» под ред П.А.Емельяненко (1980). Определение активности лизоцима основан на его способности растворять взвешенный в агаре ацетоновый порошок из клеточных оболочек *Micrococcus lysodeikticus*. Степень литической активности определяется путём измерения

диаметра зоны лизиса вокруг лунки в агаре, в которую был внесён исследуемый материал. Определение бактерицидной активности основано на свойстве сыворотки крови оказывать бактерицидное и бактериостатическое действие на микроорганизмы. Уровень бактерицидной активности характеризуется степенью задержки прироста биомассы тест-микроба в жидкой питательной среде под влиянием исследуемой сыворотки крови, выраженной в процентах.

### Результаты исследований

Проведенными исследованиями установлено, что гематологические показатели у телят, больных бронхопневмонией подвержены существенным колебаниям. Результаты исследования приведены в таблице 1.

Таблица 1-Показатели крови телят, больных бронхопневмонией до и после лечения

Показатели	Фоно вые	До лечения		После лечения	
		контрольные	опытные	контрольные	опытные
WBC лейкоциты ( $\times 10^9$ )	7,2	10,6 $\pm$ 0,36	10,9 $\pm$ 0,28	8,1 $\pm$ 0,25	7,3 $\pm$ 0,28
RBC эритроциты ( $\times 10^{12}$ )	7,1	6,3 $\pm$ 0,27	6,1 $\pm$ 0,22	6,6 $\pm$ 0,28	7,4 $\pm$ 0,19
Hgb гемоглобин (г/л)	120,0	103,0 $\pm$ 2,15	101,4 $\pm$ 2,25	112,0 $\pm$ 2,11	122,0 $\pm$ 2,31
NCT гематокрит (%)	40,0	28,0 $\pm$ 0,35	29,0 $\pm$ 0,29	37,0 $\pm$ 0,40	42,0 $\pm$ 0,39
PLT тромбоцит ( $\times 10^9$ /л)	300,0	260,0 $\pm$ 2,55	268,0 $\pm$ 2,67	291,0 $\pm$ 2,87	310,0 $\pm$ 2,79

Как видно из таблицы 1, количество всех изучаемых нами показателей у опытных и контрольных телят до лечения между собой существенных отклонений не имели и были на самом низком уровне. К концу лечения количество гематологических показателей повысилось. Так, количество эритроцитов у животных обеих групп повышается. Однако степень повышения не одинакова. У телят, которым дополнительно к основному лечению добавляли полиоксидоний, количество эритроцитов по сравнению с показателями до лечения повысилось на 21,3%, а у контрольной группы телят в те же сроки повышение количества эритроцитов составило 4,8 %. Такая же динамика отмечена и в содержании гемоглобина, концентрация которого была на самом низком уровне до лечения. После начала лечения количество гемоглобина повышается. Более значительное повышение количества гемоглобина отмечено в группе, где применяли полиоксидоний. Так, к концу лечения на 15 сутки, по сравнению с данными до лечения количество гемоглобина повысилось в опытной группе на 20,8%, а в контрольной на 8,7%.

Благоприятное влияние полиоксидония на организм больных животных прослеживается и в динамике лейкоцитов. Так, до начала лечения количество лейкоцитов, по сравнению с фоновыми показателями, был повышенным, и превышал их на 51,1-51,4%. После начала лечения количество лейкоцитов начинает снижаться. Более интенсивное снижение выявлено у животных, которым в лечебный комплекс был добавлен полиоксидоний. К концу лечения количество лейкоцитов у телят опытной группы достигает пределов физиологической нормы и составляет  $7,3 \times 10^9$ /л, а у контрольной группы телят остается на более высоком уровне ( $8,6 \times 10^9$ /л). При бронхопневмонии, по сравнению с фоновыми показателями, происходит снижение количества тромбоцитов на 12,0% и гематокрита на 28,7%. В опытной группе к концу лечения уровень тромбоцитов на 15,7% и гематокрита на 44,8% превышает данные до лечения, а в контрольной группе эти показатели равны, соответственно 11,9% и 32,1%.

Влияние полиоксидония на динамику иммуноглобулинов телят, больных бронхопневмонией, приведена в таблице 2.

Таблица 2. Динамика иммуноглобулинов (Ig) сыворотки крови телят, больных бронхопневмонией, под влиянием полиоксидония

Показатели	Фоновые	До лечения		После лечения	
		К	О	К	О
Общий белок г/л	63,4±0,52	53,6±0,60	53,3±0,57	62,2±0,63	74,0±0,69
Ig G	12,60±0,12	9,6±0,11	9,58±0,10	12,9±0,18	16,10±0,13
Ig M	1,65±0,15	1,30±0,11	1,33±0,18	1,6±0,16	1,8±0,12
Ig A	0,41±0,10	0,32±0,11	0,33±0,13	0,40±0,12	0,54±0,14
Сумма Ig	14,66	11,22	11,24	14,9	18,44
Доля отдельных классов иммуноглобулинов к их сумме(%).					
Ig G	85,9	85,6	85,2	86,6	87,3
Ig M	11,3	11,6	11,8	10,7	9,8
Ig A	2,1	2,8	2,9	2,7	2,9
Доля суммы Ig от общего белка (%)	23,1	20,9	21,1	23,9	24,9

Примечание: К-телята контрольной группы;  
О-телята опытной группы

Из данных приведённых в таблице 2 видно, что к концу лечения уровни иммуноглобулинов повышаются у обеих групп животных, однако у телят которым в комплексную терапию включали полиоксидоний уровень повышения был более высоким. Так, по сравнению с данными до лечения у опытных телят повысились уровни Ig G на 68,0%, Ig M на 35,3 %, Ig A на 63,6 %, а у контрольных телят эти показатели были равны, соответственно Ig G 34,3 %, Ig M 23,%, Ig A 33,3 %. У опытных животных возросла доля Ig G от их общей суммы на 2,5 % и доля иммуноглобулинов от общего белка на 18,0 %. Проведёнными исследованиями установлено положительное влияние полиоксидония на лизоцимную, бактерицидную и комплементарную активности сыворотки крови больных бронхопневмонией телят (Таблица 3).

### Результаты

Таблица 3. Влияние полиоксидония на гуморальные факторы естественной резистентности больных бронхопневмонией телят.

Группы	Единицы измерения	До лечения	После лечения
Лизоцимная активность			
Фоновые	%	25,5±0,28	25,4±0,25
Контрольная	%	18,6±0,23	23,9±0,26
Опытная	%	18,5±0,25	28,6±0,22
Бактерицидная активность			
Фоновые	%	49,4±0,33	49,3±0,33
Контрольная	%	39,5±0,28	48,6±0,35
Опытная	%	39,2±0,22	58,8±0,32
Комплементарная активность			
Фоновые	%	17,4±0,23	17,3±0,21
Контрольная	%	12,5±0,18	15,1±0,16
Опытная	%	12,7±0,22	20,3±0,20

Анализируя приведённые в таблице 3 данные, видим, что до введения полиоксидония у телят обеих групп отличий в показателях лизоцимной, бактерицидной и комплементарной активности не выявлено и они были равны, соответственно 18,5±0,25 %, 49,3±0,33 % и 17,3±0,21 %.

39,2±0,22 % и 12,7±0,22 %. Отличия в показателях наступают после введения полиоксидония. Так, лизоцимная активность у опытных животных к концу лечения повысилась на 54,6%, а у контрольных на 28,5%. Бактерицидная активность в опытной группе повысилась на 50,0%, а в контрольной на 23,0%. Комплементарная активность у животных опытной группы повысилась на 59,8%, а в группе, где не применяли препарат этот показатель вырос всего лишь на 20,8%.

В результате проведенных исследований показано, что при бронхопневмонии развивается первичное иммунодефицитное состояние. Применение полиоксидония в комплексной терапии бронхопневмонии нормализует иммунологические показатели у больных животных, а также оказывает позитивное влияние на выздоровление больных животных.

#### **Выводы**

Применение полиоксидония в качестве иммуномодулятора при бронхопневмонии телят оказывает положительное влияние на некоторые показатели гуморального звена иммунитета. Под его влиянием повышаются показатели иммуноглобулинов, лизоцимной, бактерицидной и комплементарной активности крови. Выздоровление телят опытной группы наступает на 3-4 дня раньше контрольных.

#### **Литература**

1. Гоглидзе К.Н. Этиология респираторных заболеваний телят/ Материалы международной научно –практической конференции ,посвященной 100-летию со дня рождения профессора Авророва А.А. Россия ,Воронеж .2006 с. 420-424

2. Шахов А. Г., Бригадиров Ю.Н. Чувствительность к антибиотикам бактерий, выделенных от больных пневмонией поросят// В кн.: Биологически активные вещества в профилактике и лечении незаразных болезней животных. Воронеж, 1988(1989).- С.78-82.

3. Белопольский В.А., Головизнин Ю. В. Иммунологические основы лечения телят при бронхопневмонии// Ветеринария. 1993. - № 11-12. - С. 48-55.

4. Шахов А.Г., Палунина В.В. Роль кокков в этиологии и патогенезе бронхопневмоний у поросят и новые средства терапии// Ветеринария. 1991. - № 8. - С. 29-32.

5. Федоров, Ю.Н. Иммунокоррекция: применение и механизм действия иммуномодулирующих препаратов. // Ветеринария.2005.-№2.-С. 3-6.

6. Федоров, Ю.Н. Применение и механизм действия иммуномоделирующих препаратов. // Ветеринария сельскохозяйственных животных. - 2006. №6. - С. 4-7.

**Есимов К.Д., Утянов А.М.**

#### **ИММУНОМОДУЛЯТОР ПОЛИОКСИДОНИЙДІҢ БРОНХОПНЕВМОНИЯМЕН АУЫРҒАН БҰЗАУЛАРДЫҢ ГУМОРАЛЬДЫҚ ИММУНИТЕТІНЕ ӘСЕРІ**

Мақалада иммуномодулятор полиоксидонийдің бронхопневмониямен ауырған бұзаулардың гуморальдық иммунитетіне әсерін зерттеу жайлы деректер келтірілген. Кешенді ем құрамына енгізілген полиоксидонийдің иммуноглобулиндердің және қанның лизоцимдік баактерицидтік, комплементарлық белсенділігін көтеретіндігі анықталған.

**Кілт сөздер:** бронхопневмония, полиоксидоний, эритроциттер, гемоглобин, лейкоциттер, иммуноглобулиндер, қанның лизоцимдік, бактерицидтік, комплементарлық белсенділіктері.

**Yesimov K., Utyanov A.**

*Kazakh national agrarian university*

## IMPACT ON IMMUNOMODULATOR POLYOXIDONIUM HUMORAL IMMUNITY OF CALVES FOR BRONCHOPNEUMONIA .

This paper presents the results of studying the effect of immunomodulator polyoxidonium on some indicators of humoral immunity in calves suffering from bronchopneumonia. It was established that polyoxidonium has a strong immunomodulatory effect. Under its influence in calves suffering from bronchopneumonia at the end of the treatment is an increase in the level of immunoglobulins, lysozyme, bactericidal and complementary activities of blood.

**Keywords:** bronhopnemoniya, polyoxidonium, leukocytes, erythrocytes, hemoglobin, immunoglobulins, lysozyme activity, bactericidal activity.

**ӘОЖ 619:614.31.**

**Кенчинбаева М.Ж., Мырзабеков Ж.Б.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

## ЖЕЛІНДІ САНИТАРИЯЛЫҚ ӨНДЕУДІ СҮТ САПАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

### **Аңдатпа**

Мақалада сиыр желінін санитариялық өңдеудің сүт сапасына тигізетін әсері және желінді заманауи препараттармен өңдеудің тиімділігі салыстырмалы түрде бағаланған. Сүттің микробпен ластануын азайтуда желінді өңдеудің тиімділігі анықталған.

**Кілт сөздер:** желін, санитариялық өңдеу, микробпен ластану, соматикалық торшалар.

### **Кіріспе**

Соңғы кездері сиыр желінін санитариялық өңдеуге аса көп бөлінуде. Санитарлық өңдеу арқылы сүттің микробпен ластануын азайтып, сүттің сапасын жоғарлатуға болады [1,2].

Желінді өңдеудің екі тәсілі қолданылады: шелектің көмегімен және қысыммен берілетін жылы судың көмегімен. Желінді шелекпен жуып тазалаудың тиімділігі төмен, себебі бұл әдісте желіннің беткейі зардапты микроорганизмдерден толық жойылмайды, ал олар өз кезегінде желіннің ішкі бетіне өтуіне кедергі болмайды. Карликова, Г (2005) зерттеуіне сүйенсек, шелекпен жуу тәсілінде 10-шы желінді жуғаннан кейін судағы микроорганизмдер саны сиырдан кейін 38000 есе өседі. Ал басқа зерттеулердің нәтижесінде 9-шы желінді жуғаннан кейінгі судың 1 мл 980000 бактерия анықталған, ал сүттегі микроорганизмдер саны 8 есе ұлғайған [4,5].

Қазіргі таңда желінді санитариялық өңдеу үшін біршама дезинфекциялық заттар ұсынылуда. Оларға бірхлорлы йод, денница, кенопур, весан және т.б [6,7].

Жұмыстың мақсаты сүттің микробиологиялық ластануын азайту арқылы өндірілетін сүттің қауіпсіздігін арттыру үшін сиыр желінін санитариялық өңдеу мақсатында жуғыш және жуғыш-дезинфекциялағыш заттарды қолдану.

Зерттеу материалдары мен әдістемелері Зерттеу жүргізу барысында сауын сиырлардың сүт өнімділігі, өндірілген сүттің микробиологиялық ластану деңгейі және құрамындағы соматикалық торшалар саны анықталды.

### Зерттеу нәтижелері және талдау

Желінді санитариялық өңдеудің сүт сапасына әсерін анықтау жаз және күз айларында «Алипов» ШҚ жүргізілді. Зерттеу мақсатында сауар алдында желінді жуып тазалау үшін Violit (Виолит), ал сауыннан кейін KlioVit (Клиовит) жуғыш және жуғыш-дезинфекциялағыш заттары қолданылды.

Violit – арнайы концентрациясы жоғары жуғыш зат, желінді сауынға дайындау мақсатында қолданылады, теріні жұмсартады және тітіркендірмейді [8].

KlioVit – желінді сауыннан кейін жуып тазалауға арналған пленка түзетін ертінді. Желінді сыртқы орта факторларынан, желінсау ауруының алуда тиімділігі жоғары [9].

Шаруашылықта 3-4 жастағы сиырларды 2 топқа 40 бастан бөлдік (1 – тәжірбие, 2 – бақылау). Сиырларды күтіп-бағу және азықтандыру жүйесі бірдей болды.

Бірінші топтағы сиырлардың желінін келесі тәртіпте тазаладық: желінді жылы суда сығылған жеке орамалмен сүрттік; 0,5%-ды Violit ертіндісімен жуып жеке орамалмен сүрттік. Өңдеу аяқталғаннан кейін KlioVit ертіндісіне желін үрпілерін арнайы ыдыстың көмегімен батырдық. Сауын аяқталғаннан кейінде дайын ертіндіге үрпілерді батырдық. Бұл кезде үрпілердің беткейінде пленка түзіледі. Түзілген пленканы келесі сауынға дейін қалдырдық. Сауын алдында ертінділерді жылы сумен жуып тазарттық.

Зерттеудің басында 14 тәулік бойы бақылау және тәжірбие тобындағы сиыр желінін жылы сумен жуып, ал залалсыздандыру арнайы препараттар қолданылған жоқ. Зерттеу нәтижелері 1 кестеде келтірілген.

Өндірілген сүтте ингибирлейтін заттар мен зардапты микроорганизмдер анықталған жоқ. 1-ші және 2-ші топтағы сиыр сүттерінің микробиологиялық ластануы  $3,8 \times 10^6$  КТБ/см<sup>3</sup> құрады. Бұл екінші сортты сүттің көрсеткіші болып табылады. Сүттің құрамындағы соматикалық торшалар саны жоғары сорт сүтіне сай болды (1 см<sup>3</sup> сүтте  $4 \times 10^5$  құрады).

Яғни, зерттеудің басында желінді арнайы ертінділермен жумас бұрын тәжірбие және бақылау тобының сиыр сүті құрамындағы соматикалық торшалар саны, ингибирлеуші заттар және патогенді микроорганизмдер мөлшері бойынша жоғары сортқа жатқызылды. Бірақ, микробиологиялық ластануы жоғары болғандықтан, сүт КМАФАНМ бойынша екінші сортқа жатқызылды.

Сондықтан сүттің құрамындағы микроорганизмдер санын азайту үшін желінді жуып тазалау жұмыстарын жүргіздік.

Кесте - 1. Желінді санитариялық өңдеу нәтижесінің сүт сапасына әсері

№	Көрсеткіштер	Бастапқы кезең	Бақылау тобы	Тәжірбие тобы
1	КМАФАНМ, КТБ/см <sup>3</sup>	$3,8 \times 10^6$	$3,9 \times 10^6$	$3,6 \times 10^6$
2	Соматикалық торшалар, мың/см <sup>3</sup>	$4 \times 10^5$	$3,7 \times 10^5$	$3 \times 10^5$

Негізгі кезеңде 21 тәулік бойы тәжірбие тобындағы сиырлардың желінін Violit, ал сауыннан кейін KlioVit жуып тазаладық. Бақылау тобында бұл мақсатта тек жылы суды қолдандық. Тәжірбие тобындағы сиыр сүтінің микробиологиялық ластануы алғашқы кезеңмен қарағанда шамалы азайды:  $3,8 \times 10^6$  КТБ/см<sup>3</sup> ден  $3,6 \times 10^6$  КТБ/см<sup>3</sup>.

Ал бақылау тобындағы сиыр сүтінің микробпен ластануы алғашқы дайындық кезеңімен салыстырғанда КМАФАНМ жоғарлағаны анықталды -  $3,8 \times 10^6$  КТБ/см<sup>3</sup> ден  $3,9 \times 10^6$  КТБ/см<sup>3</sup>.

Бұл екі топтың сүттері де сорттылығы бойынша екінші топқа жатқызылды.

Соматикалық торшалар мөлшері бойынша тәжірбие тобының сиыр сүттерінде бақылау тобымен салыстырғанда 3,3 есе төмендеп 1 см<sup>3</sup>  $3 \times 10^5$  құрады.

Яғни, желінді өңдеу арқылы соматикалық торшалар саны аз сүт алуға мүмкіншілік туғызды, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш екінші сортқа сай болды.



Сүт өндірумен айланысатын шаруашылықтарда екінші сорттағы сүт өндіру нарыққа сай бәсекеге тұрақсыз болып шаруашылықты ары край дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан аралық кезеңнен кейін Violit және Kliovit препараттарымен желінді жуып тазалау жұмыстары күз мезгілінде зерттеу жұмыстары жалғастырылды (21 тәулік). Бұл кезде сүт сапасын 10-шы және 21-ші тәулікте жүргізілді. Өңдеуден кейін 10-шы тәулікте тәжірбие тобындағы сиырлардың 1 мл сүтіндегі КМАФАнМ мөлшері  $9,2 \times 10^4$  КТБ құрады. Ал бақылау тобындағы бұл көрсеткіш  $2,8 \times 10^5$  КТБ/см<sup>3</sup>. Яғни желінді арнайы препараттармен жуып тазалау арқылы жоғары сортты сүт өндіруге мүмкіншілік туды. Айта кететін жайт, бақылау тобындағы сиыр сүті микробиологиялық көрсеткіші бойынша бірінші сортқа тән болды. Сүттегі соматикалық торшалар саны азайып 1 см<sup>3</sup>  $2 \times 10^5$  құрады.

Зерттеу соңында тәжірбие тобындағы сиырлардың сүтінің құрамындағы микроорганизмдер саны  $4 \times 10^5$  КОЕ/см<sup>3</sup> азайды, яғни бұл көрсеткіш бақылау тобымен салыстырғанда 4,5 есе аз болды.

Сондықтан, желінді сауынға дейін Violit, ал сауыннан кейін Kliovit препаратымен жуып тазалау арқылы микробиологиялық көрсеткіші бойынша бірінші сортты сүт, ал соматикалық торшалар бойынша евростандартқа сай өндіруге болады.

### **Қортынды**

«Алипов» ШҚ өндірілетін сүт құрамындағы соматикалық торшалар саны, ингибирлеуші заттар және зардапты микроорганизмдердің құрамы бойынша жоғары сортқа сай. Бірақ, сүттің микробпен ластану еңгейі жоғары болғандықтан оны жоғары сортпен өткізуге мүмкіншілік жоқ. Сиырлардың желінін сауынға дейін Violit, ал сауын аяқталған-нан кейін Kliovit препаратымен жуып тазалау сүттің құрамындағы КМАФАнМ 4,5 есе азайтып  $4 \times 10^5$  КТБ/см<sup>3</sup> құрады.

Аталаған препараттарды желінді санитариялық өңдеуде қолдану микробиологиялық көрсеткіші бойынша бірінші сортты, ал соматикалық торшалар саны бойынша евростандартқа сай сүт өндіруге мүмкіншілік тудырды.

### **Әдебиеттер**

1. Дойтц А., Обритхауз В. Здоровье вымени и качество молока. Киев :АграрМедиенУкраина, 2010. 174 с.
2. Зимченко Е.И., Панин А.Н. Практические аспекты применения пробиотиков. Ветеринарный консультант. 2003. № 3. С. 12-14.
3. Карликова Г. Качество молока - решающий фактор. Молочное и мясное скотоводство. 2005. №7. С. 2-5.
4. Карпова Н. Растворы для дезинфекции от "ДеЛаваль". Животноводство России. 2007. № 4. С. 48.
5. Климов Н.Т., Першин С.С. Современный взгляд на проблему мастита у коров // Материалы Междунар. научно-практической конф. Воронеж. 2012. С. 237-242.
6. Колчина, А.Ф. Ветеринарные аспекты снижения соматических клеток в молоке коров. Аграрный вестник Урала. 2008. № 11 (53). С. 40-41.
7. Колчина А.Ф., Елесин А.В., Баркова А.С., Хонина Т.Г. Болезни сосков молочной железы коров как фактор риска развития мастита: Монография. Екатеринбург: УрГСХА, 2010. 152 с.
8. Инструкция по применению моющего раствора для санитарной обработки вымени коров Violit. М., 2012.
9. Инструкция по применению моющего раствора для санитарной обработки вымени коров Kliovit. М., 2014

## Резюме

В статье приведены данные проведенных исследований по применению моюще-дезинфицирующих средств, применяемых для санитарной обработки вымени и их влияние на санитарное качество производимого молока.

## Summary

The article presents the data of the research on the use of washing and disinfectants used for the sanitization of the udder and its impact on the sanitary quality of milk produced.

ӘОЖ 619+576.1 (574)

**Орынбасарова Ж.А., Абдыбекова А.М., Шабдарбаева Г.С.**

*Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС  
Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

## ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ ЭНДОПАРАЗИТТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы Жамбыл ауданындағы жылқы шаруашылығындағы жылқы гельминттерінің түр құрамдарының анықтау нәтижелері берілді. Копроовоскопиялық нәжісті зерттеу және толық емес гельминтологиялық сойып-зерттеу нәтижесінде жылқының асқазан-ішек жолдарында *Strongylata* genus sp., *Anoplocephala perfoliata* және *Parascaris equorum* және асқазан-ішек жолдарында балаң құрт *Gastrophilidae* туысы - *Gastrophilus haemorrhoidalis* және *Gastrophilus intestinalis* анықталды.

**Кілт сөздер:** Эндопаразиттер, гельминт, балаң құрт, флотация, копрологиялық әдіс.

### Кіріспе

Жылқы малының қазақ халқына қатысты маңызы мен алатын орны баршамызға мәлім. Кез-келген дәуірдің тұсында жылқы «мінсе-көлік, жесе-азық» ғана емес, сонымен бірге жорықта болсын, жолда болсын шалғай мен жақынның уақытын қысқартқан мал түлігі. Қазіргі таңда жылқы шаруашылығын тежеп отырған себептердің бірі жылқы арасында кеңінен етек жайған паразитарлық ауруларды атауға болады. Көптеген паразитарлық аурулар малдың өсіп-жетілуін тежеп, өлімге ұшыратып, шаруашылыққа ауқымды экономикалық зиян келтіреді. Осындай аурулардың бірі - стронгилятоз.

Стронгилятоз ауруын малдың тоқ ішегінде мекендейтін *Strongylidae* (стронгилиделер) және *Trichonematidae* (трихонематиделер) тұқымдастарына жататын нематодалар тудырады. Бұл дерт жылқы шаруашылықтарына көптеген экономикалық зиян келтіреді. Төлдің өсіп жетілуін тежейді, жем-шөп мал бойына сіңбей, азып арықтайды, көлік малының жұмыс қабілеті төмендейді, ауру асқынған жағдайда мал өлімге ұшырайды [1]. Академик К.И.Скрябин 1912 жылы алғаш рет жылқылардағы гельминттерді анықтады [2]. Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда жылқылар арасында стронгилятоздар (12-100%), параскаридоздар (93,3% дейін), оксиуроз және гастрофилез (1-100%) кең таралған, оларда инвазия интенсивтілігі әртүрлі [3]. Қазақстан ғалымдарының жайылым жылқылары арасында параскаридоз, стронгилятоздар мен трихонематидоздардың аралас инвазия түрінде тіркеліп паразиттер фаунасы құлын, жабағы мен тайларда олар әр түрлерден құралатындығын келтіреді [4].

### Зерттеу материалдары мен әдістемелері

Зерттеу материалдары Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы жылқы шаруа қожалығынан 55 жылқы басынан зерттеу сынамалары жиналды. Зерттеу жұмыстары «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС паразитология зертханасында жүргізілді.

Стронгилятоздардың түрлерін анықтап, бір-бірінен ажыратқанда В.Ф.Капустин және т.б. авторлардың кестелерін пайдаландық.

Зерттеу жұмыстары Дарлинг, Г.А.Котельников және В.М.Хренов әдістері бойынша жүргізілді. Дарлинг әдісі (седиментациялық-флотациялық әдісі): фарфор ыдысына 5 г нәжісті 15-20 мл су қосып езіп, сұйықтықты сүзгішпен центрифугалық пробиркаға сүзіп, 1500 айн/мин центрифугада 3-5 минут айналдырдық. Содан кейін, сұйықтықтың беткі жағын төгіп, түбіндегі тұнбаға Дарлинг сұйықтығын (тең мөлшерде глицерин және ас тұзының қаныққан ерітіндісі) қосып, шыны таяқшамен жақсылап араластырып, қайтадан центрифугамен айналдырдық. Заттық шыныға 8 мм диаметрлі ілмекпен сұйықтықтың беткі қабатынан 4-5 тамшы алып, жабқыш әйнекпен жауып, микроскоптан қарадық (10-40x10) [5].



Г.А.Котельников және В.М.Хренов әдісі: Фюллеборн қағидасы бойынша гельминттерді диагностикалау үшін натрий тиосульфат ( $\text{Na}_2\text{S}_2\text{O}_3 \cdot \text{H}_2\text{O}$ ) ерітіндісін қолдандық. Сол үшін 5-10 г нәжісті шыны ыдыста 20 мл натрий тиосульфат ерітіндісін аз-аздан араластыра отырып қостық. Темір сүзгішпен сұйықтықты сүзіп алып, 40-60 мин тұндырдық. Осы уақыт аралығында жұмыртқалар сұйықтық бетіне шықты. Сұйықтың беткейінен заттық шыныға 3-4 тамшы алып, жапқыш әйнекпен жауып микроскоппен қарадық [5].

### Зерттеу нәтижелері және талдау

Копрологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жылқы шаруашылығынан 55 зерттелген нәжіс сынамасының 55-де (100%) *Strongylata genus species* анықталды. Инвазия интенсивтілігі жоғары, микроскоптың 1 көру алаңында 1-44 жұмыртқа. Зерттелген нәжіс сынамалардың 6-да (10,9%) *Parascaris equorum* жұмыртқалары анықталды. Инвазия интенсивтілігі төмен, микроскоптың 1 көру алаңында 1-6 жұмыртқа анықталды (1кесте және 1сурет).

Кесте 1. Копрологиялық зерттеу нәтижесінде Жылқы шаруашылығында анықталған гельминт түрлері

№	Анықталған гельминт түрі	Инвазия экстенсивтілігі (ИЭ), %	Инвазия интенсивтілігі (ИИ), дана
1	<i>Strongylata genus sp.</i>	100,0	1-44
2	<i>Parascaris equorum</i>	10,9	1-6



1 сурет - *Parascaris equorum* және *Strongylata genus sp.* гельминттердің жұмыртқалары Алматы облысы Жамбыл ауданында мал сою цехында 2 жылқы сойылды.

Толық емес гельминтологиялық сойып-зерттеу нәтижесінде жылқының асқазан-ішек жолдарында, яғни тоқ ішектен және тік ішектен стронгиляттар (*Strongylata* genus sp.), анопцефалыта (*Anoplocephala perfoliata*) және параскаридалар (*Parascaris equorum*) гельминттері табылды. Және асқазанда балаң құрт *Gastrophilidae* туысы - *Gastrophilus haemorrhoidalis* және *Gastrophilus intestinalis* паразиттері табылды. Толық емес гельминтологиялық сойып-зерттеу нәтижелері 2 кестеде және 2 суретте келтірілген.

Кесте 2. Толық емес гельминтологиялық сойып-зерттеу нәтижелері

№	Табылған паразиттердің түрлері	Орналасқан орны	ИИ, дана
1	<i>Parascaris equorum</i>	Ащы ішек	30
2	<i>Anoplocephala perfoliata</i>	Қарта	1
3	<i>Gastrophilus haemorrhoidalis</i>	Таз қарын	90
4	<i>Gastrophilus intestinalis</i>	Қарын	30



2 сурет - Толық емес гельминтологиялық сойып-зерттеу кезінде табылған паразиттер (*Parascaris equorum*, *Gastrophilus haemorrhoidalis* және *Gastrophilus intestinalis*)

### Қорытынды

Копрологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Жылқы шаруашылығында зерттелген сынамалардан 2 гельминт түрі *Strongylata* genus sp. және *Parascaris equorum* анықталды.

Гельминтологиялық сойып зерттеу нәтижесінде 2 гельминт түрі *Parascaris equorum*, *Anoplocephala perfoliata* және 2 паразит - бөгелек балаңқұрттары *Gastrophilus haemorrhoidalis* пен *Gastrophilus intestinalis* анықталды.

Бұл паразиттер малдың өсіп-жетілуін тежеп, өлімге ұшыратып, шаруашылыққа ауқымды экономикалық зиян келтіреді. Төлдің өсіп жетілуін тежейді, жем-шөп мал бойына сіңбей, азып арықтайды, ауру асқынған жағдайда мал өлімге ұшырайды.

Бұл ішқұрт ауруларының алдын алу үшін аталған жылқы шаруашылығына жылына екі рет көктемде және күзде дегельминтизация шараларын ұсынамыз.

### Әдебиеттер

1. Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары //Оқулық. -Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 480 бет.
2. Боев С.Н., Соколова И.Б., Панин В.Я. Гельминты копытных животных Казахстана. -Алма-Ата, 1962. - Том I, Из-во АН КазССР. - 373 с.
3. Кадыров Н.Т., Аубакиров С.А. К экологии зародышевых форм стронгилят в условиях Центрального Казахстана //Известия АН КазССР. Серия биол. - Алматы, 1991. - №9. - С.57-60.
4. Кадыров Н.Т., Аубакиров С.А. Оздоровление лошадей от стронгилятозов //Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - Алматы, 1981. - №6. - С. 66-68.
5. Демидов Н.В. Гельминтозы животных //Справочник. - М.Агропромиздат, 1987. - 335 с.

**Орынбасарова Ж.А., Абдыбекова А.М., Шабдарбаева Г.С.**

### ЭНДОПАРАЗИТЫ ЛОШАДЕЙ

В данной статье приводятся результаты исследований по определению у лошадей в коневодческом хозяйстве Жамбылского района Алматинской области видового состава паразитов. В результате копроовоскопических исследований фекалий и неполного гельминтологического вскрытия желудочно-кишечного тракта у лошадей обнаружены гельминты: *Strongylata genus sp.*, *Anoplocephala perfoliata* и *Parascaris equorum* и личинки желудочно-кишечных оводов семейства *Gastrophilidae* - *Gastrophilus haemorrhoidalis* и *Gastrophilus intestinalis*.

**Ключевые слова:** Эндопаразиты, гельминты, личинки, флотация, копрологический метод.

**Orynbasarova J.A., Abdybekova A.M., Shabdarbayeva G.S.**

### ENDOPARASITES of HORSES\*

In this article the results of the research on horses on the horse farm Almaty region, Zhambul district are represented to identify the composition of parasite species. As a result of Coproovoskopical research on fecal pellet and Incomplete herminthologic revelation of stomach-intestinal gadflies *Strongylata genus sp.*, *Anoplocephala perfoliata* and *Parascaris equorum* were family of *Gastrophilidae* - *Gastrophilus haemorrhoidalis* and *Gastrophilus intestinalis*.

**Key words:** Endoparasites, helminth, larvae, flotation, coprological methods.

Тулєпова Г.Қ., Шабдарбаева Г.С., Турганбаева Г.Е., Асылханов Д.У.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

## ЕТҚОРЕКТИЛЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚАНСОРҒЫШ ИКСОДИД КЕНЕЛЕРІНІҢ ТАРАЛУЫ

### Аңдатпа

Мақалада етқоректілерде кездесетін қансорғыш иксодид кенелерінің *D.marginatus*, *D.pictus* туыс кенелерінің таралуы және олардың қан паразиттерімен зарарлануы анықталды.

**Кілт сөздер:** иксодид кенелері, балаң кене, нимфа, имаго, қан паразиттері, гемолимфа.

### Кіріспе

Ixodidae - әлемдік фаунада медицина мен ветеринарияда маңызы жоғары паразиттік тіршілік ететін буынаяқтыларға жататын топ. Олар кең таралуымен, көп түрлілігімен және үй жануарлары мен дала жануарларында паразиттік тіршілік етуімен ерекшеленеді. *Ixodes* туысының Қазақстанда 23 түрі тіркелген [1].

Соңғы уақытта кенелер тудыратын аурулар жануарлар арасында және адамдар арасында да кең етек алып келеді. Қазақстан территориясында кенелердің экологиялық жағдайын зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың бірінші жартысында жүргізілген. Бірақ жарияланған мәліметтерде Қазақстан территориясының барлық аймақтары қамтылмайды және олар үзінді түрінде берілген [2].

Осы топқа жататын кенелер негізінен дала, шөлейт зоналарында таралған. Ересек формалары ірі сүтқоректілерде, ал жас дарақтары жабайы жануарларда, құстарда, кемірушілерде сондай-ақ ірі қара малдарда паразиттік жолмен қоректенеді [3].

Кенелер қоздырушыларды ауру жануар қанымен қоректенген кезде жұқтырады, содан кейін организмде ұзақ мерзім сақталып, трансфазалы және трансвариалды беріледі. Ең негізгі таратушы *Dermacentor* түрі маңызды рөл атқарады. *Dermacentor* туысының Қазақстанда 7 түрі таралған. Олардың ішінде *D. marginatus*, *D. pictus* түрлері кенелері кең тараған [4]. *Dermacentor* туысына жататын кенелердің тұмсығы қысқа, түбі төрт бұрышты, жотасында, екінші аяқ тұсында көздері бар. Денесінің үстіңгі жағы қоңыр түсті болғанымен күміс реңді. Сондықтан бұл кенелерді басқаларыдан тез айыруға болады. Ересек сатылары ірі қара малда, итте, мысықта, қоян және кеміргіштерде кездеседі. Ересек кенелердің маусымдық тоғышарлық тіршілік етуі күз, қыс, көктем кезеңдерінде екі шыңында айқын көрінеді: Көктемде – (сәуір-мамыр) және күз (тамыз-қазан). Жазда – ересек сатыларының белсенділігі кенеттен төмендейді, керсінше жас сатыларының белсенділігі өседі. *D. marginatus*, *D. pictus* кенелері үш иелі [5].

Иксодид кенелер ауылшаруашылық жануарлардың қан паразит ауруларын таратушылар сияқты үлкен экономикалық шығын келтіреді. *D. marginatus* кенесі (жылқы пироплазмидозы, ірі қара анаплазмозы, қой анаплазмозы және тейлериозы, кеміргіштер тулеремия) ауруларын, ал *D.pictus* кенелері (ит пироплазмозы *Piroplasma canis*, ірі қара анаплазмозы, жылқы энцефалиті, омбы геморрагиялық қызбасы вирусын) тасымалдайды [6].

Пироплазмоз, иттерде қарапайымдылар *Piroplasma canis* тудыратын бірден-бір кең тараған инвазиялық ауру, бұл ауруға жеке кәсіптік иттер, жанат тәрізді иттер, түлкі, қасқырлар сезімтал келеді және жануарлар қожалығында едәуір экономикалық шығын келтіреді. Аурудың негізгі көзі болып ауырған иттер және трансвариалды айналымда тасымалдаушы кенелер және де жалғаспалы диapaузада инвазияланған кенелердің фазасы болып табылады [7].

Жұмысымыздың мақсаты – етқоректілерде кездесетін иксодид кенелерінің түрлік құрамы мен кенелердің қан паразиттеріне зарарлануын анықтау.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Етқоректілердің денесінен жиналған кенелерді арнайы журналға тіркеп отырдық. Жиналған кенелерді санап, нәтижесін журналға тіркеп отырып, шыны түтікшеге салып отырдық. Иксодид кенелерінің түрлері мен сандық динамикасын анықтау үшін ветеринариялық клиникалардан, шаруашылықтардан, елді мекендерден кенелерді тіркеп отырдық. Арнайы құрылған кесте мен жыл бойы жоспар бойынша кенелерді (ересек кене, балаң кене, нимфа) жинап отырдық. Бұл үшін әр түрден 10 итті іріктеп алып және иттерді күні бойы кенелерге зерттедік. Иттерге аз кене жабысса кенелерді жинап алып, бүкіл денесіндегі кенелерді санадық көрсеткішін шығардық, егерде кене көп жабысса, онда дененің жарты бөлігін ғана тексердік, ал есептік көрсеткішін екі еселедік (1,2-ші сурет).



1-сурет.



2-сурет.

### **Ит денесінен жинап алынған иксодид кенелері**

Жиналған кенелер жолдама хат пен хаттама толтырылып зертханаға жеткізілді. Кенелерді жеткізу кезінде температурасын бақылап отыру қажет. Температураның ауытқуы (мысалы, 4°C -тан 20°C дейін) кенелердің қырылуына әкеп соғады. Зерттелетін жануарлардан кенелердің санын есептеп, бір жануарға келетін кенелердің орташа санын анықтадық.

Зертханада етқоректілерден жиналған кенелерді пробиркаларға салып, марлылы тығынмен бетін жаптық. Пробиркаларға 1/3 қатынасында мақталы тампонмен ылғалдандырып тұрдық. Зертханалық жағдайда жиналған кенелердің түрін және тұқымдасын Б.И. Померанцевтің, Г.В. Сердюкованың, Н.А. Филипповтың ұсынған әдістері бойынша анықтадық. Микроскоптың кіші үлкейткіші арқылы зерттеп, түр құрамын морфологиялық белгілері арқылы ажыраттық.

Кенелерді қан паразиттеріне зерттеу үшін кенелерді анатомиялық пинцетпен бүйірінен кесеміз де, іш құрылысын бөліп алдық. Кенелердің сілекей бездері мен гемолимфасынан жағынды алып, кептіріп, 96<sup>0</sup> спиртпен бекітіп, Романовский Гимза әдісімен боядық. Сонымен қатар біз кенелерді Цапрун әдісі бойынша сойып зерттеп, гемолимфтан және сілекейден жағынды дайындап Романовский-Гимза әдісімен бояп, иммерсионды микроскоп бойынша бақыладық.

Балашов Ю.С., (1987) ұсынған әдіс бойынша тойынған кенелерді қан паразиттеріне зерттеу үшін етқоректілердің денесінен жиналған кенелерді 37<sup>0</sup>С температурада термостатта өсіріп, жұмыртқаларынан жағынды жасап, микроскопияладық.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Етқоректілерден 129 иксодид кенелері жиналды. Кенелердің түрлік құрамын анықтау кезінде иксодид кенелердің келесі түрлері анықталды: *Dermacentor marginatus* және *Dermacentor pictus* (Кесте-1).

Кесте -1. Етқоректілердің иксодид кенелерінің түрлік құрамы

Кенелердің түрлері	<i>Dermacentor marginatus</i>	%	<i>Dermacentor pictus</i>	%
Аналығы	31	43,0	26	45,6
Аталығы	20	27,7	15	26,3
Нимфа	9	13,3	7	12,4
Балаң кене	12	16,0	9	15,7
Жалпы саны	72	100	57	100
Барлығы	72+57=129			

Сонымен 1-кестеде көрсетілгендей, зерттеу барысында етқоректілерден жиналған иксодид кенелердің ішінде *D.marginatus* пен *D.pictus* түр кенелерінің таралуы анықталды. *D.marginatus* түр кенесі: Жиналған аталығының саны 20 дананы (27,7%); аналығының саны 31 дананы (43,0%); нимфасының саны 9 дананы (13,3%); балаң кенесінің саны 12 дананы (16,0%) құрады.

*D.pictus* түр кенесі: жиналған аталығының саны 15 дананы (26,3%); аналығының саны 26 дананы (45,6%); нимфасының саны 7 дананы (12,4%); балаң кенесінің саны 9 дананы (15,7%) құрады.

Зерттеу барысында етқоректілерде *D.marginatus* түр кенесінің көп таралғаны анықталды. Кенелердің қан паразиттерімен зарарлануын Балашов Ю.С., Цапрун әдісі бойынша сойып зерттеп, гемолимфасынан және сілекей бездерінен жағынды дайындап Романовский-Гимза әдісімен бояп одан *Piroplasma canis* қоздырғыштары табылды.

Кенелердің қан паразиттерімен зарарлануын зерттеу барысында *D. marginatus* түр кенесінен 72 дана кенелер мен *D. pictus* 57 дана кенелер жиналды. Қан паразиттеріне зерттеу үшін барлығы 72 препарат дайындалды, солардың ішінде 36 кенелердің гемолимфынан, 36 сілекей бездерінен дайындалды (Кесте -2).

Кесте -2. Кенелердің қан тоғышарларымен жұқтыруын зерттеу нәтижелері

Кенер түрі	Зерттелген:					
	Гемолимфа			Сілекей безі		
	зерт.	жұқт.	%	зерт.	жұқт.	%
<i>Dermacentor marginatus</i>	36	16	44,5	36	15	40,0
<i>Dermacentor pictus</i>	36	20	55,5	36	21	60,0
Барлығы:	72	36	100	72	36	100

Сонымен, 2-кестеде көрсетілгендей қан тоғышарлары жағындысы, *D. marginatus* кенесінің гемолимфасынан дайындалған жағынды 44,5 % құрап, *D. pictus* гемолимфы 55,5 % құрады. *D. marginatus* түр кенесінің сілекей бездерін зерттеу барысында зарарланғаны 40,0% құрады, ал *D. pictus* түр кенесінің сілекей бездерінің қан тоғышарларымен зарарлануы 60,0% құрады.

### Қорытынды

Зерттеу барысында етқоректілерде *D.marginatus* түр кенесінің көп таралғаны анықталды, ал *D. pictus* түр кенесі аз таралғаны анықталды. Қан паразиттерімен



зарарлануын зерттеу барысында *D. pictus* түр кенесінде қан тоғышарлары сілекей бездері мен гемолимфада көп анықталды. *D. marginatus* кененің гемолимфасынан дайындалған жағынды 44,5 % құрап, *D. pictus* гемолимфасында 55,5 % құрады. *D. marginatus* түр кенесінің сілекей бездерін зерттеу барысында зарарланғаны 40,0% құрады, ал *D. pictus* түр кенесінің сілекей бездерінің қан тоғышарларымен зарарлануы 60,0% құрады.

Кенелерді жалпы әдіс бойынша жинап алынды. Кенелердің таралу динамикасын анықтау үшін «сүйреткі» әдісін бояп одан *Piroplasma canis* коздырғыштары табылды.

Біз кенелердің қан тоғышарларымен жұқтыруын зерттеуде Балашов Ю.С., Цапрун әдісі бойынша сойып зерттеп, гемолимфасынан және сілекей бездерінен жағынды жасап, оны Романовский-Гимза әдісімен бояп қолданылды.

### Әдебиеттер

1. Балашов Ю. С. Иксодовые клещи-паразиты и переносчики инфекций // Санкт-Петербург, Наука, 1998. стр. 286-289.
2. Майканов Н.С., Оспанов Б.К., Хамзин Т.Х., Шамарова Г.М., Кусаинов Б.Н., Карибаева Г.К., Иксодофауна природноочаговой территории Атырауской и Западно-Казахстанской областей.// Эрдэм шинжилгээний бүтээл. Scientific journal. National center for infectious diseases with natural foci. Уланбатар, 2008. С.186-190.
3. Бердикулов М.А., Жанбырбаев М.Ж., Сулейменов М.Ж. Эпизоотология иксодовых клещей в Южно-Казахстанской области.//Сб. Современные меры борьбы с инфекционными и инвазионными болезнями с/х животных в Казахстане. Алматы, 2003. С. 36-39.
4. Исимбеков Ж.М. Арахноэнтомология, монография. Павлодар. -2007. –С.17-23.
5. Сабаншиев М.С., Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Алматы, «Дәуір» 2011. –146 б.
6. Подборонов В.М. Возбудители болезней человека, животных и клещи. // М., 2004.75-77с
7. Искаков М.М. Ветеринарная протозоология: учебное пособие. –Семипалатинск, 2006. С. 88-97.

**Тулєпова Г.К., Шабдарбаева Г.С., Турганбаева Г.Е., Асылханов Д.У.**

### РАСПРОСТРАНЕНИЕ КРОВОСОСУЩИХ ИКСОДОВЫХ КЛЕЩЕЙ У ПЛОТОЯДНЫХ

В данной статье представлены сведения об распространение кровососущих клещей вида *D. marginatus*, *D. pictus* у плотоядных и определена заражение паразитами крови.

**Ключевые слова:** иксодовые клещей, личинка, нимфа, имаго, паразиты крови, гемолимфа.

**Tulepova G.K., Shabdarbaeva G.S., Turganbayeva G.E., Asylxanov D.U.**

### THE SPREAD OF BLOOD-SUCKING IXODES TICKS IN CARNIVORES

This article provides information on the spread of the blood-sucking ixodid ticks species *D. marginatus*, *D. pictus* in carnivores and defined infestation ticks blood parasites.

**Key words:** Ixodes ticks, larva, nymph, adult, blood parasites, hemolymph.

Шамеева У.Г., Джанабекова Г.К., Жумагелдиев А.А.

*Қазақ Ұлттық аграрлық университеті*

## ТҮЙЕКҰС ЕТІНІҢ САНИТАРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### **Аңдатпа**

Мақалада түйекұсты сояр алдындағы ветеринарлық санитарлық қарап, тексеру және ұшасын ветеринарлық санитарлық сараптау жүргізіп, етінің сапасын, химиялық құрамын, энергетикалық құндылығы анықтау нәтижелері көрсетілген.

**Кілт сөздер:** Түйекұс еті, ұша, нәруыз, ылғал, энергетикалық құндылық, май, химиялық құрамы.

### **Кіріспе**

Еліміздің ауыл шаруашылығындағы басты салалардың бірі, кенже болса да, қалыптасып келе жатқан жаңа бағыт – түйекұс шаруашылығы. Елімізде жоғары тағамдық және биологиялық құндылыққа ие түйекұс өнімдерін өндіретін фермерлік және қосалқы шаруашылықтар құру және табиғи қорды молайту мақсатында түйекұс өсірудің тиімді жүйесін жасау қарастырылуда.

XIX ғасырдың 60 жылдарында оңтүстік Африкада түйекұстарды шаруашылықтарда пайдалану тенденциясы үй жануары ретінде үйрету жолы арқылы тіркелген. Қазір, олар әлемнің 50-ден аса елдерінде өсіріледі. Бұл құс жоғары +30+35<sup>0</sup>С және төменгі -20-25<sup>0</sup>С температураға төзімді болғандықтан, түйекұс шаруашылығы дүние жүзінде қарқынды дамып келе жатыр. АҚШ, Австралия және Еуропа мемлекеттерінде 1996 жылдан бастап тағамдық мақсаттарға арналған түйекұс өсіру өркендеп келеді.

Түйекұс етін шет мемлекеттерде тағам ретінде пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оларды етін ұшасымен немесе жартылай ұшасын жіліктеп өткізсе, сауда желілерінде жеке–дара бұлшықет бөліктеріне бөледі. Еттің сапалы және басым бөлігін артқы аяқ сандарынан, ал аса бағалы етті жамбас бөлігінен алады [1,2].

Әдеби мәліметтерде африкалық түйекұс еті құрамындағы холестерин мөлшері 73 мг/100 г жетуі мүмкін екендігі айтылса, түйекұс етінде бройлер және сиыр етіне қарағанда май мөлшерінің төмен екендігін (шикі етте 0,9%, ал пісірілген етте 14%) Хорбанчук сипаттаған [3,4]. Түйекұс етінің қуаттылығы 100 г салмаққа 103 ккал болса, күркетауықта бұл көрсеткіш 116 ккал, ал сиыр етінде 124 ккал болғандығы көрсетілген [4,5,6].

Елімізде бұл сала қолға алынса ет қорын толықтырудың бір жолы ашылар еді.

### **Материалдар мен әдістер**

Жұмыстар Қазақстанның Оңтүстік шығыс өңіріндегі ЖШС «Айқанат құстары» түйекұс шаруашылығында жүргізілді. Зерттеуге 12 және 36 айлық аталық және аналық 60 түйекұс алынды. «Сойыс малдарын сояр алдында қарап тексеру, ет және ет өнімдерін ветеринарлық санитарлық сараптау» ережесіне сәйкес құс етін ветеринариялық санитариялық сараптауға ұқсатып, түйекұстың анатомиялық және морфо–физиологиялық ерекшеліктері тексерілді. Термометрия электронды термометрмен жүргізілді, дене температурасы 38,1–38,9<sup>0</sup>С болды. Тыныс алу жиілігі минутына 40–60 рет. Тексеру басынан бастап, аяғына дейін кезекпен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, зертханалық зерттеулер Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының «өнім сапасы, қауіпсіздігі және ветеринариялық санитариялық сараптау» зертханасында ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылама қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы, яғни нәруыз, май, ылғал және күл мөлшері анықталды. Түйекұс етінің

ылғалдығы арнайы кептіру аспабында 105°C кептіру арқылы, еттегі нәруыз мөлшері – Къельдаль әдісімен, нәруызды азоттың мөлшері арқылы, ет құрамындағы май мөлшері – Сокслет әдісімен, ет құрамындағы күл мөлшері муфель пешінде сынаманы күйдіру арқылы анықталды.

Қуаттылық В.М. Александровтың есептеу формуласы арқылы шығарылды.

Бұл жұмыстар «Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов» әдістемелік ұсынысы бойынша жүргізілді (Москва 1998г).

### **Зерттеу нәтижелері мен талдау**

Қазақстанның Оңтүстік шығыс өңіріндегі ЖШС «Айқанат құстары» түйеқұс шаруашылығында 12 және 36 айлық аталық және аналық 60 түйеқұс тексерілді. Сояр алдындағы клиникалық тексеруге алынған түйеқұстардың қозғалысы, белсенділігі, сыртқы ортаға қызығушылығы жоғары. Басын жоғары қаратып, мойынын тік ұстайды, әрдайым жанжағына қарап тұрады, көзі және көзінің қарашығы жылтыраған, көз алмасы таза, қимылы нық, мойыны, қанаттары мен аяқтарының дамуы қалыпты, дене тұрқы дөңес, азғындаған-арықтаған белгілері байқалмайды, мамықтары жылтыр, қауырсынмен толық жабылған, көз және мұрын ақпаларында сұйықтықтардың бөлінуі көрінбейді, көзге көрінетін кілегейлі қабықтары ашық қызыл, тыныс алуы қалыптағыдай.

Түйеқұстың сою барысы қадағаланып, ұша мен ішкі ағзалары ветеринарлық–санитарлық сарапталды, ұша мен ішкі ағзалары қаралды. Еттің ылғалдылығын және тілік бетіне сүзгі қағазды салу арқылы қансыздану дәрежесі анықталды. Негізінен ұшалардың қансыздану дәрежелері жақсы, сүзгі қағаздағы дақ жоғарыламайды.

Буындарындағы сұйықтық мөлдір, теріасты майы байқалған жоқ.

Денесіндегі ұрылу, соғылудың немесе патологиялық өзгерістерге, содан соң ішкі ағзаларды сараптау жасалды. Түйеқұс терісі ақ немесе ақ–сұр түсті. Қанатының астынан қызыл түсті, қанға толы тамырлар анық көрінеді. Бас терісі мен мойнында сою барысында пайда болған, аздаған жарақаттар байқалды. Тұмсығының түсіне, құрғақтығына, қимылына мән берілді. Ауыз қуысында кілегейлі қабаттары мен тілі қаралды. Қасаң қабығы жағдайына назар аударылды. Өңеш пен кеңірдек кесіп қаралды. Бас және мойын терісін қарау кезінде, індетті немесе инвазиялық аурулардың бар жоқтығына назар аударылды. Ұшаны толық ақтарып, ішкі ағзалары: бауыр, аналық без, ас қорыту жүйелері, көкбауыр, жүрек, бүйрек, өкпе және ауа қапшығы тексерілді. Ішкі ағзаларда қанталау, қабыну үдерісі және басқа да жарақаттар кездескен жоқ. Жүректі тексергенде: перикардтың жағдайына, эпикардқа, кесінді жасап эндокардты, жүрек бұлшықеттері қаралды, миокард тығыз, қызыл түсті.

Түйеқұс бауыры – қоңыр немесе қара қошқыл түсті, консистенциясы нығыз, жиектері үшкірленген. Кескенде тілік бетінің суреттері анық көрінеді. Бұлшықетті және безді қарынның жиектерінде аздап қанталау бар.

Түйеқұс еті тез бұзылатын болғандықтан, сақтау және тасымалдау кезінде әртүрлі өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бұл өзгерістер ет құрамындағы зат алмасу үдерістеріне және ферменттер немесе микроорганизмдердің өмір сүру ұзақтығына байланысты болады. Салқындатылған немесе мұздатылған күйінде түйеқұс еті ұзақ сақталады. Сойғаннан кейін алынған түйеқұс еті түсі мен дәмі бойынша сиыр етіне ұқсас.

Еттің балаусалығын тексеру үшін аяқ бұлшықеттерінің төменгі жағынан 200 г, жоғарғы жағынан 150 г ет алынып, сезімдік зерттеулер жүргізілді. Ұша қызғылт түсті, еті кепкен, бұлшықеттерінің кесіндісі қоңыр–қызыл түсті, аздап ылғалданған, сүзгі қағазда дақ қалдырмайды. Ет серпімді, кесуге оңай, басып қарағанда пайда болған шұңқыр тез қалпына келеді. Балғын етке тән, өзіндік иісі бар, көкірек қуысындағы ағзалар құрғақ, жылтыр, ылғалсыз. Сіңірі серпімді, мықты, қалың, жылтыр, ашық ақшыл түсті, майы ақ түсті, сарғыш дақ бар, қайнату сынамасындағы сорпа мөлдір, иісі жағымды өзіне тән, дәмі сиыр етіне ұқсас.

Еттің балаусалығын анықтау барысында биохимиялық зерттеулер жүргізілді. Еттің дәмдену деңгейін, сапасын және тағамға, аспаздық өңдеуге жарамдылығын анықтайтын негізгі көрсеткіш, етте сутек иондарының шоғырлануы. Еттегі рН ондағы көмірсу мөлшеріне және бұлшық еттегі ферменттердің белсенділігіне байланысты. Біз зерттеген түйеқұс етінің қышқылды сілтілік ортасы, яғни рН көрсеткіші сойғаннан кейін 30 минуттан соң - 5,8 болды, 2 сағат өткеннен кейін - 5,9 болса, 4-6 сағат өткеннен соң - 6,2 көрсетсе, ал 24 сағат өткеннен соң - 6,4 болғандығы анықталды.

Сорпадағы нәруыздың алғашқы ыдырауынан пайда болған өнімдерді анықтау да, мыс иондарының нәруыздың алғашқы ыдырауынан пайда болатын өнімдерімен әсерлесіп, кешенді мыс сульфатының ( $Cu_2SO_4$ ) тұнбаға түсуіне негізделген. Бұзылған еттің сорпасында үлпек пайда болады немесе көгілдір-жасыл түсті тұнба шөгуі тиіс, ал тексерілген түйеқұс етінің сынамаларында тұнба байқалмады, түсі өзгермеді.

Еттің сіңімділігі мен қорытылуы, тағамдық құндылығы – еттің химиялық құрамына, яғни ет құрамындағы нәруыздың, ылғалдың, майдың және күлдің сапасы мен мөлшеріне байланысты болғандықтан, тексерілуге әкелінген сынамалардан түйеқұс етінің химиялық құрамы анықталды. 1-ші кестеде көрсетілгендей, тексерілген сынамалардағы нәруыз мөлшері түйеқұс етінде  $20,7 \pm 0,9$  г/100г болды.

Ет құрамындағы май көбінесе қанықпаған май қышқылдарынан құралады, қанықпаған май қышқылы денедегі холестериннің мөлшерін төмендетеді, сонымен қатар метаболизмдік және құрылымдық қызметтер атқарып, қуаттылығын арттырады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей түйеқұс етіндегі май мөлшері  $1,1 \pm 0,2$  г/100г.

Ылғал өнімнің тағамдық, тауарлық құндылығын, биохимиялық және микробиологиялық үдерістердің жүруіне әсер етеді. 1-кестеден көріп отырғанымыздай зерттеуге алынған түйеқұс етінің құрамындағы ылғал мөлшері  $76,6 \pm 1,7$  г/100г көрсетті.

Кесте 1. Түйеқұс етінің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Ылғал	Май	Нәруыз	Күл	Энергетикалық құндылығы,	
					ккал/кДж	
түйеқұс еті	$76,6 \pm 1,7$	$1,1 \pm 0,2$	$20,7 \pm 0,9$	$1,1 \pm 0,05$	92,1	387,1

Кестеде көрсетілгендей түйеқұс етінің энергетикалық құндылығы 92,1 ккал немесе 387,1 кДж болғандығы анықталды.

#### **Қорытынды**

Қорыта келе түйеқұс етінің сапасы жоғары, бағалы тағамдық өнім болып табылады.

#### **Әдебиеттер**

1. Kistner C., Reiner G. Strausse. Stuttgart: Ulmer, 2002.
2. Mellett F.D. A note on the musculature of the proximate part of the pelvic limb in the ostrich (*Struthio camelus*). // Journal of South African Veterinary Association, (1994), 65 (1), p. 5-9.
3. Horbanczuk J., Sales J. Total lipid and cholesterol content and fatty acid composition of meat obtained from ostriches reared on a commercial farm. // Animal Science Papers and Reports, vol. 16, (1998) no. 1.
4. Paleari M.A., Camisasca S. Ostrich meat : Physico-chemical Characteristics and Comparison with Turkey and Bovine Meat. // Meat Science., 1998, 3/4, p. 205-210.
5. Рахманов А. Ценная фермерская птица. // Птицеводство, 2001, №1, б. 60-62.
6. Хорбанчук Я. Разведение страусов. (перевод с польского) 2002, б. 187

**Шамеева У.Г., Джанабекова Г.К., Жумагелдиев А.А.**

### САНИТАРНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ МЯСА СТРАУСА

В статье приведены данные результатов исследования предубойной осмотре ветеринарный осмотр и ветеринарно-санитарной экспертизы туш страуса и химический состав, энергетический ценность и качество мяса.

**Ключевые слова:** мяса страуса, туша, белок, влага, энергический ценность, жир, химический состав.

**Shamyeva U.G., Zhumagaliev A.A., Zhanabekova G.K.**

### HEALTH INDICATORS OF OSTRICH MEAT

The article presents the results of the study data pre-slaughter inspection veterinary inspection and veterinary-sanitary examination of carcasses ostrich and chemical composition, energy value and meat quality.

**Keywords:** ostrich meat, carcass, protein, moisture, energetic value, fat, chemical composition

**ЭОЖ 619:614.31.**

**Башенова Э.Е., Мырзахметова Б.Ш., Кутумбетов Л.Б.,  
Кыдырбаев А.Т., Сермаганбетова С.У., Сапаров А.А., Тулепов Б.С.**

*Казахский научно-исследовательский ветеринарный институт*

### ЭПИЗООТИЧЕСКИЙ СТАТУС МЕЛКОГО РОГАТОГО СКОТА АЛМАТИНСКОЙ И ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТЕЙ, СЕРОПОЗИТИВНОГО ПО АНТИТЕЛАМ НА НЕСТРУКТУРНЫЕ ПРОТЕИНЫ ВИРУСА ЯЩУРА

#### **Аннотация**

В статье приведены результаты серологических исследований по выявлению животных в Алматинской и Жамбылской областях, содержащих в организме антител на НСП вируса ящура с последующим установлением эпизоотического статуса мелкого скота с помощью эпизоотологического, вирусологического и геномного методов исследования. По результатам исследований установлено, что в исследованных областях регистрируются в невысоком проценте, составляющем до 0,3% в Алматинской и до 2,93% в Жамбылской области, среди исследованного поголовья животные, серопозитивные по антителам на НСП вируса ящура. Серопозитивные животные по результатам эпизоотологических, серологических и вирусологических исследований оказались эпизоотически безопасными в период выполнения работ.

**Ключевые слова:** ящур, вирус, неструктурные протеины, антитела, иммунитет, эпизоотический статус.

#### **Введение**

Ящур в течение последних 5 лет регистрировался в Восточно-Казахстанской, Алматинской, Жамбылской и Кызылординской областях Республики Казахстан. Последний случай болезни отмечался в 2013 году на территории Восточно-Казахстанской области.

Если ранее в советское и несколько лет постсоветское время вспышки ящура появлялись регулярно как эндемические случаи, то по данным генной эпизоотологии с начала текущего тысячелетия эпизоотии этой болезни возникают в следствие проникновения ее возбудителя из территории сопредельных стран, неблагополучных по ящуру. По данным эпизоотологических исследований чаще всего причиной проникновения вируса ящура выступают социально-бытовые взаимоотношения населения нашей страны с зарубежными, транспортные артерии, по которым автотранспорт въезжает из сопредельной страны, перемещение диких животных через участки границ, труднодоступных для контроля и некоторые другие. Наибольшие риски проникновения вируса расположены по южной границе Восточно-Казахстанской и Алматинской областей с Китайской Народной Республикой, Жамбылской области с Кыргызской Республикой и Южно-Казахстанской области с Республикой Узбекистан [1].

Согласно истории за последние 10 лет на территории Республики Казахстан регистрировался ящур, вызываемый вирусом двух субтипных вариантов (Иран-05 и Sea-97) типа А, двух субтипных вариантов (ПанАзия и ПанАзия-2) типа О и одного субтипа типа Азия-1 [2].

Исходя из установленных рисков и этиологий болезни в стране с 2012 года была принята Национальная программа борьбы с ящуром, которая предусматривала полную ее ликвидацию с последующим претендованием на официальный статус МЭБ, зон/страны свободных от ящура. Для получения такого статуса был введен комплекс противо-эпизоотических мероприятий, одними из которого являлись вакцинопрофилактика среди восприимчивого поголовья скота против угрожающих вариантов типов возбудителя в зонах повышенного риска и мониторинг эпизоотической ситуации по болезни с помощью клинических, серологических и геномно-вирусологических методов исследований. При мониторинге эпизоотической ситуации клиническими методами планировалось оперативное выявление случаев заболевания, серологическими методами – выявление животных, серопозитивных по антителам на НСП (не структурные протеины) вируса ящура, геномно-вирусологическими – выявление генома и/или выделение репродуктивного вируса ящура из организма животного, подозреваемого в заболевании [3].

Из специальной литературы известно, что животные, содержащие в своем организме антитела на НСП вируса ящура являются переболевшими этой болезнью или контактировавшими с больными ящуром [4]. Однако в тех же и других источниках отсутствуют конкретные данные об эпизоотическом статусе таких животных и продолжительности их серопозитивности по этим гуморальным факторам. Или присутствуют неравнозначные мнения о динамике циркуляции антител на НСП вируса ящура в организме животных [5]. Исходя из такой ситуации целью исследований, описанных в настоящей работе, являлось определение эпизоотического статуса мелкого рогатого скота, серопозитивного по антителам на НСП вируса ящура.

#### **Материалы и методы исследования**

Исследования проводились на базе ТОО «КазНИВИ». Для выявления животных, серопозитивных по антителам на НСП вируса ящура, проводили выборочный сбор образцов сыворотки крови от животных различных регионов/районов Алматинской и Жамбылской областей, а также приграничных территорий Кыргызской Республики. Собранные образцы сыворотки крови исследовали с помощью иммунохроматографического (ИХМ) и иммуноферментного (ИФА) методов на наличие антител на НСП вируса ящура. Реакции ставили согласно требованиям наставлений по применению соответствующих диагностических тест-систем. В качестве последних были использованы препараты производства Корея. В случае выявления позитивных проб, от животных с такими показателями сыворотки крови собирали соскоб слизистой оболочки глотки и пищевода с помощью специального приспособления, который помещали в жидкий азот при

температуре минус 196 °С до исследования. Из соскобов готовили 50% суспензию на рабочем растворе Хенкса с рН 7,2-7,4 путем интенсивного встряхивания, очищали от механической примеси центрифугированием в течение 20 минут при 3000g, а затем полученную суспензию исследовали на наличие генома вируса ящура с помощью ПЦР и репродуктивного возбудителя с помощью биопробы в культуре клеток и на мышатах-сосунках. В исследованиях по выделению вируса, в случае отрицательного результата биопробы по первичному заражению, проводили не менее трех последовательных «слепых» пассажей. Отсутствие заболевания и гибели мышат-сосунков или отсутствия ЦПД вируса в культуре клеток на третьем пассаже считали за отсутствие возбудителя в испытуемом образце. Биопробу *in vitro* проводили в культуре клеток ВНК-21 и МДВК, выращенных в пенициллиновых флаконах. В случае выявления генома или самого репродуктивного вируса в исследуемых образцах, животное, от которого получен исследуемый образец соскоба, считали вирусоносителем или вероятным источником возбудителя, представляющим эпизоотическую опасность для здоровых животных. Кроме того, повторному серологическому исследованию подвергали животных, серонегативных по антителам на НСП вируса ящура, но содержащихся совместно с животными, серопозитивными по этим антителам при первичном исследовании. Выявление при повторном исследовании случаев появления серопозитивности среди серонегативных животных, содержащихся совместно с серопозитивными, принимали за передачу возбудителя ящура от животного к животному.

#### **Результаты исследований**

Сбор образцов сыворотки крови проводили выборочно на территории нескольких сельских округов всех районных образований Алматинской и Жамбылской областей. Количество выборки планировалось в объеме 1% от общей численности целевых животных. В качестве целевых животных использовался молодняк мелкого рогатого скота от 3 до 12 месяцев. Данные о количестве сельских округов каждого района Алматинской области, в которых проводился сбор образцов крови, количестве собранных проб сыворотки крови мелкого рогатого скота и результаты их исследования на наличие антител на НСП вируса ящура, приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Инцидентность мелкого рогатого скота, серопозитивного по антителам на НСП вируса ящура, в Алматинской области в разрезе районов.

Районы	Сельские округа	Кол-во исследованных проб	Кол-во позитивных проб	Позитивность, %
Балхашский	5	610	2	0,3
Карасайский	11	1001	0	0
Талгарский	6	1367	2	0,1
Енбекшиказахский	24	1020	3	0,3
Жамбылский	12	1100	0	0
Илийский	9	364	1	0,3
Уйгурский	14	984	2	0,2
Райымбекский	9	1225	0	0
Алакольский	27	1603	0	0
Каратальский	4	600	0	0
Кербулакский	15	1683	0	0
Коксуский	5	600	0	0
Панфиловский	10	1000	0	0
Ескельдинский	6	600	0	0

Аксуский	8	600	0	0
Саркандский	12	590	0	0
Итого по области	177	14 947	10	0,07

Как видно из данных таблицы 1, по Алматинской области подвергнуты исследованию животные 177 сельских округов в составе 16 районных образований. Позитивным по антителам на НСП вируса ящура оказалось небольшое количество животных в Балхашском, Енбекшиказахском, Илийском (0,3%), Уйгурском (0,2%) и Талгарском (0,1%) районах. В оставшихся 11 районах серопозитивные животные отсутствовали. В итоге по области процент позитивности животных по антителам на НСП вируса ящура в среднем составил 0,07% или из 14 947 исследованных животных только 10 оказались позитивными по антителам на НСП вируса ящура.

В исследованиях, проведенных в Жамбылской области, также отмечали наличие инцидентности серопозитивных животных среди обследованного поголовья мелкого рогатого скота, данные о которых приведены в таблице 2.

Таблица 2 – Инцидентность мелкого рогатого скота, серопозитивного по антителам на НСП вируса ящура, в Жамбылской области в разрезе районов

Районы	Сельские округа	Кол-во исследованных проб	Кол-во позитивных проб	Позитивность, %
Жуалинский	13	1122	0	0
Байзакский	17	1051	12	1,14
Жамбылский	17	1020	5	0,49
Таласский	12	1261	37	2,93
Сарыусуский	10	1089	4	0,36
Мойынкумский	10	150	1	0,67
Шуский	8	777	2	0,26
Кордайский	19	1031	3	0,29
Меркенский	14	1014	5	0,49
Т.Рыскулова	15	1450	3	0,21
г.Тараз	4	35	0	0
Итого по области	139	10 000	72	0,72

Как видно из данных таблицы 2, по Жамбылской области подвергнуты исследованию животные 139 сельских округов в составе 10 районных образований и областного центра г. Тараз. Животные, позитивные по антителам на НСП вируса ящура, регистрировались среди поголовья мелкого рогатого скота 9 административных образований из 11 исследованных, кроме Жуалинского и г.Тараз. Несмотря на широту географии регистрируемости позитивных животных по территории области, цифровые значения этого показателя в процентном выражении оказались невысокими, которые колебались от 0,21% до 2,93%. В пределах г. Тараз и Жуалинском районе серопозитивные животные среди исследованного поголовья не были отмечены.

Таким образом, результаты выборочного исследования животных на территории всех административных районов Алматинской и Жамбылской областей показали, что в пределах территорий приведенных двух областей среди поголовья мелкого рогатого скота регистрируются серопозитивные животные по антителам на НСП вируса ящура.



Инцидентность таких животных в разрезе районов в процентном выражении не превышает 0,3% в Алматинской и 2,93% в Жамбылской области, а в областном масштабе не более 0,07% и 0,72%, соответственно. Эти показатели значительно ниже допустимых пределов инцидентности, которые приняты МЭБ. Однако согласно требованиям той же организации, случаи регистрации позитивных животных по рассматриваемому параметру, несмотря на низкие пределы, должны быть детально про исследованы на вероятное присутствие (персистенцию, циркуляцию) вируса. Исходя из таких требований на следующем этапе исследований от серопозитивных животных через месяц были собраны образцы биоматериалов (сыворотка крови и соскобы слизистой оболочки глотки и пищевода). Пробы сыворотки крови исследовались повторно на наличие антител на НСП вируса ящура, а соскобов слизистой глотки и пищевода – геном возбудителя и самого репродуктивного вируса. Результаты этих исследований приведены в таблице 3.

Таблица 3 – Результаты серологических и вирусологических исследований образцов сыворотки крови и соскобов слизистой глотки и пищевода, собранных от животных, серопозитивных по антителам на НСП вируса ящура

Области	Кол-во проб		Исследуемый биоматериал				
	Позитивных ранее	Собранных повторно	Сыворотка крови		Соскоб слизистой глотки и пищевода		
			ИХА	ИФА	Биопроба in vivo	Биопроба in vitro	PCR
Алматинская	10	3	3/3	3/3	0/3	0/3	0/3
Жамбылская	72	54	51/54	54/54	0/54	0/54	0/54
Итого	82	57	54/57	57/57	0/57	0/57	0/57

Как видно из данных таблицы 3, из 82 голов мелкого рогатого скота, позитивных по антителам на НСП вируса ящура при первичном исследовании, при повторном выезде через месяц были найдены только 57. Часть поголовья животных, согласно предоставленным справкам, были убиты на мясо владельцами с ведома ветеринарных специалистов.

При серологическом исследовании проб сыворотки крови, отобранных повторно от 57 голов мелкого рогатого скота, 54 образца оказались позитивными на искомые антитела в ИХА и все 57 в ИФА. Результаты биопробы на мышатах сосунках и в культуре клеток ВНК-21 и МДВК, проведенные в трех последовательных пассажах соскобов слизистой глотки и пищевода, собранных от 57 серопозитивных животных были отрицательными на репродуктивный вирус ящура. Исследования образцов соскобов слизистой глотки и пищевода, собранных от всех 57 животных не дали положительного результата на наличие генома вируса ящура в этих пробах.

Заключительной частью исследований являлась проверка на вероятность передачи позитивности по антителам на НСП вируса ящура от серопозитивных животных животным, серонегативным по этим гуморальным факторам, содержащимся совместно. Для этого от определенного количества животных, серонегативных по антителам на НСП вируса ящура, содержащихся совместно с серопозитивными, при вторичном обследовании через месяц были собраны образцы сыворотки крови, которые были протестированы на искомые антитела, налние которых свидетельствовало бы о передаче вируса от позитивных животных здоровым. Данные этих исследований приведены в таблице 4.

Таблица 4 – Результаты серологического контроля негативных ранее животных на антитела на НСП вируса ящура после месячного совместного содержания с серопозитивными

№ п/п	Районы	Кол-тво животных, содержащихся совместно, гол		Результаты вторичного исследования первично негативных	
		позитивных	негативных	ИХА	ИФА
по Жамбылской области					
1	Байзакский	2	5	0/5	0/5
2	Таласский	5	21	0/5	0/5
3	Меркенский	1	4	0/5	0/5
	Итого	8	30	0/15	0/15
по Алматинской области					
1	Талгарский	2	3	0/3	0/3
2	Енбекшиказахский	3	7	0/7	0/7
	Итого	5	10	0/10	0/10
Примечание: в знаменателе количество исследованных, в числителе количество положительных результатов					

Как видно из данных таблицы 4, всего вторичному исследованию подвергнуты 30 проб сыворотки крови, собранных от серонегативных животных, содержащихся совместно с 13 животными, серопозитивными по антителам на НСП вируса ящура. Ни в одном из исследованных образцов не были отмечены случаи выявления серопозитивных по антителам на НСП вируса ящура. В связи с чем полученные данные свидетельствуют о том, что, при отсутствии специфических клинических патологий, животные, оказавшиеся серопозитивными при первичном исследовании, не обладают способностью передавать серопозитивность здоровым (свободных от антител на НСП вируса ящура) животным, содержащихся совместно в сроки 30 дней.

#### **Выводы**

В результате серологических исследований среди мелкого рогатого скота Алматинской области выявлена инцидентность по антителам на НСП вируса ящура в пределах не выше 0,3%, а в Жамбылской области до 2,93%. Результаты вирусологических исследований соскобов слизистой глотки и пищевода, проведенных путем биопробы на лабораторных животных и культуре клеток, показали, что в организме таких животных не содержится репродуктивный вирус, а данные исследования в ПЦР – и генома этого возбудителя. При совместном содержании в течение 30 дней передача серопозитивности по антителам на НСП вируса ящура от серопозитивных к серонегативным животным не отмечалась.

Таким образом, животные серопозитивные по антителам на НСП вируса ящура, подвергнутые исследованиям, обладают благополучным статусом по отношению к возбудителю ящура и не представляют эпизоотической угрозы для здоровых животных.

#### **Литература**

1. Боев Б.В. Ящур: система моделей и компьютерных программ для оперативного анализа и прогноза эпизоотий / Б.В.Боев, В.М.Гуленкин, А.В.Семенов // Ветеринарная патология. 2004. - № 4 - С. 73-83.
2. Бойко А.А. О путях прогнозирования эпизоотологии ящура / А.А. Бойко // Ветеринария. 1973. - № 9. - С. 43-44.

3. Дудников А.И. Способы получения высокоактивных иммунных сывороток и экстренной защиты животных от ящура / Дудников А.И., В.В. Михалишин, Р.Т. Алексанян //Соврем. Аспекты вет. патологии животных. Владимир, 1998. — С. 41-48.

4. Значение комплекса методов лабораторной диагностики в борьбе с ящуром / Н.Е. Камалова // Вет. патология. -2006. № 4. — С. 2731.

5. Киндяков В.И. Ящур и меры борьбы с ним. Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1956. -47с.

### Түйін

Мақалада, Алматы және Жамбыл областарындағы организмде аусыл вирусының ҚсА не түзілген антиденелері бар жануарларды анықтаудың серологиялық зерттеулердің нәтижелері, эпизоотиялық, вирусологиялық және геномдық зерттеу әдістерінің көмегімен осындай малдың эпизоотиялық статусын анықтау нәтижелері келтірілген. Зерттеу нәтижелері бойынша, зерттелінген облыстарда пайыздық мөлшерде, Алматы облысында 0,3% және Жамбыл облысында 2,93% зерттелінген мал басының ішінде аусыл вирусының ҚсА антиденелеріне серопозитивті мал саны аз тіркелген. Серопозитивті жануарлар эпизоотологиялық, серологиялық және вирусологиялық зерттеулер бойынша жұмыс атқару барысында эпизоотологиялық зерттеулер бойынша жұмыс атқару барысында эпизоотиялық қауіпсіз болып шықты.

**Кілт сөздер:** ящур, вирус, құрылысыз ақуыздар, антидене, эпизоотологиялық статус, иммунитет.

### Summary

There are results of serological research of revealing the animals in Almaty and Zhambyl regions which had Nonstructural protein FMD virus's antibody with establishment epizootical status through epizootical, virological and genomic methods of researching. According to the results Seropositiv antibody on nonstructural protein FMD virus was register in low percent from 0.3% in Almaty to 2.93% in Zhambyl region among researched animals. Seropositive animals were epizootical safety according to the epizootical, serological and virological results during the execution of works.

**Key words:** FMD, virus, nonstructural protein, antibody immunity, epizootical status.

ӘОЖ 636.5:575.2(574)

**Шолпанкулова А.Б., Джанабекова Г.К., Жылқышыбаева М.М.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

## ГЕНДІК-МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН АЗЫҚ ҚОСПАЛАРЫНЫҢ ҮЙ ТАУЫҚТАРЫ ҚАНЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНА ӘСЕРІ

### Аңдатпа

Гендік-модификацияланған азық қоспаларының үй тауықтары қанынындағы морфологиялық құрамына әсері зерттелді. Зерттеу жүргізу барысында тауық қанының морфологиялық құрамын анықтай келе, гендік-модификацияланған азық қоспасымен азықтандыруға дейінгі және азықтандырғаннан кейін тауық қанының морфологиялық көрсеткіштерінің өзгергені байқалды.

Нәтижесінде, азыққа гендік-модификациялық азық қоспасының 5%-ын қосқанда тауық қанындағы морфологиялық құрамының өзгергені анықталды.

**Кілт сөздер:** Гендік-модификацияланған организм, гемоглобин, глюкоза, эритроцит, лейкоцит, тромбоцит, билирубин, лейкограмма.

### **Кіріспе**

Азық-түлік өнімдерінің өндіріс көлемін арттыру мәселесін шешуде мал шаруашылығының бір саласы құс шаруашылығы маңызды рөл атқарды. Құс шаруашылығы - ең қарқынды дамып келе жатқан ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі.

Қазіргі таңда гендік инженерия көмегімен вирустарға және пестецидтерге төзімді, Колларадо қоңызы мен басқа да зиянды жәндіктерге қарсы тұра алатын көптеген трансгенді өсімдіктердің түрлері алынууда. Жылдан жылға трансгенді өнім өндіру және оны айналымға шығару ұлғайып келеді. Бүгінде еліміздегі тұтылатын азықтардың белгілі бір бөлігінде (мөлшерінде, көлемінде) ГМО компоненттерінің бар екені жасырын емес. Жануар тектес және өсімдік тектес белокты трансгенді компоненттермен алмастыру – таптырмайтын бизнес көзі болып отырғандықтан, трансгенді белок азық-түлік құрамындағы табиғи белоктардың орнын өте жоғары қарқынмен ығыстыруда [2,4].

Кез келген құс шаруашылықтары жоғары мөлшерде өнім алу мақсатында әр түрлі дәрі-дәрмектер мен гендік-модификацияланған азықтық қоспаларды пайдаланатыны белгілі, ол қоспалар азық арқылы ішке енгеннен соң қанға сіңіп отырады. Қанның белгілі бір көрсеткіштері, яғни морфологиялық құрамы организмнің физиологиялық жағдайы, конституционалдық ерекшеліктері, зат алмасудың қарқындылығы туралы ақпарат береді [5].

Алайда, Елімізде құс физиологиясымен биологиясы саласында бірнеше рет зерттеулер жүргізілгенімен, гендік-модификацияланған азықтардың организмге әсері туралы нақты мағлұматтар жоқтың қасы.

Гендік-модификацияланған азық қоспаларының құс организмне әсерін зерттеу шараларын ауыл шаруашылығы құстарының әр түрлі даму кезеңдеріндегі физиологиялық және биохимиялық заңдылықтарды тереңірек түсінбей, құс организмдегі зат алмасу үдерістерінің мәнін жетік меңгермей іске асыру мүмкін емес. Әсіресе, қанның морфологиялық құрамы организмде болып жатқан өзгерістерден ақпарат береді [1,6].

Қан барлық ұлпалармен тікелей байланыса отырып, ұлпалардың реактивтілік қасиетіне ие, сондай-ақ, онық патологиялық тітіркенулерге сезімталдылығы жоғары және сипатта, ал реактивтілік қасиеті анық және айқын байқалады. Сол себептен де қанның құрамы мен қасиеттері арқылы организмдегі ұлпаларға сыртқы ортаның тигізген әсерін көруге болады.

Егер қан құрамының өзгеруі ағзалар мен ұлпалардың жай күйіне әсер етсе, жалпы организмнің қызметінің өзгеруіне әкеп соғады. Организм мен ұлпалардың қызметі бұзылған жағдайда қанның морфологиялық және биохимиялық құрамы патологиялық процесс ретінде дамиды [3,7].

### **Зерттеу әдістері және материалы**

Ғылыми зерттеу жұмыстары 2014 – 2016 жылдар арасында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің клиникалық ветеринарлық медицина кафедрасының клиникасында және «ЭквиЛаб» зерттеу орталығында жүргізілді. Тәжірибелер 30 күн көлемінде жазғы мезгілде жүргізілді.

Зерттеу материал ретінде 10 бас бақылау тобына, 10 бас тәжірибелік (эксперименттік) топқа үй тауықтарының жергілікті тұқымы пайдаланылды.

Тірідей салмағы: ♀ — 2кг, ♂ — 3кг. Етінің салмағы ~ 1,7-2,5кг.

Азық қоспасы тәжірибелік топтағы тауықтарға күніне екі мезгіл (таңертеңгі және кешкі уақыттарда) беріліп отырды. Азық қоспасының көлемі құрастырылған рецептураның 5%-н құрайды.

Эритроциттер санын анықтау. Ол үшін бірінші арнайы шыны ыдыстағы 10 мл 0,9 % физиологиялық ерітіндіде 20 мкл қанды 1:500 пропорциясында сұйылтудан кейін тағыда

екінші; 10 мл 0,9 % физиологиялық ерітінді құйылған шыны ыдысқа алғашқы сұйылтылған қаннан 100 мкл сынама алып қосып жақсылап араластырамыз. Нәтижесінде қан сынамасы 1:50000 пропорциясында сұйылтылады. Осы сұйықтықты қан талдағыш аппараттың (геманализатордың) детекторының астына орналастырып, бір өлшеммен эритроциттер санын, гематокрит деңгейін, қанның қызыл түйіршіктерінің орташа көлемін анықтаймыз.

Лейкоциттер және тромбоциттер санын анықтау мақсатында 0,9 % физиологиялық ерітінді құйылған шыны ыдысқа 1:500 пропорциясында сұйылтылған қан сынамасына 3 тамшы «Lyzer Globin» реактивін қосып, гемолиз тудырамыз. Араға 3 минут салып, қан сынамасын аппараттың детекторының астына қоямыз да, лейкоциттер санын анықтаймыз.

Лейкоцитарлық формуланы (лейкограмма) қан жағындысын Романовский-Гимза әдісімен бояу арқылы анықтадық.

$$\text{Hbг/л} * 3$$

Қанның түсінің көрсеткіші ҚТК =  $\frac{\text{эритроцитсаны бастапқыцифры}}{\text{Формуласы бойынша есептеп шығарамыз.}}$

Қандағы гемоглобин мөлшерін анықтау. Гемоглобиннің мөлшері Сали гемометрімен анықталынады. Гемометр стандартты (167г) л Нв тең ) қоңыр түсті екі пробиркадан және ортасында гемоглобиннің мөлшерін көрсететін шкаласы бар бір пробиркадан тұрады.

Балық өнімдерінде патогенді микроорганизмдердің көп болуына байланысты бұл өнімдердің дұрыс сақталуы өте маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің тағамдық және биологиялық құндылықтарын зерттеу болып табылады. Осы мақсатарға жету үшін төмендегідей жұмыстар атқарылды

- Әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу;
- Әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің тағамдық құндылығын зерттеу;
- Әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің биологиялық құндылығын зерттеу;
- Әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу.

### **Зерттеу нысаны**

Зерттеуге мұздатылған және Орал қаласында ТОО «Кублей» компаниясында өндірілген МЕСТ 7454-2007 сәйкес табиғи май қосылған скумбрия балығының консервісі алынды. Кублей компаниясында қазіргі кезде 100-ден астам ет және балық консервілері өндіріледі. Өндірілген өнімдер мемлекеттік стандарт талаптары бойынша жасалған.

Балық етін органолептикалық тексергенде оның сыртқы көрінісі, шырышы, қабыршағы мен терісі, желбезектерінің түсі, көздері, терісі мен етінің иістері мен түстеріне көңіл аударады. Тірі балықты тек органолептикалық әдіспен тексереді. Ал тоңазытылған балықты алдымен жібітеді, сонан соң тексереді.

### **Нәтижелері және оларды талдау**


Жұмыс барысында әртүрлі жағдайда сақталған мұздатылған және консервіленген скумбрия балықтары алынып, олардың органолептикалық көрсеткіштері [5,8,10] әдебиеттерден алынған тірі скумбрия балығының көрсеткіштерімен салыстырылды.

Кесте 1 - Тірі және мұздатылған скумбрия балықтарының органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Тірі балық	Мұздатылған балық
Сыртқы көрінісі	Желбезек қақпақшалары қозғалып, тірлігінің белгісі білінеді.	-
Терісінің жағдайы	Балықтың сырты таза жұқаша шырышты қабықпен қапталған, қабыршағы жылтыр, балықтың денесіне жабысып жатыр. Балықтың денесі жарақаттан, паразиттерден, ауру белгілерінен аман.	Тегіс, жылтыр, қиындықпен жұлынады.
Желбезектерінің түсі	Қызыл.	Ашық қызыл түсті.
Көздерінің жағдайы	Мөлдір.	Мөлдір.
Иісі	Тірі балыққа тән.	Шырышы мөлдір, бөгде иіссіз.
Ауыз	-	Жабық.
Ішкі ағзалар	-	Құрсағы қампимаған, ішкі ағзалары жақсы ажыратылады.
Еттері	-	Тығыз, балық иілмейді, еті сүйектен оңай бөлінеді.
Су ішіндегі үлес салмағы		Батып кетеді.

Кесте нәтижелерінен зерттеуге алынған балықтардың дұрыс сақталғандығын, яғни балғындығын көрсетті.

Мақсатқа жету барысында балық еті өнімдерінің сынамалары алынып, олардың биохимиялық құрамы әдебиеттен алынған тірі балықтың химиялық құрамымен салыстырылды. Зерттеу нәтижесі төменде 1 суретте көрсетілген.



Жұмысты орындау барысында балық етінің сынамалары алынып, олардың биологиялық құндылығын анықтау мақсатында минералдық және витаминдік құрамына зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесі төмендегі 2,3 – кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Әртүрлі жағдайда сақталған скумбрия балығының құрамындағы минералды заттар

Көрсеткіш	Тірі балық	Мұздатылған балық	Балық консервісі
Макроэлементтер:			
Калий, мг	278,2	226,4	268,2
Кальций, мг	37,8	32,2	36,8
Магний, мг	49,8	48,7	48,7
Натрий, мг	90,6	89,9	90,8
Фосфор, мг	278	276,3	272,8
Микроэлементтер:			
Темір мг	1,7	1,7	1,57
Мыс мкг	208,3	208,0	207,6

2-кесте нәтижелерінен зерттеуге алынған [3,4] әдебиет көздерінен алынған тірі балықтың минералдық құрамы мұздатылған және консервіленген скумбрия балығымен салыстыратын болсақ, тірі балық өнделгенде олардың құрамындағы минералдық заттарда айтарлықтай өзгерістер болмайтынын көруге болады.

Кесте 3 - Әртүрлі жағдайда сақталған скумбрия балығының құрамындағы витаминдер

Көрсеткіш	Тірі балық	Мұздатылған балық	Балық консервісі
Витамин РР, мг	8,6	3,6	5,6
Витамин А (РЭ), мкг	10	9,8	9,7
Витамин В <sub>1</sub> (тиамин), мг	0,12	0,05	0,08
Витамин В <sub>2</sub> (рибофлавин), мг	0,36	0,30	0,32
Витамин В <sub>6</sub> (пиридоксин), мг	0,8	0,2	0,51
Витамин В <sub>9</sub> (фолий қышқылы), мкг	8,9	7,2	7,32
Витамин В <sub>12</sub> (кобаламин), мкг	11,5	6,7	7,2
Витамин D, мкг	16,1	15,2	15,1

Скумбрия балығының өнімдерінде А және D витаминдерінің көптеп кездесетінін көруге болады. Тірі балықпен салыстырғанда мұздатылған балықта А және D витаминінен басқа витаминдердің барлығының азаятынын көруге болады, соның ішінде суда жақсы еритін РР, В<sub>1</sub>, В<sub>6</sub> витаминдері 2-3 еседей азаятынын көруге болады. Бұл суда еритін витаминдердің балықтағы мұз ерігенде сумен бірге бөлініп шығып кететінін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, жұмыстың барысында мұздатылған скумбрия балығы сынамаларының микробиологиялық көрсеткіштері зерттелді (4 - кесте).

Кесте – 4. Мұздатылған скумбрия балығының микробиологиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің аты	НҚ бойынша, рұқсат етілген шек, мг/кг	Мұздатылған скумбрия балығы
1	КМАФАнМ, КОЕ/см <sup>3</sup> г)	1x10 <sup>5</sup>	2 x10 <sup>3</sup>
	25 граммадағы патогенді	рұқсат етілмейді	табылмады
	0,001 граммадағы БГКП	1рұқсат етілмейді	табылмады
	0,01 граммадағы S.aureus	рұқсат етілмейді	табылмады

Мұздатылған скумбрия балығының микробиологиялық көрсеткіштері рұқсат етілген шегінен артық емес. Үлгілерді тексергенде патогенді микроорганизмдердің кездеспейтіндігі анықталды. Мұздатылған скумбрия балықтарында анаэробты және факультативті - анаэробты микроорганизмдердің жалпы саны рұқсат етіліп, шектелген концентрациядан аспады.

#### Қорытынды

1. Зерттеуге алынған мұздатылған және консервіленген балық үлгілерінің органолептикалық көрсеткіштеріне жүргізілген зерттеу нәтижесі олардың МС сәйкес екенін, бөтен иіс және дәм болмағанын көрсетті.

2. Балықта су байланысқан және бос күйде болады. Мұздатылған скумбрия балығына қарағанда тірі балықта судың мөлшері, белоктың мөлшері азаятынын көруге болады. Өйткені мұздатқанда балық еттерінің ішіндегі сулар мұзға айналып, ағып кетеді. Балық неғұрлым майлы болған сайын, ондағы судың мөлшері азаяды. Белоктардың да құрылымы өзгеріп денатурацияға ұшырайды.

3. Тірі балықтың минералдық құрамын мұздатылған және консервіленген скумбрия балығымен салыстыратын болсақ, тірі балық өнделгенде олардың құрамындағы минералдық заттарда айтарлықтай өзгерістер болмайтынын көруге болады

4. Тірі балықпен салыстырғанда мұздатылған балықта А витаминінен басқа витаминдердің барлығының азаятынын көруге болады, соның ішінде суда жақсы еритін РР, В<sub>1</sub>, В<sub>6</sub> витаминдері 2-3 еседей азаятынын көруге болады. Бұл суда еритін витаминдердің балықтағы мұз ерігенде сумен бірге бөлініп шығып кететінін көрсетеді. Ал консервіленген балықта мұздатылған балыққа қарағанда витаминдер жақсы сақталады, әртүрлі термиялық өңдеу кезінде витаминдер шығыны болатынын көруге болады.

#### Әдебиеттер

1. Перспективные направления развития современной рыбообработки // Рыбное хозяйство. – 2000. - № 5. – С. 46 – 47.

2. Товароведение и экспертиза качества рыбы и рыбных товаров. – СПб.; «Питер». – 2005. – 256 с.

3. Балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603 Заңы. 8-тарау, 47-бап.

4. Долганова Н.В. «Микробиология рыб и рыбных продуктов», Мир 2005г, 224 стр.

5. Күзембаев Қ., Құлажанов Т., Күзембаева Г., К92 «Азық-түлік өнімдерін тану» Алматы, 2006. 358 бет. 337-352 беттер.
6. Никитина Е.В. и др. «Микробиология» учебник, издательство «Гиорд», СПб, 2008 год.
7. Правила ветеринарно-санитарной экспертизы рыбы и раков. - М.: ВО «Агропромиздат», 1999.
8. А.М. Шепелев, О.И. Кожухова// Товароведение и экспертиза рыбы и рыбных товаров: Учебное пособие. - Ростов-на-Дону: Издательский центр «МарТ», 2001.
9. Новые подходы к обеспечению качества рыбной продукции // Рыбное хозяйство. - №1, - 2001 – С. 57.
10. Житенко П.В., Боровков М.Ф. Ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов животноводства: Справочник. – М.: Колос, 2000. – 170 с.

**Омиржанова Н.М., Базилбаев С.М., Садвокасова А.Б.**

### ИССЛЕДОВАНИЕ ПИЩЕВОЙ И БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ МЯСА РЫБЫ РАЗЛИЧНЫХ СПОСОБОВ ХРАНЕНИЯ

Мясо рыбы - по вкусу и пищевой ценности не уступает мясу животных, а по усвояемости даже превосходит некоторые виды. По сравнению с блюдами из мяса, при потреблении блюд из рыбы, особенно рыбной ухи, выделяется много желудочного сока.

Рыба считается ценной если содержание протеина в рыбе составляет от 15% до 26%. В составе белка рыбы содержится около 20 различных аминокислот, из них 8 незаменимых (лизин, метионин, триптофан, валин, лейцин, изолейцин, треонин, фенилаланин), необходимых для человеческого организма. При недостаточном поступлении одного из этих не синтезируемых в организме 8 аминокислот могут наблюдаться различные нарушения функций организма.

**Omirezhanova N.M., Bazilbaev S.M., Sadvakasova A.B.**

### THE STUDY OF FOOD AND BIOLOGICAL VALUE OF FISH MEAT WITH DIFFERENT WAYS OF STORE

Fish meat - by taste and nutritional value are not inferior to the meat of animals, and even surpasses some species on the digestibility. Compared with dishes of meat, the consumption of fish dishes, especially fish soup stands out a lot of gastric juice.

Fish considered valuable if the protein content in the fish is from 15% to 26%. The composition of fish protein contains about 20 different amino acids that 8 are essential (lysine, methionine, tryptophan, valine, leucine, isoleucine, threonine, phenylalanine) necessary for the human body. At insufficient flow of one of these non-synthesized in the body 8 amino acids, there may be various disorders of body functions.

Ережепова М.Ш., Тәсібекова Г.Т., Салханова С.Н.

*Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы қаласы.*

## ПРЕБИОТИКПЕН БАЙЫТЫЛҒАН СҮТТІҢ ФЕРМЕНТАЦИЯ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада пребиотик пен байытылған сүттің ферментация процесі туралы жазылған. Ашу, ашыту – органикалық заттардың ферментті тотығу-тотықсыздану процесі. Оның нәтижесінде организмдер өмір суреге қажет энергия алады. Бұл жұмыс сүт және пребиотиктермен байытылған сүтте ферментация процестерін салыстыруға негізделен.

**Кілт сөздер:** сүт, бал, *Lactobacillus*, *Bifidobacteria*, пребиотик, лактоденситометр, пастерлеу, тығыздық, титрленетін қышқылдық, ферментация.

### **Кіріспе**

Фермент дегеніміз - белоктық зат. Ол организмдегі түрлі химиялық реакцияларды тездетуші. Химиялық реакциялардың жүрісін тездетушілерді катализаторлар деп атайтыны белгілі. Осыған сәйкес ферменттерді биологиялық катализаторлар деп те атайды, өйткені, олар тірі материяда әрекет жасайды. Ферменттер организмде өтіп жатқан барлық зат алмасу реакцияларын, олардың қызметін, әрбір клетканың және тұтас организмнің тіршілік әрекетіне байланыстарын реттейді. Ферментация (ашу) - органикалық заттардың ферментті тотығу-тотықсыздану процесі. Оның нәтижесінде организмдер өмір суреге қажет энергия алады.

Пребиотиктер - бифидофлораның өсуіне жәрдемдесетін заттар немесе бифидогенді факторлар (бифидус-факторлар). Оларға құрылысы мен қасиеті және құрылымы әртүрлі бірқатар заттар жатады. Соның ішінде лактулоза, лактосахароза, галакто-, фрукто-, изомальтоза-, мальтоза-қышқылолигосахаридтер, лизоцим, ашытқы экстракттары, төменгі сахаридті жүгері таяқшалары, казеиннің гидролизаты және сары сулы нәруыздар, муцин, пантетин, лактоферин және т.б жатады. Біз пребиотик ретінде *Lactobacillus* және *Bifidobacteria* таңдадық. Себебі, басқа микроорганизмдермен салыстырғанда *Lactobacillus* және *Bifidobacteria* лактозаны және басқа да көмірсуларды сүтқышқылды бактерияларға айналдырады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу жұмысына шикізат – таңертеңгі сауылған сүт, *Lactobacillus* пен *Bifidobacteria* ұйытқылары және таңдалған микроорганизмдерге өсу стимуляторы ретінде бал таңдалды. Зерттеу жұмыстары балғын сүттің титрленетін қышқылдығын өлшеуден бастап, 2 сағаттан кейін тығыздығы лактоденситометрмен (АМТ, МемСТ 18481-81) анықталды. Зерттеуге алынған 2 л сүт 80-85°C 20-25 секунд пастерленді. *Lactobacillus* пен *Bifidobacteria* ұйытқыларын аналитикалық таразыларда өлшеп, нөмірленген 5 стақандағы сүтке араластырылды, олар: сүт, лактобактериялармен байытылған сүт, лактобактерия мен бал қосылған сүт, бифидобактериямен байытылған сүт, бифидобактерия мен бал қосылған сүт. Зерттеу жұмыстарына жіберілді.


### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеуге алынған сүттер термостатқа (ТС-1/80 СПУ, ТУ 9452-002-00141798-97) 37°C 1 сағат пен 35 сағат аралығында ферментацияға қойылды. Ферментация процесінің титрленетін қышқылдыққа әсері 1, 2, 3, 4 сағат өткен соң және 36 сағат кейін сүттерді 0,1N NaOH (СТ, ТУ 2642-001-33813273-97) ерітіндісімен титрлеу арқылы зерттелді, зерттеу жұмыстарының нәтижелері 1 кестеде көрсетілген. Ферментацияға қойылған уақыттар өткеннен кейін әрбір үлгіге органолептикалық талдаулар жүргізілді.

Кесте 1. Ферментация процесінің титрленетін қышқылдыққа әсерін зерттеу нәтижелері

Титрленетін қышқылдық, Т	Бастапқы көрсеткіш	1 сағат өткен соң	2 сағат өткен соң	3 сағат өткен соң	4 сағат өткен соң	35 сағат өткен соң
Сүт	20	21	22	23	24	52
Бифидобактерия қосылған сүт	21	22	23	24	26	75
Бифидобактерия мен бал қосылған сүт	21	26	28	30	32	77
Лактобактерия қосылған сүт	20	22	26	31	48	87
Лактобактерия мен бал қосылған сүт	20	23	27	35	51	91

1-ші кесте мен суретте сиыр сүтінің бифидо- және лактобактерия ашытқылары көмегімен қышқыл түзгіштігі көрсетілген. 1-ші үлгіде тек сиыр сүтінің қышқылдығын тексеріп, 2-ші үлгідегі сүтке бифидобактерия және 3-ші үлгідегі сүтке бифидобактерия мен өсу ынталандырғышы ретінде бал, 4-ші үлгідегі сүтке лактобактерия және 5-ші үлгідегі сүтке лактобактерия мен балды қостық. Өсу ынталандырғышының мөлшері 1%. Ашытқылардың (*Lactobacillus* пен *Bifidobacteria*) бірлескен ара қатынасы (1:1) және 1% өсу факторы. Зерттеулер нәтижелерінен жоғары көрсеткіштер 5-ші үлгіде.



### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері алынған сүт үлгілері ішінде 5-ші үлгі – лактобактерия мен бал қосылған сүт үлгісінің титрлеу қышқылдығы мен органолептикалық көрсеткіштері жоғары болды. Өйткені лактобактериялар сүтқышқылды бактерияларды жоғары түрде синтездейді, ал бал микроорганизмдер үшін өсу стимуляторы болып табылады.



### Әдебиеттер

1. Воробьев А.А. и др. Дисбактериозы- актуальная проблема медицины/Вестник Российской АМН.1997 №3 стр. 4-7.
2. Кисықова Х, Нармуратова М.Х. и др. «Актуальные вопросы современной биологии и биотехнологии»/Сбор.тезисов. Алматы,2004г.
3. Кочетков Н.К., Бочков А.Ф, Дмитриев Б.А. и др. « Химия углеводов» 1967г. 672 стр.

**Ережепова М.Ш., Тасибекова Г.Т., Салханова С.Н.**

### ИЗУЧЕНИЕ ПРОЦЕССА ФЕРМЕНТАЦИЙ МОЛОКА ОБОГАЩЕННОГО ПРЕБИОТИКАМИ

Данная работа основана на изучений процесса ферментаций молока обогащенного пребиотиками. В молоке обогащенного пребиотиками процесс ферментаций происходит намного быстрее в сравнений с молоком без каких-либо добавок. В настоящее время молочные продукты с пребиотиками широко известны. Функциональные продукты способствуют восстановлению кишечной микрофлоры, улучшают функцию печени, повышают иммунную систему.

**Eregepova M.Sh., Tasibekova G.T., Salkhanova S.N.**

### CONSIDERS THE PROCESS OF MILK FERMENTATION ENRICHED WITH PREBIOTICS

The article is based on the studies of the process of fermentation milk with prebiotics. In the milk enriched with prebiotics of the fermentation process takes place more in campaign with milk without any additives. Nowadays dairy products with prebiotics are widely known. Functional foods contribute to the restoration of the intestinal microflora, improving liver function, boost the immune system.

**ӘОЖ 619:616.576.8(574)**

**Тулөпов Б.С.<sup>1</sup>, Кутумбетов Л.Б.<sup>2</sup>, Абеуов Х.Б.<sup>1</sup>**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті<sup>1</sup>,  
Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты<sup>2</sup>*

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ БУФЕРЛІК АЙМАҒЫНДАҒЫ АУСЫЛДЫҢ О, А, АЗИЯ-1 ТИПТІ ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ПОСВАКЦИНАЛЫҚ ИММУНИТЕТ

#### **Аңдатпа**

Мақалада ҚР аусыл бойынша буферлік аймағындағы мал басына дауалау мақсатында қолданылатын вакцина түрлері және шиелініскен поствакциналық иммунитет туралы зерттеулердің нәтижелері берілген.

**Кілт сөздер:** аусыл, буферлік аймақ, посвакциналық иммунитет.

#### **Кіріспе**

Аусыл – өте жұғымтал жіті өтетін, қызба және ауыздың кілегейлі қабығында, желін мен аяқтың терісінде күлдіреуік пайда болуы арқылы ерекшеленетін үй және жабайы ашатұяқты жануарлардың вирустық ауруы [1, 2, 3].

Аусылға бейім жануарлар: сиыр, шошқа, қой-ешкі, түйе, бұғы және көптеген жабайы ашатұяқтылар (сайғақ, бұлан, елік). Бірлі-жарым бұл ауруға ит пен мысық, қоян мен

егеуқұйрық, тіпті кірпі де шалдығатыны туралы мәлімет бар. Ең сезімтал жануарларға сиыр мен шошқа жатады. Кей жағдайда ауру малды күткенде, адам да ауырады. Жас малдың бейімділігі ересек малдан гөрі жоғары және оларда ауру ауыр түрде өтеді [4].

Жануарлар вирусты сыртқы ортаға сүтімен, сілекейімен, несесі және нәжісімен бөліп шығарады. Бұның нәтижесінде қора-жай, әр түрлі құрал саймандар, жайылым, жем-шөп, суат, көлік жабдықтары т.б. ластанады.

Вирус жануарлардың денесіне негізінен жемшөп және сумен бірге, әр түрлі ластанған заттарды жалаған кезде ауыздың кілегей қабығы, сирақтары, зақымданған терісі арқылы немесе ауру малмен бірге тұрғанда аэрогенді жолмен енеді.

Аусыл кең жайылған індет ретінде жылдың әр мезгілінде, оның ішінде күздің аяғы, қыстың басында жиірек байқалады. Әдетте індет 5-8 жылда, кей жерлерде 2-3 жылда қайталаанады.

Аусылдың негізгі белгілерінің бірі оның көп түрлілігі. Ауру вирустардың әртүрлілігімен туындауы мүмкін. 40 жылдан астам уақыт бойы Еуропа құрылығында вирустың 3 түрі белгілі: А, О, С, олардың әр қайсысының түрлері көп. А типінің 28 түрі, О типінің 11, ал С типінің 4 түрі бар.

Вирустың осы 3 түрі туындатын ауру белгілері ұқсас болғанымен, олардың антигендік қасиеттері әртүрлі. Себебі, вирустың бір типін жұқтыру арқылы ауырған немесе оған сол типке қарсы екен жануарда вирустың басқа түріне иммунитет болмайды.

Англиядағы (Пирбrait) институттың қызметкерлері Брускби мен Галловей 1958 жылдың мамыр айында Халықаралық Эпизоотикалық бюроның (Париж) сессиясында жасаған баяндамада Африка мен Азияда белгілі еуропалық А, О, С типтерінен мүлдем басқа типтерді, соның ішінде Африкалық SAT-1 SAT-2, SAT-3, Азиялық Азия типін анықтағанын жариялады [3, 5, 6, 7].

Аусыл әлемнің көптеген мемлекеттерінде кездеседі, әр жылдары Қазақстан және онымен шекаралас Орта Азия елдерінде тіркелген [4, 6, 7].

Зерттеуіміздің мақсаты – аусылдың О, А, Азия-1 типті вирусына қарсы посвакциналық иммунитет дәрежесін салыстырмалы анықтау болып табылды.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу барысында «Республикалық ветеринариялық зертхана» ММ және оның облыстық филиалдарының 2013-2014 жылдарындағы есеп беру мәліметтеріне талдау жасалынды. ҚР аусыл бойынша буферлік аймақтарындағы бес облыстағы (Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) індетке қарсы поствакциналық иммунитетті анықтау үшін облыстық ветеринариялық зертхана деректеріне мониторинг жүргізілді.

#### **Зерттеу нәтижелері және оларды талдау**

2013 жылы аталған бес облыс шаруашылықтарындағы барлық мал басына Ресейдің «Щелково» биокомбинаты өндіретін GMP стандарттарына сәйкес әзірленген аусылдың А, О, Азия-1 типтеріне қарсы үш валентті вакцинасы қолданылып иммунизация жүргізілген, ал 2014 жылы осы мақсатта РФ «Владимир» қаласындағы «Бүкілресейлік жануарлардың денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу институты» шығаратын аусылға қарсы инактивтендірілген сорбирленген вакцинасы қолданылған.

Аусылға қарсы қолданылған вакциналар және дауаланған мал басы туралы деректер төмендегі 1-ші кестеде келтірілген.

Кесте 1. Әр жыл бойынша қолданылған вакцина түрі және имунделінген мал басының саны

№	Облыс, қала атаулары	2013 жыл			2014 жыл		
		Ірі қара малына қолданылған доза мөлшері, мың	Ұсақ-түйек малына қолданылған доза мөлшері, мың	Тіркелген ауру ошағы-ның саны	Ірі қара малына қолданылған доза мөлшері, мың	Ұсақ-түйек малына қолданылған доза мөлшері, мың	Тіркелген ауру ошағы-ның саны
1	Алматы облысы	2245,5	5891,1	-	2004,4	7962,1	-
2	Шығыс Қазақстан	1959,6	4029,0	3	1777,7	-	-
3	Жамбыл	790,4	4013,4	-	713,1	-	-
4	Қызылорда	561,0	1193,5	-	553,7	-	-
5	Оңтүстік Қазақстан	1998,5	6792,5	-	19,7	-	-
6	Алматы қаласы	2,3	1,1	-	19,7	-	-
БАРЛЫҒЫ		7547,2	21848,5	3	7054,3	7962,1	-
Қолданылған вакцина		<p>Көктемгі профилактикалық шараларды жүргізу үшін жергілікті атқару органдары (ЖАО) республика қорынан алынған 2012 жылы ҚР «Вита СТ» ЖШС өндірген вакцина қолданылған. Күзгі профилактикалық шаралары жүзеге асыру мақсатында ЖАО Ресейдің «Бүкілресейлік жануарлардың денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу институты» мен «Щелково» биоккомбинаты» шығаратын аусылдың А, О, Азия-1 типтеріне қарсы үш валентті вакциналарын сатып алып қолданған. А және О типіндегі вакциналардың өндірісінде қолданылатын өндірістік штамдары 2010-2012 жылдары ҚР аусылдың өршуі кезінде бөлініп алынған вирус штамдарына туыстық жағынан жақын болып келеді. Вакцинаның әрбір дозасы 6 PD<sub>50</sub> төмен емес және одан жоғары вирустың осы түріндегі тазартылған белсенді дозасы болуы керек. Вакцина GMP стандартына сәйкес әзірленген.</p>			<p>Көктемгі және күзгі профилактикалық шараларды жүргізу барысында ЖАО Ресейдің «Бүкілресейлік жануарлардың денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу институты» мен «Щелково» биоккомбинаты» шығаратын аусылдың А, О, Азия-1 типтеріне қарсы үш валентті вакциналарын сатып алып қолданған. А және О типіндегі вакциналардың өндірісінде қолданылатын өндірістік штамдары 2010-2012 жылдары ҚР аусылдың өршуі кезінде бөлініп алынған вирус штамдарына туыстық жағынан жақын болып келеді. Вакцинаның әрбір дозасы 6 PD<sub>50</sub> төмен емес және одан жоғары вирустың осы түріндегі тазартылған белсенді дозасы болуы керек. Вакцина GMP стандартына сәйкес әзірленген.</p>		

1-кестеде келтірілген деректерге сәйкес, 2013 жылы аусылға қарсы малға дауалау мақсатында тазартылмаған дәрмектері қолданылған. Оларды қолданғанда ауру мал мен вакциналанған малды айыру қиынға соқты, өйткені екі жағдайда да тексеру зерттеулерінің барысында малдың ағзасынан аусыл вирусының құрылымсыз белоктары анықталған. Сәйкесінше, осындай тазартылмаған вакциналарды шаруашылық жағайында қолдану

аусыл вирусының айналымының анық картинасын анықтауды қиындатады және осының себебінен ауру ошақтарын жою бойынша уақытылы, әрі нақты шараларды қолдану мүмкіндігіне қол жеткізілмейді. Ал, 2014 жылы GMP стандартына сәйкес вакциналары қолданудың нәтижесінде бірде бір ауру ошағы тіркелмеген.

Буферлік аймақтағы мал арасындағы аусыл вирусының А, О, Азия-1 типтеріне қарсы поствакциналық иммунитеттің шиеленісуі туралы 2013 жылғы деректер төмендегі 2-ші кестеде келтіріліп отыр.

Кесте 2. 2013 жылғы аусылдың буферлік аймағындағы поствакциналық иммунитеттің деңгейі

Әкімшілік облыс атауы	Тексерілген мал саны, бас	Аусыл вирусының типіне қарсы иммунитет, %			Ескерту
		О	А	Азия-1	
Шығыс Қазақстан	20 014	76,0	76,0	77,0	қағанаттанарлық
Алматы	11 459	80,0	81,7	81,7	қағанаттанарлық
Жамбыл	7 412	98,0	98,0	98,0	қағанаттанарлық
Оңтүстік Қазақстан	3 121	88,2	88,8	89,1	қағанаттанарлық
Қызылорда	2 840	100	100	100	қағанаттанарлық

2-ші кестедегі деректерге талдау жасасақ, Шығыс Қазақстан облысының тексерілген малының арасында шиеленіскен иммунитет 76-77%-ға жетсе, Алматы облысы бойынша бұл көрсеткіш 80-83,1%-ға жетті, Жамбыл облысы бойынша – 98%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 88,2-89,1%-ды құрады және Қызылорда облысында 100%-ға жетті.

Келтірілген деректер буферлік аймақтағы негізгі мал басының арасында аусыл вирусының О, А, Азия-1 типтеріне қарсы поствакциналық иммунды фонның аурудың пайда болуы мен оның етек алып жайылуына жол бермейтіндей қажетті деңгейде екенін айқындайды.

Келесі 3-кестеде 2014 жылғы буферлік аймақтағы аусылған қарсы поствакциналық иммунитет деңгейінің көрсеткіштері берілген.

Кесте 3. 2014 жылғы аусылдың буферлік аймағындағы поствакциналық иммунитеттің деңгейі

Әкімшілік облыс атауы	Тексерілген мал саны	Аусыл вирусының типіне қарсы иммунитет			Ескерту
		О	А	Азия-1	
Шығыс Қазақстан	340	80,3	82,6	84,6	қағанаттанарлық
Алматы	717	93,8	94,5	91,9	қағанаттанарлық
Жамбыл	1296	100	100	100	қағанаттанарлық
Оңтүстік Қазақстан	1186	82,1	84,1	74	қағанаттанарлық
Қызылорда	630	82,7	92,2	90,4	қағанаттанарлық

3-кестедегі деректерге тоқталсақ, ірі қара малының арасындағы аусыл вирусының О, А, Азия-1 типтеріне қарсы шиеленіскен иммунитеті келтірілген бес әкімшілік облыс аймақтарында қанағанаттанарлы деңгейде (Азия-1 типіне қарсы – 74-100%, О типіне қарсы – 80,3-100%, А типіне қарсы – 82,6-100%), яғни аурудың індетті өршуінің алды алуға жеткізінді деңгейде екені дәлелденіп отыр.

## **Қорытынды**

Сонымен, жүргізілген зерттеу нәтижелерін қорытындыласақ, ҚР аусыл бойынша буферлік аймағындағы бес облысы шаруашылықтарында (Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) індетке қарсы дауалау мақсатында ҚР «Вита СТ» ЖШС, «Бүкілресейлік жануарлардың денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу институты» мен «Щелково» биокOMBинаты» шығаратын аусылдың А, О, Азия-1 типтеріне қарсы үш валентті вакциналары қолданылған. Осы вакциналары қолданудың нәтижесінде 2013 жылы дауаланған мал арасындағы шиеленіскен посвакциналық иммунитеттің дәрежесі 76-100%-ға жетсе, 2014 жылы аусылдың буферлік аймағындағы бес облыстың мал басындағы ауруға қарсы тұрушылықтың деңгейі 74-тен 100 %-дық көрсеткішке жеткен.

## **Әдебиеттер**

1. Ящур животных: Науч.-произв. справ. / ЦНСХБ РАСХН, Всерос. НИИ защиты животных Сост.: Березин В.В. и др. Отв. ред. Палилова И.Г. М., 2002.
2. Макаров, В.В., Сухарев О.И., Кириллов А.К. Современный этап борьбы с инфекционными болезнями (учебное пособие для студентов и слушателей курсов повышения квалификации по ветеринарии). М.: РАКО АПК, 2009. 170 с.
3. Яценко. Причины стационарности ящура в отдельных хозяйствах / Ветеринария 1964 №11.
4. Понамарев А.П., Узюмов В.Л., Груздев К.Н. вирус ящура: Структура, биологические и физико-химические свойства. Владимир: Фолиант, 2006. 250с.
5. Лукашке И.И. Эпизоотология ящура. Ветеринария Республиканский межведомственный тематический сборник научных работ. Киев, 1968.
6. Оковытый А.С. Научные основы селекции производственных вакцинных штаммов вируса ящура / А.С. Оковытый // Пробл. Инфекц. патологии с.-х животных. - Владимир, 1997.
7. Нагуманов Ф.М./ О вирусывыделении при бессимптомном течении ящура у овец. Актуальные вопросы ветеринарной вирусологии, ч. 2. М., 1967.

**Тулeпов Б.С., Кутумбетов Л.Б., Абеуов Х.Б.**

### **ПОСВАКЦИНАЛЬНЫЙ ИММУНИТЕТ ПРОТИВ ВИРУСА ЯЩУРА ТИПОВ О, А, АЗИЯ-1 В БУФЕРНОЙ ЗОНЕ КАЗАХСТАНА**

В статье приводятся данные об используемых вакцинах для профилактики ящура в буферной зоне РК по ящуру и результатов исследований уровня напряженности посвакцинального иммунитета

**Ключевые слова:** ящур, буферная зона, посвакцинальный иммунитет.

**Tulepov B.S., Kutumbetov L.B., Auevov K.B.**

### **POSVAKTSINALLY IMMUNITY AGAINST THE FMD VIRUS OF TYPES O , A , ASIA - 1 IN THE BUFFER ZONE KAZAKHSTAN**

The article presents data on the vaccine used for the prevention of foot and mouth disease in the buffer zone of the Republic of Kazakhstan for FMD and the results of tension posvaksinaly immunity research

**Keywords:** Foot and mouth disease, a buffer zone, posvaksinaly immunity.

# ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ СЕКЦИЯСЫ

УДК 636.13

**Айвазян В.В., Дуйсембаев К.И.**

*Казахский национальный аграрный университет г. Алматы*

## СПОСОБ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ ЖИВОЙ МАССЫ ВЗРОСЛЫХ ЛОШАДЕЙ КОСТАНАЙСКОЙ ПОРОДЫ БЕЗ ВЗВЕШИВАНИЯ

### **Аннотация**

Конкретные данные живой массы имеют определяющее значение для животноводства, в частности и в коневодстве. Наиболее точным способом определения массы любого вида животного является взвешивание. Между тем альтернативным и более экономичным и простым методом в связи с отсутствием необходимости в дорогостоящем импортном оборудовании, признается прогноз живой массы разными способами. Такой подход представляет собой аргументированную причину постоянного совершенствования традиционных способов и повышения достоверности прогноза живой массы без взвешивания по сравнению с взвешиванием.

**Ключевые слова:** живая масса, альтернативный коэффициент, промеры, специальные весы, верховые породы.

### **Введение**

Лошадей, кроме промеров, экстерьера, масти, характеризуют еще и их живая масса. Масса и промеры лошадей зависят от многих факторов. И речь идет не только о породе, но и об особенностях кормления и ухода за лошадьми. Чем лучше они питаются, тем лучше и быстрее растут и становятся крупнее. От того, сколько весит лошадь, зависят ее грузоподъемность и сила тяги. Также зная вес лошади, намного легче контролировать ее развитие, рост, общее состояние, можно определить, хватает ли животному корма [1].

По живой массе лошадей определяют их развитие, массивность, упитанность, так же исходя из живой массы, составляют рацион кормления и определяют дозы ветеринарных препаратов. Поэтому знание живой массы необходимо как в коневодстве, так и в других отраслях животноводства взвешивают лошадей на специальных электронных весах для взвешивания сельскохозяйственных животных. Эти весы, имеют электронную систему, позволяют взвешивать с большой точностью, не опасны в эксплуатации, не вызывают испуг у лошадей. Взвешивать лошадей надо по утрам, до кормления и поения. Процедура взвешивания одного маточного табуна в табунном коневодстве занимает трое и более суток. Это время, в течение которых лошади не получают достаточного количества кормов, худеют, травмируются, причем возрастают трудозатраты. Однако не на каждом хозяйстве имеются весы, так как это затратно и к тому же определение живой массы путем взвешивания на весах это трудоемкий процесс. В связи с этим, большое значение приобретают разработка и использование метода прогноза живой массы по промерам, взятие которых возможно в любом расколе. В случае отсутствия весов средняя живая масса лошадей может быть прогнозирована разными способами.

### **Материалы и методы исследований**

Исследования проводились в условиях конного завода ТОО «Қазақ тұлпары» костанайской области. Материалами послужили данные бонитировки взрослых кобыл (n=82), а так же материалы ГПК лошадей костанайской породы том II Кайнар 1975г., и ГПК

том I и II европейской тракененской породы лошадей по данным ВНИИ коневодства по И.Н Чашкину, Н.В. Дорофеевой.

Живая масса определялась взвешиванием и без взвешивания на основе тестирования фактического промера обхвата груди (ОГ), как информативной базовой основы прогнозирования живой массы с помощью альтернативного коэффициента (АК) профессора Дуйсембаева К.И. (Экспресс – метод прогнозирования параметров живой массы верховых лошадей разных пород, 43-46 с.[2]).

Были взяты основные промеры: высота в холке, косая длина туловища, обхват груди обхват пясти. Для измерения основных промеров использовали мерную палку (высота в холке, косая длина туловища); и мерную ленту (обхват груди, обхват пясти).

#### **Результаты исследований**

С допустимой точностью живую массу можно прогнозировать по промерам. В коневодстве рекомендуется применять несколько способов прогноза живой массы по обхвату груди, что объясняется наибольшей прямой, положительной корреляцией с массой лошадей.

Для этого пользуются следующими способами:

1. *Способ профессора А. А. Маторина.* Живую массу лошади ( $y$ ) вычисляют по формуле  $y = bx - 620$ , где  $x$  - обхват груди (см). Этот способ наиболее пригоден для определения массы мелких лошадей;

2. *Способ профессора У. Дюрста.* Живая масса лошади (кг) равна обхвату груди (см), умноженному на коэффициент 2,7 для легких лошадей, 3,1 - для средних и 3,5 - для тяжелых лошадей.

Однако при прогнозировании живой массы этими способами нами было доказано, что в первом случае значения живой массы всегда занижены, а во втором случае наоборот завышены по сравнению с результатами взвешивания.

Профессор Дуйсембаев К.И. предлагает инновационный способ прогнозирования живой массы, без взвешивания тестированием показателя обхвата груди и альтернативного коэффициента [2]. Этот способ использован нами для прогнозирования живой массы взрослых кобыл костанайской породы лошадей [3] разных внутривидовых типов (Таблица 1).

Таблица 1. Средние промеры кобыл костанайской породы по племенным заводам, по Птом ГПКлошадей кустанайской породы.

Заводы	N	Средние промеры, см					Прогноз живой массы (ЖМ, кг)				
		Всота в холке M±m	Косая длина туловища M±m	Обхват груди (ОГ) M±m	Обхват пясти M±m	Инновационный способ по проф. Дуйсембаеву К.И.	ОГ, см	АК	ЖМ,кг	ОГ, см	АК
Кустанайская областная станция (верховой тип)	115	158±0,24	158,7±0,36	191,1±0,76	19,8±0,06	191	2,890	552	191	2,754	526
Краснодонской (основной тип)	132	154,5±0,58	156,2±0,53	188,0±0,8	19,5±0,10	188	2,824	531	188	2,702	508
Сары-Тургайский (степной тип )	156	152,2±0,6	155,8±0,8	185,2±0,9	19,2±0,02	185	2,757	510	185	2,649	490



Из данных таблицы 1 видно, что кобылы разных внутривидовых типов различаются не только по показателям промеров, а так же прогнозируемой живой массой, как по инновационному способу, так и по модификации формулы профессора А.Моторина, принятого в качестве прототипа. Наибольшей прогнозируемой живой массой обладают кобылы верхового внутривидового типа, соответственно 552 и 526кг, кобылы основного типа занимают промежуточное положение как по инновационному способу (531 кг.) так и по прототипу (508кг.). Наименьшая прогнозируемая живая масса выявлена у кобыл степного внутривидового типа, соответственно 510 и 490 кг. Вероятно, такие различия живой массы кобыл разных внутривидовых типов связаны не только укрупнением показателей промеров, но и технологией выращивания кобыл разных внутривидовых типов(конюшенно-пастбищное и культурно-табунное).

Профессор Дуйсембаев К.И. модифицировал формулу профессора А.Моторина, путем введения альтернативного коэффициента, тем самым упростив его формулу и сделав ее более удобной в использовании в практике коневодства (таблица 2).

Таблица 2. Средние показатели промеров костанайских кобыл (n=82) и результаты прогноза живой массы их разными способами

	Высота в холке	Косая длина туловища	Обхват груди	Обхват пясти	Прогноз живой массы, кг						
					По проф. Дуйсембаеву К.И.			По проф. Модификация формулы проф. А.Моторина с введением АК			По проф. У.Дюрсту
					ОГ	АК	ЖМ	ОГ	АК	ЖМ	
Количество кобыл(n)	82	82	82	82	ОГ	АК	ЖМ	ОГ	АК	ЖМ	ЖМ
Ср. ариф. ( $\bar{x}$ )	159,2927	157,1463	186,9268	20,31098	187	2,802	524	187	2,684	502	580
Станд. Откл. ( $\delta$ )	2,536099	2,293964	3,416664	0,434899							
Коэффициент вар иац.(Cv)	1,5921	1,459763	1,827808	2,141203							
Стат. ошбка (m)	0,280065	0,253326	0,377307	0,048027							
Стандарт породы по кобылам	151	---	180	18,5	180	2,639	475	Поправки на половой диморфизм ЖМ, кг.			
									468		
Стандарт породы по жеребцам	154	---	180	19,5	180	2,639			482		

В таблице 2 обобщены результаты испытания разных способов прогноза живой массы кобылок костанайской породы на основе средних показателей промеров. Во всех случаях исходным критерием прогноза принят средний промер обхвата груди (187кг.). По инновационному способу прогноз ЖМ (524кг.) находят умножением обхвата груди (187кг.) на соответствующий альтернативный коэффициент (АК) 2,802. Прототип подлежит модификации по аналогии с инновационным способом с введением альтернативного коэффициента АК(2,684). Прогноз живой массы по этому способу равен 502кг (187 ×2,684). Прогнозируемая живая масса по проф. У.Дюрсту составила 580кг (187 ×3,1). Особо следует отметить, что по стандарту породы кобылы и жеребцы [4] имеют одинаковый обхват груди 180 см. Прогнозируемая средняя живая масса по инновационному способу 475кг. (180 ×2,639), при этом в зависимости от полового диморфизма прогнозируемая живая масса у кобыл 468кг., а у жеребцов 482 кг.

Достоинства этого способа и в том, что по другим способам прогнозирование живой массы при одинаковом обхвате груди как у кобыл, так и у жеребцов не учтено.

Резюмируя вышеизложенное можно сделать заключение, что разница между инновационным способом прогнозируемой живой массой по проф. А. Моторину составляет минус 22 кг., а по проф. У. Дюрсту плюс 56кг.

Следует напомнить, что в ГПК костанайской породы лошадей отсутствуют данные по живой массе. С целью проверки достоверности данных по прогнозу живой массы разными способами были проведены исследования на европейской тракененской породе лошадей [5], на основе данных двух томов ГПК как по кобылам, так и по жеребцам (Таблица 3).

Таблица 3. Результаты прогноза живой массы лошадей европейской верхней тракененской породы, записанных в двух томах ГПК, разными способами

Группа лошадей	n	Средние промеры /см/ и живая масса по ГПК							Прогноз живой массы по проф. Дуйсембаеву К.И.				Прогноз живой массы, кг	
		Высота в холке	Косая длина	Обхват груди	Обхват пясти	Живая масса, кг	ОГ, ± 1 см	ЖМ, ± 1 кг	Разница массы кг	Разница %	По проф. А. Моторину (прототип)	По проф. У. Дюрету (аналог)		
Жеребцы II том ГПК	24	164,8	167,3	194,6	21,4	578	195 +0,4	580 +2	+2	0,35	548 -30	603 +25		
Жеребцы I том ГПК	81	164,1	167,4	191,2	21,2	559	192 +0,8	559 0	0	0	527 -32	593 +34		
Кобылы II том ГПК	271	161,2	164	191,4	20,6	555	191 -0,4	552 -3	-3	0,54	528 -27	593 +38		
Кобылы I том ГПК	552	162,1	165,7	193,5	20,7	567	193 -0,5	566 -1	-1	0,18	541 -26	600 +33		
План по жеребцам	35	166	169	198	21,5	600	198 0	601 +1	+1	0,17	568 -32	614 +14		
План по кобылам	500	163	167	196	20,7	580	195 -1	580 0	0	0	556 -24	608 +28		
Отклонение от данных государственной племенной книги (ГПК)								±	±	±	±	-	+	

Результаты прогноза живой массы европейской верховой тракененской породы лошадей, записанных в двух томах ГПК, показывают, что прогнозируемая живая масса по профессору Дуйсембаеву К.И. имеет наиболее минимальное отклонение (по жеребцам +1, что в процентном соотношении составило 0,17%, по кобылам отклонение и вовсе отсутствует) от данных государственной племенной книги. Прогнозируемая живая масса по профессору А. Моторину отклонение живой массы составило по жеребцам -32, по кобылам -24. Этот способ в сравнении с данными ГПК, всегда дает заниженные результаты по сравнению с взвешиванием. Прогнозирование живой массы по способу профессора У. Дюрстанаоборот, результаты прогноза живой массы всегда завышены по жеребцам +14, по кобылам +28 в сравнении с данными ГПК.

Следовательно, на основе сравнительного анализа прогноза живой массы разных способов можно сделать вывод, что инновационный способ профессора Дуйсембаева К.И. является более приемлемым и точным способом в сравнении с двумя другими способами прогнозирования живой массы без взвешивания по сравнению с взвешиванием.

### **Выводы**

1. Известные способы прогноза живой массы (ЖМ) взрослых лошадей на основе измерения основных промеров тестирования величины обхвата груди (ОГ) как по проф. А. Моторину, так и по проф. У. Дюрсту без учета породной принадлежности имеют существенные недостатки. Установлено, что по первому способу результаты прогноза всегда занижены, а по второму способу постоянно завышены в сравнении с взвешиванием.

2. В известных способах не учтены породная принадлежность лошадей, половой диморфизм, а также не предусмотрена возможность прогнозирования ЖМ при одинаковых промерах ОГ у жеребцов и кобыл. Эти недостатки устранены введением гибкой системы альтернативных коэффициентов (АК) нового поколения по проф. Дуйсембаеву К.И., они приемлемы не только для лошадей костанайской, но и всех местных и верховых пород достоверностью не менее 99%.

### **Литература**

1. Красников А.С. Практикум по коневодству. Изд. 3-е, переаб. и доп. М., «Колос», 1977. 160 с. с ил.
2. Дуйсембаев К.И., Экспресс – метод прогнозирования параметров живой массы верховых лошадей разных пород. Новое в науке о коневодстве. 43-46 с. /Сборник докладов/- Издание ВНИИ коневодства. 2006.- 252 с.
3. Моторико М.Г. ГПК лошадей кустанайской породы, том II, Алма –Ата «Кайнар» 1975. с.3-27.
4. Инструкция по бонитировке племенных лошадей заводских пород. Москва 1991. Разработана ВНИИ коневодства.
5. ГПК лошадей тракененской породы том I, Москва «Колос» 1974г и том II, Москва «Колос» 1980

### **Айвазян В.В.**

## **КОСТАНАЙ ТҰҚЫМЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ ТІРЛЕЙ САЛМАҒЫН ӨЛШЕУСІЗ БОЛЖАУ ӘДІСІ**

Дене салмағы туралы мәліметтер, атап айтқанда асыл тұқымды мал және жылқы үшін маңызды болып табылады. Қымбат импорттық таразының қажеті жоқ, өйткені малдардың салмағы анықтау үшін үнемді әдіс қолдану арқылы оның қатесін азайтып, формулалардың орнына альтернативтік коэффициенттерді кеуде орамына көбейту арқылы тірілей салмағын өлшеусіз болжау – инновациялық әдісі өте тиімді.

**Кілт сөздер:** тірілей салмағы, альтернативтік коэффициенттер, дене өлшемдері, арнаулы таразы, міністі жылқы тұқымы.

**Aivazyan V.V.**

## METHOD OF PREDICTING LIVE WEIGHT OF ADULT HORSES OF KOSTANAYBREED WITHOUT WEIGHING

Live weight data are crucial for breeding and horse breeding in particular. The most exact method of determination of animal mass is weighing, but alternative and more economical method is calculation of body weight according to the formulas because there is no need for expensive imported equipment, that is substantiated cause continuous improvement of the latter method, and lowering its error.

**Keywords:** live weight, conversion factor, the measurements, cart scales, saddle horse.

**ӘОЖ 579.2:577.13**

**Асылбаева Е.Ж., Кожаметова З.А., Төлемісова Ж.К.**

*Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қаласы*

### ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК САҚТАУҒА ДЕЙІНГІ БИФИДОБАКТЕРИЯ *B.BIFIDUM* В-RKM-0577 ШТАМЫН АНТИБИОТИКТЕРГЕ ТӨЗІМДІЛІК ЖӘНЕ АНТАГОНИСТІК БЕЛСЕНДІЛІК ҚАСИЕТТЕРІНЕ ЗЕРТТЕУ

#### **Андатпа**

Бұл мақалада «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының мұражайлық коллекциясынан алынған *B.bifidum* В-RKM-0577 штамының антибиотиктерге төзімділік және антагонистік белсенділік қасиеттеріне зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша *B.bifidum* В-RKM-0577 штамының биологиялық қасиеттері біршама жоғары болғаны анықталды.

**Кілт сөздер:** бифидобактериялар, антибиотиктерге төзімділік, антибиотик дискілері, антагонистік белсенділік, тест-бактериялар.

#### **Кіріспе**

Бифидобактериялар -сүтқышқылды өнімдерді дайындауда қолданылатын ашытқы бактерияларының бір түрі болып есептеледі. Олар ана сүтін пайдалану кезіндегі нәрселердің және ауыл шаруашылығы тәріздерінің асқазан-ішек жолдары микрофлорасының 85-90 пайызын құрайды. Бифидобактериялар сапрофитті, шартты-зардапты және зардапты микроорганизмдердің антагонистері болып табылады. Бірнеше ұрпақ бойы оттегіне төзімділік қасиеттері болуына қарамастан, анаэробтық қасиеті сақталынады. Бифидо- және сүтқышқылды бактериялардың пробиотиктер ретінде белгілі бір белсенді қасиеттері бар. Олар ішек микрофлорасының, адам мен жануарларда холестерин мөлшерін реттеп отырады.

Ағзаларда бифидобактериялардың тапшылығы ересектер мен балаларда ішек қызметінің бұзылуына, минералдың, ақуыздың, липидтік зат алмасудың, ішектегі сіну үдерістерінің бұзылуына, ас қорытудың созылмалы дерттеріне алып келеді.

Бүгінде бифидобактериялардың 20-дан астам түрі белгілі. Адам микрофлорасының негізін солардың бірнеше түрі құрайды және әрқайсысының қасиеттері мен ерекшеліктері әр түрлі болып келеді. Бифидобактериялар мен ацидофильді таяқшалар қолданылып даярланған қышқыл сүт өнімдері – адам ішегі үшін қалыпты микроағзалар, олардың емдік және аурудың алдын алу қасиеттері жоғары.

### **Материалдар және әдістер**

Бұл ғылыми жұмыс «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының «Микробиоценоздар және пробиотиктер құрастыру» зертханасында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде мұражайлық коллекциядан алынған *B.bifidum* В-РКМ-0577 штаммы пайдаланылды. Зертханада модифицирленген Блауроктың тығыз (2,5%) және жартылай сұйық (0,85%) қоректік ортасы, ет пептонды сорпа (ЕПС), ет пептонды агар (ЕПА), тест - культуралар қолданылды. Антибиотикке төзімділігін анықтауда Санкт- Петербургта жасалынған (ТШ 9398-001 -39 484474 -2000) 9 антибиотик дискілері (тетрациклин, канамицин, гентамицин, пенициллин, цефазолин, ампициллин және доксициклин) қолданылды.

*B.bifidum* В-РКМ-0577 штамының антибиотиктерге төзімділігі диффуздық, ал антагонистік қасиеттері шұңқырша әдістерімен анықталынды. Зерттелініп отырған штамм өсіндісіне антибиотиктердің әсерін антибиотик дискісі айналасындағы мөлдір аймақтың диаметрін миллиметрлік қағаз сызғыш көмегімен өлшеу арқылы анықтадық. Сүтқышқылды бактериялардың антибиотиктерге сезімталдығын қағаз дискі әдісімен анықтау сүтқышқылды бактерияларының белгілі бір антибиотиктерге төзімділігін анықтаудың бірден - бір сапалы әдіс болып табылады. [10]

Бифидобактериялардың антагонистік белсенділік қасиеттерін анықтау әдістемесі.

Бифидобактериялардың антагонистік қасиеттерін анықтау үшін шұңқырша әдісін қолданады. Ол үшін ЕПА-ы бар Петри аяқшаларына тест культуралардың 1мл-ін стерильді пипеткамен құйып, шпательмен бүкіл қоректік ортаның бетіне жайып егеді. Культуралар қоректік ортаға сіңу үшін 20 минутқа қояды, содан соң қоректік ортаға бірнеше шұңқыршалар жасалынады. Осы шұңқыршаларға антагонистік қасиеттері зерттелінетін бифидобактериялардың 1 тәуліктік өсіндісін тамызады да термостатқа қояды.

#### **Зерттеу мақсаты және міндеттері**

*B.bifidum* В-РКМ-0577 штамының антибиотиктерге төзімділік және антагонистік қасиеттерін анықтау жұмыстың мақсаты болып табылады. Жұмысты орындау мақсатында төмендегідей зерттеу міндеттері қойылды:

- *B.bifidum* В-РКМ-0577 штамының антагонистік тест-культураларға белсенділігін анықтау;

- *B.bifidum* В-РКМ-0577 штамының антибиотикке төзімділігін анықтау;

#### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін *B.bifidum* В-РКМ-0577 штамының өсіндісін белсендендіру мақсатында Блаурокк қоректік ортасына бірнеше рет себінді жасалынып, 37-38°С температурада 48 сағатқа термостатқа қойылды. Өсіп шыққан белсенді бифидобактерия өсінділерін Блауроктың тығыз (2,5%) және жартылай сұйық (0,85%) қоректік ортасында жасалынған себінді және петриаяқшасының бетіне егеіп, 37-38° С температурада 48 сағатқа термостатқа қойылды. Нәтижесінде бифидобактериялардың ұзынша тармақталған өсінділердің өскендігі байқалынады (сурет 1, 2).



Сурет 1. Блоуроктың тығыз қоректік ортасының бетінде *B.bifidum* В-RKM-0577 штамы өсіндісінің анаэробты жағдайда анаэроустатта өсу қасиеті



Сурет 2. Сол жақта - *B.bifidum* В-RKM-0577 штамы өсіндісінің Блоурокк қоректік ортасында (0,85%) өсу қасиеті. Оң жақта - таза Блоурокк қоректік ортасы - өсіндісі.

Кесте 1. *B.bifidum* В-RKM-0577 штамының антибиотикке төзімділігін анықталған көрсеткіштері төмендегі кестеде көрсетілген

Штамм	Пенициллин	Цефазолин	Гентамицин	Линкомицин	Ампициллин	Тетрациклин	Доксициклин	Фурадонин	Канамицин
<i>B.bifidum</i> В-RKM-0577	8	10	12	0	10	15	0	0	17

**Ескертпелер:**

қағаз дискілері айналасында  
 микробтардың өсуі- сезімтал емес  
 аймақтың диаметрі 15 мм-ден кем- аз сезімтал  
 аймақтың диаметрі 15 мм – 25 мм аралығында – сезімтал  
 аймақтың диаметрі 25 мм – ден көп болса- жоғары сезімталдықты көрсетеді.

1-кестеде көрсетілген зерттеу нәтижелері бойынша *B.bifidum* В-RKM-0577 штамы тетрациклин, канамицинге сезімтал (аймақтың диаметрі 15 мм), ал гентамицин, пенициллин, цефазолин, ампициллин аз сезімтал (аймақтың диаметрі 8-12 мм) екені анықталынды. Фурадонин, доксициклин, линкомицин антибиотиктері бифидобактерия штамына сезімтал еместігін көрсетті.



Кесте 2. Төмендегі кестеде *B.bifidum B-RKM-0577* штамының антагонистік қасиеттерінің зерттеу нәтижелері

Штамм	Тест культураларыныңтежелуаймағы,мм						
	Sarcinaflava	St.aureus	E.coli	Bac.mycoides	Dipla ccocussepticum	Pasteurella multocida	Salmonne lladublin
<i>B.bifidum B-RKM-0577</i>	16	17	20	12	12	15	10 -

2-кестеде шартты зардапты және зардапты тест - культураларға *B.bifidum B-RKM-0577* штамының антагонистік белсенділік қасиетінің тежелу аймағы 10 – 25 мм аймағында болды. Жоғарғы төзімділікті *St.aureus*, *Sarcinaflava*, *E.coli* (тежелу аймағы 20-17мм) бактериялары, *Bac.mycoides*, *Diplacoccus*, *Pastarella multacida* (тежелу аймағы 15-12 мм) көрсетсе, *Salmonnelladublin* (тежелу аймағы 10 мм).

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеулердің қорытындысы 1-ші және 2 – ші кестедегі мәліметтер бойынша *B.bifidum B-RKM-0577* штамының антибиотиктерге біршама төзімді екенін және антагонистік белсенді қасиеттерін көрсетті. Бифидобактерия штамының биологиялық қасиеттері анықталғаннан кейін, вазелин майы және леофильді кептіру нәтижесінде -3-4° С температурада ұзақ мерзімге сақтауға қалдырылды.

### Әдебиеттер

1. Е.Ф.Евлашкина Специфическая активность бифидосодержащих моно- и комплексных биопрепаратов и усовершенствование методов их контроля / Москва – 2009г/ Автореферат . 3-4 с.
2. Карпов А. М., Улумиев А.А. Сушка продуктов микробиологического синтеза / - М.,1982. - 216с.
3. Микроорганизмдер өсімділерінің каталогы , Алматы 2005ж.19,
4. Давыдкин Ю.П. Экспериментальное изучение движущей силы процесса сублимации / Биотехнология. - 1985. - № 6. - С. 110-115.
5. Белоус А. М., Цветков Ц. Д. Научные основы технологии сублимационного консервирования / - Киев :Наукова думка. - 1985. - 208 с.
6. Тутова Э.Г. Консервация микробиологических препаратов и штаммов-продуцентов /- М.: НИИТЭХИМ, 1986. -Вып. 10 (197). -84 с.
7. Тутова, Ф.Г. Сушка продуктов микробиологического производства / - М. :Агропромиздат, 1987. - 303 с.
8. Давыдкин Ю.П., Похиленко В.Д., Давыдкин В.Ю. О движущей силе процесса сублимации влаги из различных материалов // Системы управления и автоматизации технологических процессов – М.: НИИСЭНТИ, 1993. - Вып. 1. - 40 с.
9. Волков В.Я. К вопросу о физиологических и физико-химических механизмах стабильности микроорганизмов к замораживанию и высушиванию // Микробиология. - 1994. - Т. 63. - Вып. 1. - с. 5-16.
10. Материалы международной научно- практической конференции «Современная микробиология в биотехнологии, науке и образовании», посвященной 75- летию крупного ученого – микробиолога, организатора биотехнологических исследований в Казахстане, академика НАН РК Клары Ахмедьевны Тулемисовой. Астана, 2012г. с 127

**Асылбаева Е.Ж., Кожаметова З.А., Толемисова Ж.К.**

Ақмарқа (*Aspius aspius*, Linnaeus, 1758). Ақмарқа қоректену типі бойынша жыртқыш. 1971-1973жж. Іле өзенінің төменгі бөлігінен Қапшағай суқоймасына жалпы саны 49,201 мың дана әр түрлі жастағы ақмарқа балықтары жіберілген. Ақмарқа Іле-Балқаш бассейнінде тіршілік ету ортасына байланысты 2 формаға бөлінеді олар: жартылай өткінші және тұрғылықты. Тұрғылықты түрдің саны аз болады және өмір сүру уақытының көп бөлігі Іле өзенінің орта ағысында өтеді. Жартылай өткінші формасы тек өрістеу кезеңінде өзенге шығады [3]. Ақмарқа суқоймада көктем жаз айларында белсенді қоректенеді тек қазан айынан бастап аулауда кездескен дарактардың асқазан жолдары бос күйде екені зерттеу жұмыстары барысында байқалды. Бұл жағдай балықтың Іле өзеніне күздік миграциясының басталуы деп қарауға толық негіз бар, себебі ақмарқа басқа балықтар секілді өзенге қыстау миграциясын жасағанда қоректенбейді тек популяцияның аз бөлігінде ас қорыту жолдарында балықтардың сүйек қалдықтары кездеседі. Өрістеу миграциясы ақмарқа балығында қыстау орындарынан өзенге наурыз айының басында қозғала бастайды. Ақмарқа Іле өзенінің жоғарғы ағысына қиыршық тасты аумаққа миграциялайды. Өзенде су температурасы 5-6 С<sup>0</sup> жеткенде яғни сәуір айының бірінші жартысынан бастап негізгі бөлігі екінші жартысымен соңына дейін уылдырық шашады және климаттық себептерге байланысты мамыр айына дейін созылады. Іле өзенінде өрістеу 20-30 күнде аяқталады. Келесі миграция өрістеп болған өндірушілердің суқойманың сағалық аймақтарына көшуімен аяқталады. Ақмарқа Іле-Балқаш бассейнінде Іле өзені бойымен өрістеу алды және қыстау миграциясы 300 км жуық созылады [3]. Жыныстық жетілген ересек балықтар жаз айларында суқойманың жағалаулық аймақтарында басқа балықтардың шабақтары көп шоғырланған аумақтарда жайылым жасайды. Өрістеу аяқталғаннан соң Іле өзенінде

ақмарқа уылдырықтарын жарып шыққан соң баяу екпінмен ағыс бағытымен суқоймаға ағады. Дернәсілдердің негізгі бөлігі мамыр-маусым айларында суқоймаға ағыспен жылжиды. Қапшағай суқоймасында өзеннен ағып келген дернәсілдер суқоймада белсенді қоректену жағдайына көшеді. Біздің суқоймадағы маусым-тамыз айларындағы зерттеу жұмыстары барысында жағалаулық бөліктерде сүзекі аулармен сүзу барысында ақмарқа шабақтары көп кездесті. Тамыз айының ортасында суқойманың 1 кәсіптік ауданда ұзындығы 5-11 см аралығындағы ақмарқа шабақтарының үйірі жаппай жағалаумен үлкен көлемде Қапшағай ГЭС бағытына көшуі байқалды. Жыныстық жетілген ірі дарақтар санаулы кездесті, бұл ірі дарақтардың жағалау бөліктерінде аз қозғалатынын байқатады. Сонымен қатар суқойманың 2 кәсіптік ауданының жағалаулық бөліктерінде сүзекі аулармен әрбір 10 м қашықтықты сүзу барысында 4-5 дана жоғарыда айтылған көлемдегі ақмарқа шабақтары кездесті. Суқойманың 1-2 кәсіптік ауданы ақмарқа шабақтарының жайылым жасауға қолайлы субстраттардың тұрақтылығын көрсетеді. Тамыз айының екінші жартысында ақмарқа популяциясының зерттеу барысында суқойманың Есік, Түрген өзендерінің құярлық аудандарында және Соркөл аумағында ғылыми аулау барысында айтарлықтай кездесті. Бұл осы балықтың сол жағалауда жайылым жасау аймағы деп айтуға толық негіз бола алады (сурет-1).

Көксерке (*Sander lucioperca*). Қапшағай суқоймасына кеңінен тараған. Құнды балықтардың арасында көксерке саны көп балықтардың бірі болып саналады. Суқоймада көксеркенің жыныстық жетілу уақыты 3-6 жас аралығында жетіледі [4]. Ең жоғарғы концентрациясы көктемде уылдырық шашу кезінде суқойманың жағалауында таралады. Уылдырық шашып болған соң су жылына бастап ірі дарақтары суқойманың терең аймақтарына кетіп, ал популяцияның жас бөлігі суқойманың жағалауында қалады.



Ескерту:

→ – күзгі өрістеу




↪ – жазғы жайылым

Сурет-1. Жаздық және күздік миграция жолдарының кәсіптік аудандар бойынша балықтардың бағыттары.

Көксерке жалпы әдебиеттерде екі биологиялық топқа бөлінеді, олар тұрғылықты және жартылай өткінші. Қазіргі таңдағы суқоймадағы көксерке тіршілік ету формасына қарай тұрғылықты формаға жақын. Қапшағай суқоймасында көксерке басқа кәсіптік балықтар секілді көктемде өзендерге миграция жасамайды тек популяцияның аз бөлігі ғана Іле өзеніне көтеріледі. Сәуір айында өндіруші дарақтар суқойманың таяз болып табылатын сол жағалауына шоғырланады. Уылдырық шашу кезеңі аяқталған сәтте, яғни мамыр айының 2 жартысынан бастап көксеркенің жайылым миграциясы басталады. Дарақтардың ірі көлемдегі топтары шашыраңқы түрде суқойманың терең аумақтарына көшеді, ал ұсақ

көлемдегі популяциялар жағалаулық аумақтарда мейлінше қорек көзі көп аудандарда қалып қояды. Мысалы көксерке мен ақмарқаның шабақтары жаз айларында Қапшағай суқоймасының сол жағалауындағы өзендердің құярлық бөліктерінде сүзекі аумен аулау барысында көп кездесті (сурет-1). Сәйкесінше осы аймақтарда зоопланктонның көп концентрациясы байқалды. Көксеркенің көлемі 10 см құрайтын шабақтары осы аумақта жайылым жасауын байқадық және осы аудандар жайылымдық миграцияның нүктесі ретінде қарауға болады. Бірақ басқа суқойманың аудандарында көксерке жайылым жасамайды деген сөз емес. Мамыр –қазан айларының аралығында көксерке толығымен суқойманың оң және сол жағалауында жайылым жасайды. Қазан айында көксерке Іле өзенінде бақылау жұмыстарында кездеспеді тек өзеннің бойындағы ұсақ көлдерде санаулы кездесті. Жалпы Қапшағай суқоймасындағы жыртқыш балықтар популяцияларының миграциясы жыл мезгілдерінде бір жүйемен орын ауысып отырады (сурет -2).



Сурет-2. Қапшағай суқоймасындағы жыртқыш балықтардың маусымдық миграциясының сызба нұсқасы.

Жайын (*Silurus glanis*) Қапшағай суқоймасы сумен толтырылған бастапқы кезеңде бұл балықтың саны айтарлықтай болмады. Жайын кәсіптік статистикада 1975 ж бастап кездесе бастады, оның үлесі жалпы аулауда 0,1% - ды құрады. Жыл сайын саны артып, аулауда тыраннан кейінгі екінші орынды иеленді. Соңғы 1993-1994 жж. көрсетілгендей кәсіптік статистикада жоқ. 1996-2010 жж. мәліметтер көрсеткендей жайынның үлесі жыл сайын артып, 2012 жылы бірінші жарты жылдықта 19,1 т (36,7 %) құрады. Жайын Қапшағай суқоймасыда толық 5-6 жасында жетіледі [4]. Жалпы тіршілік ету формасына сәйкес жартылай өткінші балық болып саналады. Суқоймада жайын өрістеуге көктемнің орта шегі сәуір айынан бастап Іле өзенінде миграция жасайды, бірақ ол ақмарқа немесе басқа балықтар секілді ұзақ қашықтықты бағындырмайды. Жайын популяциясының Қапшағай суқоймасында Іле өзенінің сағалары негізгі өрістеу аумағы болып табылады және бұл мамыр айының соңына дейін жалғасады.

Жалпы жайын балығы қоректенуіне қарайтын болсақ ол жайылым миграциясына көп күш жұмсамайды. Мысалы көктем-жаз айларында суқойманың сол жағалауында Іле

өзенінің құярлық аймағына жақын аймақта аулау жұмыстарында басқа аудандармен салыстырғанда жиі кездеседі және осы 4 кәсіптік ауданда белсенді жайылым жасайды. Жайын көксерке мен ақмарқа секілді қоректенуге көп күш жұмсамайды және бұталар мен өсімдік қалдықтарының арасында қозғалмай тұрады. Жайынның жалпы суқоймада өрістеу жолдары белгілі бір жүйемен емес және суқойманың белгілі бір аудандарының аралығында миграция жасамайды, ол шашыраңқы түрде кездеседі. Бұған тағы бір себеп болатын жәйт оның қоректену рационасындағы түрлердің көптігі себеп. Мысалы, суқойманың батыс жағалауында ауланған жайынның асқазанында өзен шаяндарының 3 қорытылмаған және 3 жартылай қорытылған түрлері кездесті. Осыған қарай отырып, жайынның кез келген ауданда және қорек талғамайтынын байқауға болады.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келгенде, Қапшағай суқоймасында кәсіптік маңызы бар жыртқыш балықтардың маусымдық өрістеуі көктем айларында. Осы түрлердің көп бөлігі Іле өзеніне өрістийді тек көксерке популяциясының көп бөлігі суқойманың құмды саяз жағалау аймағына сәуір-мамыр айларында өрістейді. Жалпы балық шаруашылығында балықтардың санын игеру және олардың қорын тиімді пайдалану үшін әрбір түрдің өрістеу аймақтарын және уақытын бақылап білу өте маңызды. Сонымен қатар, тек адамның қажетіне тұтыну мақсатында ғана біліп қоймай, олардың басқа балықтармен қоректік тізбекте санын реттеп отыру мақсатында миграциясын білу өте маңызды міндет атқарады.

### **Әдебиеттер**

1. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб.- М.: Пищевая промышленность, 1966г -, с 376.
2. Никольский Г.В. Экология рыб издательство «Высшая школа» Москва 1963 г-, с 244.
3. Рыбы Казахстана том 2 издательство «Наука» Казахской ССР Алма-ата 1987г -, стр 165-170.
4. Никольский Г.В. Частная ихтиология издательство «Советская наука» 1950 г-, с 255.

### **Резюме**

Сезонные миграции хищных рыб в капшагайском водохранилище. В данной статье рассматриваются основные миграционные районы, пути и нерестовые, зимовальные места по акватории Капшагайского водохранилища.

### **Summary**

Seasonal migration of predatory fish in kapchagai reservoir. This article discusses the main migration areas, ways and spawning, wintering place for Kapshagay reservoir.

Канапьянова А.Н., Ким Г.Л.

*НАО Казахский национальный аграрный университет*

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БИОХИМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КРОВИ В СЕЛЕКЦИИ ДЕГЕРЕССКИХ ОВЕЦ

### **Аннотация**

Важнейшей задачей в животноводстве является выявление и использование биологических возможностей организма животных при производстве экономически выгодных видов продукции. Одним из способов разрешения этой проблемы в овцеводстве является поиск путей увеличения шерстной и мясной продуктивности овец с использованием биохимических показателей крови. Изучение интерьерных показателей в увязке с продуктивностью, как одна из форм косвенного отбора, может ускорить темпы селекции за счет раннего прогнозирования генетического потенциала высокопродуктивных животных. Теоретическое обоснование такой взаимосвязи состоит в плеiotропном эффекте генов, гетерозиготности организма и законе корреляции.

**Ключевые слова:** Аланинаминотрансфераза (АЛТ), аспартатаминотрансфераза (АСТ), ферменты переаминирования, генетический потенциал, корреляция, белковый обмен, косвенный отбор, селекционно-племенная работа, гормоны, живая масса,настриг шерсти.

### **Введение**

Принимая во внимание перспективы использования биохимических показателей крови в селекционно-племенной работе, следует отметить, что природа корреляций между компонентами крови и признаками продуктивности животных основана на твердо установленных фактах определяющей роли генов в синтезе белков [1]. Продуктивность животных всегда связана с усилением отдельных направлений обмена веществ и в этом отношении значительный интерес представляют ферменты крови. Выбор биохимических показателей для исследований определяется их перспективностью для прогнозирования будущих продуктивных качеств. Наиболее перспективными показателями считаются ферменты переаминирования аспартатаминотрансфераза (АСТ) аланинаминотрансфераза (АЛТ), принимающие активное участие в синтезе заменимых аминокислот. Катализируют синтез аланина, аспарагиновой кислоты, а при обратном переносе - глутаминовой кислоты, которые являются наиболее распространенными среди 20 аминокислот в составе любого белка в организме животных. Следовательно, изучение активности аминотрасфераз АСТ и АЛТ сыворотки крови имеет большое значение так как эти ферменты контролируют главное звено обмена веществ – обмен аминокислот.

При сравнительном изучении активности ферментов АСТ и АЛТ между ягнятами и взрослыми овцами существенных различий не обнаружено, что указывает на возможность ранней оценки овец по данным показателям. У молодняка разных групп в основном сохраняются генотипические различия характерные для их родителей.

На основании вышеизложенного становится ясным, что белки составляют основную часть крови животных и выполняют многочисленные функции: они участвуют в обмене веществ животного организма, переносят микро – и макроэлементы, витамины, ферменты, гормоны, лекарственные и многие биологически активные вещества, а так же осуществляют защитные функции организма против различных инфекционных и других вредных внешних воздействий. Поэтому исследования в этой области у овецного



внутрипородного типа дегересских овец имеют большое научное и практическое значение и в настоящее время привлекают внимание многих исследователей.

Следует отметить, что благодаря высокому гомеостазу организма, созданный второй внутрипородный тип дегересских овец (апробирован в 2009 г.) в последние годы получил широкое распространение в Республике. Их удельный вес составляет около 70% всей популяции.

### Материалы и методы


Объектом исследования послужили овцы нового внутрипородного (зонального) типа дегересской мясо - шерстной курдючной породы овец с полугрубой шерстью, принадлежащих племхозу "Мади" Жамбылского района Алматинской области различных половозрастных групп в количестве 15 голов каждой.

Индивидуальный учет настрига шерсти подопытных животных проводили во время стрижки овец путем взвешивания руна индивидуально от каждого животного. Живая масса животных определялась при бонитировке путем индивидуального взвешивания.

Для проведения биохимических исследований от каждой подопытной овцы, в полевых условиях, брали кровь из яремной вены, обычной инъекционной иглой по установленным ветеринарным правилам. Определение активности ферментов аминотрансфераз проводилась по методу Райтмана-Фрекеля, Умбрайт-Пасхиной. Принцип метода заключается в реакции переаминирования, происходящей под действием АСТ и АЛТ, с образованием щавелево-уксусной и пировиноградной кислоты. Щавелево-уксусная кислота превращается в реакции в пировиноградную кислоту. При добавлении (2,4 - динитрофинил)-гидразила в щелочной среде образуется окрашенный гидразон пировиноградной кислоты.

Инонотрансферазы – ферменты, катализирующие взаимное превращение аминокислот и  $\alpha$ -кетокислот путем переноса аминогруппы, были открыты А. Е. Браунштейном и М. Г. Крицман в 1937 г. Переаминирование протекает в присутствии кофермента – фосфопиродоксаля, являющегося фосфорилированным производным витамина В<sub>6</sub>.

*Реакция катализируемая аспаратаминотрансферазой и аланинаминотрансферазой:*



Методика построения калибровочного графика. В обычные пробирки разливают 0,2; 0,4; 0,6; 0,8 мл 0,005 % стандартного раствора пировиноградного натрия (раствор XIII), что соответствует 8,16, 24,32 мг пировиноградной кислоты в пробе. В каждую пробирку добавляют дистиллированную воду до 1,0 мл, а затем – по 0,5 мл раствора 2,4 –ДНФГ, перемешивают и через 5 минут добавляют по 2,5 мл водо-насыщенного толуола. Содержимое пробирки встряхивают 30 секунд. Сухой градуированной пипеткой на 2 мл, соединенной с резиновой трубкой, из верхнего толуолового слоя отбирают 1,5 мл и переносят в чистую сухую пробирку. Добавляют 4,5 мл раствора спиртовой щелочи. Через 10 минут пробы фотометрируют в фотоэлектроколориметром с синим фильтром (470 мм) в кювете толщиной 10 мм против контроля на реактивы. Каждую пробирку выполняют в виде 2-х параллельных определений. Контрольная проба на реактивы содержит 1 мл воды раствора пировиноградно-кислого натрия. Все остальные реактивы в контрольной пробе добавляют в том же количестве и в том же порядке, как и в опытной пробе. При построении калибровочного графика по оси ординат указывают найденную величину оптической плотности E (среднее арифметическое из 2-х параллельных определений) на оси абсцисс-соответствующее содержание пировиноградной кислоты в мкг.

Нами изучалась активность ферментов аминотрансфераз (АСТ АЛТ) сыворотки крови овцематок, баранов-производителей и их потомства.

Полученные экспериментальные материалы обрабатывались методом вариационной статистики по Меркурьевой Е.К.[2].

#### Результаты исследований

Аминотрансферазы сыворотки крови играют важную роль в процессах метаболизма в животном организме. Катализируя процессы переаминирования аминокислот, они выступают связующим звеном взаимопревращения белков, жиров и углеводов, тем самым участвуют в формировании продуктивных качеств животных. Исходя из важности функций этих ферментов и учитывая их высокую наследуемость показатели активности АСТ и АЛТ можно использовать в качестве объективных косвенных критериев оценки и прогнозирования продуктивности сельскохозяйственных животных и их приспособленности к условиям окружающей среды [3].

Таблица 1 - Активность ферментов аминотрансфераз (АСТ и АЛТ) сыворотки крови овцематок

№ пп	Инд.№	АСТ, мкмоль/час	АЛТ, мкмоль/час
1	2026	6,73	2,54
2	2299	6,87	2,67
3	2112	5,25	3,20
4	2395	3,75	2,48
5	2111	5,32	2,93
6	2274	5,72	2,45
7	1656	3,60	2,09
8	1182	5,99	3,01
9	1284	6,54	2,45
10	1069	5,89	3,02
11	1517	4,95	2,09
12	1092	5,12	3,29
13	1074	5,99	2,45
14	1718	4,95	2,33
15	1143	5,50	2,03
X±m <sub>x</sub>		5,48± 1,15	2,60±0,34

Максимальная активность ферментов АСТ и АЛТ выявлена у дегересских овец первого внутривидового типа, отличающихся более высокими показателями шерстной и мясной продуктивности. Более высокая активность ферментов аминотрансфераз отмечена у ягнят, чем у матерей, что видимо связано с интенсивностью роста и развития в молочном периоде онтогенеза. При этом у молодняка наблюдаются генотипические различия, присущие взрослым животным. Среди ягнят различного происхождения наибольшей активностью ферментов переаминирования отличались ягнята желательного типа ДПТ овец от разведения "в себе", что свидетельствует о повышенной скорости течения обменных процессов в их организме[4].

У маток дегересской породы с полугрубой шерстью (табл.1) активность АСТ находится в пределах 3,60 - 6,73, что свидетельствует, о не стабильности ферментативной активности, что видимо связано с различным уровнем обменных процессов исследуемых животных. Но средний уровень активности АСТ по группе достаточно высок (5,48 мкмоль/час). Изменчивость АЛТ значительно ниже. Показатели находятся в пределах 2,03-3,29. Относительно средний уровень активности ферментов переаминирования может быть связан с опытами, проводимыми в ранне-весенний период.

Вышеприведенные данные свидетельствуют о том, что активность АСТ в два раза превышает активность АЛТ. По данным активность АСТ превышает активность АЛТ у овец романовской породы примерно в 4-5 раза[5]. По данным показатели активности АЛТ и АСТ достаточно изменчивы и зависят от ряда факторов, как наследственного, так и ненаследственного характера[6].

Такие же результаты получены при проведении исследований на овцах казахской тонкорунной породы.

Таблица 2 - Активность ферментов аминотрансфераз сыворотки крови дегересских баранов- производителей

№ пп	Инд. №	АСТ, мкмоль/ч	АЛТ, мкмоль/ч
1	3010	6,42	2,36
2	2001	5,15	2,25
3	3111	5,98	2,89
4	3019	4,87	2,28
5	4111	4,45	2,34
X ± m <sub>x</sub>		5,37 ± 0,46	2,45 ± 0,25

Изменчивость активности ферментов переаминирования у дегересских баранов второго внутривидового типа (табл. 2) незначительна (4,45 - 6,42), что свидетельствует об отселекционированности группы. Однако в среднем активность как АЛТ, так и АСТ ниже, чем у овцематок. Это, по видимому, объясняется физиологическим состоянием овцематок, связанным с лактационным периодом, т.к. в это время ягнята находились в подсосном периоде.

В таблице 3 приведены данные активности ферментов аминотрансфераз (АСТ и АЛТ) сыворотки крови чистопородных дегересских ягнят в динамике (в возрасте 3 дня, 1 мес., 4 мес.). Как видно из таблицы активность ферментов АСТ в 3 дневном возрасте составила 2,21 мкмоль/час, а АЛТ 1,22 мкмоль/час, к 1- месячному возраступоказатели увеличиваются АСТ 3,48 АЛТ, 1,68. затем с возрастом активность трансаминаз постепенно повышается, достигая уровня взрослых животных. К 4 месячному возрасту достигает максимума 4,95 мкмоль/час АСТ и 2,34 мкмоль/час АЛТ).

Таблица 3- Активность ферментов аминотрансфераз сыворотки крови дегересских ягнят

№ пп	Инд №	АСТ, мкмоль/ч			АЛТ, мкмоль/ч		
		3 дня	1 месяц	4 месяца	3 дня	1 месяц	4 месяца
1	2030	2,50	3,86	5,56	1,25	1,93	2,52
2	6467	2,02	3,98	5,21	0,98	1,62	2,34
3	7720	1,95	3,82	4,49	1,06	1,50	2,08
4	7182	2,16	3,81	5,23	0,83	1,32	1,95
5	6258	2,18	2,91	3,92	1,63	1,84	2,54
6	7220	1,89	2,73	4,11	1,81	1,71	2,25
7	2081	2,28	3,75	3,91	0,84	1,42	2,52
8	6363	2,37	3,84	4,48	1,76	1,83	2,28
9	6255	1,86	2,92	3,27	0,88	1,54	2,19
10	7384	2,39	3,51	4,18	0,83	1,35	2,08
11	3223	2,34	2,84	5,12	1,78	1,65	2,34
12	7424	2,57	2,97	4,26	0,90	2,01	2,51
13	7623	2,55	3,95	4,14	1,25	1,78	2,43
14	7218	1,94	2,76	3,79	0,96	2,03	2,59
15	7672	2,20	4,52	5,18	1,49	1,69	2,46
В среднем	2030	2,21±0,06	3,48±0,67	4,95±1,07	1,22±0,05	1,68±0,70	2,34±0,26

При изучении активности ферментов аминотрансфераз сыворотки крови ягнят в возрастной динамике обнаружено, что активность АСТ и АЛТ повышается до 4 месячного возраста, а в дальнейшем достигает уровня взрослых животных. При этом у молодняка сохраняются генотипические различия, характерные для их родителей.

Таблица 4 - Продуктивные качества и биохимические показатели сыворотки крови в парах «мать-дочь» овец дегересской породы

№	Инд. №		Живая масса., кг		АСТ, мкмоль/час		АЛТ, мкмоль/час	
	мать	дочь	мать	дочь	мать	дочь	мать	Дочь
1	2026	2030	59,6	20,5	6,73	5,56	2,54	2,52
2	2299	6467	57,4	26,5	6,87	5,21	2,67	2,34
3	2112	7720	58,7	21,5	5,25	4,49	3,20	2,08
4	2395	7182	61,5	26,3	3,75	5,23	2,48	1,95
5	2111	6258	58,9	22,1	5,32	3,92	2,93	2,54
6	2274	7220	60,9	25,2	5,72	4,11	2,45	2,25
7	1656	2081	58,7	20,8	3,60	3,91	2,09	2,52
8	1182	6363	62,0	23,0	6,54	4,48	3,01	2,28
9	1284	6255	57,0	21,2	5,99	3,27	2,45	2,19
10	1069	7384	59,4	24,2	5,89	4,18	3,02	2,08
11	1517	3223	54,8	21,7	4,95	5,12	2,09	2,34
12	1092	7424	58,4	22,5	5,12	4,26	3,29	2,51
13	1074	7623	57,4	20,0	5,99	4,14	2,45	2,43
14	1718	7218	56,9	22,0	4,95	3,79	2,33	2,59
15	1143	7672	59,0	25,0	5,50	5,18	2,03	2,46
В среднем			54,8±1,45	22,8±1,34	5,48±1,15	4,95±1,07	2,60±0,34	2,34±0,26

Исследуя активность ферментов аминотрансфераз АСТ и АЛТ сыворотки крови овец дегересской породы с различными продуктивными качествами мы обратили внимание на тесную связь между вышеуказанными биохимическими показателями и живой массой.

На основании анализа полученных данных (табл. 4) установлено, что исследуемые животные, как овцематки, так и ягнята имеют значительные колебания показателей живой массы 57,0-62,0 кг и 20,0-26,5 кг соответственно, причем необходимо отметить закономерную тенденцию, что у более крупных животных активность ферментов переаминирования выше как по группе маток, так и по группе молодняка, что свидетельствует об интенсивности обменных процессов.

Важнейшие ферменты сыворотки крови АЛТ и АСТ, характеризующие интенсивность обмена веществ, связаны с уровнем продуктивности и породной принадлежностью животных и могут служить ориентиром при углубленной селекции овец. Биохимический уровень этих ферментов у высокопродуктивных животных зависит от сезона года, возраста, и физиологического состояния.

Нами изучалась сопряженность живой массы животных различных половозрастных групп с активностью ферментов АСТ и АЛТ (табл. 5)

Таблица 5 - Взаимосвязь уровня активности ферментов АСТ и АЛТ с продуктивностью овец

Группа животных	АСТ/ живая масса	АЛТ /живая масса
Овцематки	+0,76	+0,29
Ярки 4 мес.	+0,54	+0,02

Как видно из приведенных данных, наиболее высокая корреляция обнаружена между уровнем АСТ и живой массой у овцематок +0,76 и у ярок +0,54, с уровнем АЛТ взаимосвязь живой массы незначительная, а именно у овцематок +0,29, у ярок +0,02. Наличие положительной сопряженности активности ферментов переаминирования с живой массой свидетельствуют о возможности использования изучаемых биохимических показателей в косвенной селекции.

Изучаемые ферменты у взрослых животных имеют наследуемость различной степени достоверности. У молодняка наследуемость трансаминаз также находится на очень высоком уровне и во многом зависит от продуктивности матерей.

Таблица 6 - Наследуемость ( $h^2$ ) ферментов АСТ и АЛТ

Порода	АСТ	АЛТ
Внутрипородный тип дегересских овец с полугрубой шерстью	0,6	0,4

Исследования показывают, что активность аминотрансфераз, особенно АСТ, является высоко наследуемым признаком, при том, что наследственная основа изменчивости активности ферментов наиболее ярко проявляется в 4 месячном возрасте [6].

Вычисление коэффициента наследуемости ( $h^2$ ) (табл.6) у дегересских овец свидетельствует о том, что активность фермента АСТ наследуется в большей степени, чем АЛТ. Положительная корреляция с живой массой и высокая наследуемость активности фермента АСТ, позволяет использовать этот показатель в качестве маркера хозяйственно ценных признаков овец [7].

### Обсуждение результатов

Таким образом, высокая наследуемость и наличие высокой положительной связи активности ферментов АСТ и АЛТ с хозяйственно полезными признаками овец дает возможность использовать их в качестве теста для прогнозирования продуктивности и племенной ценности животных в раннем возрасте. Определяя активность ферментов аминотрансфераз АСТ и АЛТ сыворотки крови у ягнят 2-4 месячном возрасте можно прогнозировать будущую продуктивность. Тем самым способствуя повышению темпов селекции. поэтому рекомендуем ее для использования при оценке и отборе овец.

### Выводы

В результате проведенных исследований установлено, что наследственная основа изменчивости ферментов трансаминирования лучше всего проявляется у ягнят дегересской породы в 2-4- месячном возрасте, а затем стабилизируется как у взрослых животных. Активность ферментов переаминирования сыворотки крови тесно связана с хозяйственно-полезными признаками. Например, живой массой овец и с возрастом после 4- месячного периода особо не меняется. Активность аминотрансфераз генетически контролируется, поэтому для раннего прогнозирования будущей хозяйственной ценности животных можно рекомендовать использование активности АСТ и АЛТ в 2-4-месячном возрасте ягнят для косвенного отбора.

### Литература

1. Меркурьева Е.К. Биометрия в селекции и генетике сельскохозяйственных животных. М.: Колос, 1970. - 424 с.
2. Кушнер Х.Ф., Наследственность сельскохозяйственных животных. М.: Колос, 1964. - 487 с.
3. Садыкулов Т., Физиологические параметры гематологических показателей некоторых курдючных овец, разводимых на юго-востоке Казахстана (рекомендации), Алматы. 2008 - 47 - 49 с.
4. Сейткалиев К.С. и Акимжан Н.А. Полиморфные системы крови телят Алатауской породы . А.: Исследования и результаты, вып. № 3, 2005.-166-168 с.
5. Смирнов.О.К. Проблемы и результаты использования ферментных тестов в селекции овец / О.К.Смирнов, А.В.Будникова, У.Арипов и др. // Биохимические основы селекции овец. - М., 1977. - с.73-80
6. Таранов М.Т., Владимиров В.Л., Токарев В.Ф. и др. Методические рекомендации по отделению оптических показателей сыворотки крови, ферментингибирующих свойств тканей животных и кормов. ВИН, Дубровицы, 1977, - 7с.
7. Медеубеков К.У. и др. Результаты совершенствования пород овец Казахстана. Алматы, 1980. - 164 с.

### Түйін

Сауалнама нәтижелері бойынша дегересс тоқтыларының 2-4 айлық жасында АСТ және АЛТ деңгейі өсіп, ересекқойлардың деңгейіне айналады. Трансаминазалардың ферменттік қасиеті жануарлардың пайдалы шаруашылық қабілетімен тығыз байланысқан. Трансаминазалардың қызметі генетикалық бақыланатын болып табылады, сондықтан ғылыми нәтижелерді селекцияда пайдалануға болады.

**Кілт сөздер:** Аланинаминотрансфераза (АЛТ), аспартатаминотрансфераза (АСТ), трансаминазалардың ферменттері, генетикалық әлеует, корреляция, ақуызалмасуы, жанама іріктеу, селекциялық асыл тұқымдық жұмыс, гормондар, дене салмағы, жүн қырқымы.

## Summary

Based on the results of research in the 2-4 months of age in degeresslambs AST and ALT level rises and becomes as an adult. Transamination enzyme activity is closely connected with economic-useful signs. Aminotransferase activity is genetically controlled, so the findings can be used in sheep breeding.

**Keywords:** Alanine aminotransferase (ALT), aspartate aminotransferase (AST), transamination enzymes, genetic potential, correlation, protein metabolism, indirect selection, selection and breeding, hormones, body weight, wool clip .

ӘОЖ 636.237.21

**Кежекова М.К., Мырзақұлов С.М.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

### КҮТП-БАҒУ ЖАҒДАЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ГОЛШТИНОФРИЗ ТҰҚЫМДЫ СИБРЛАРЫНЫҢ ЭТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

#### **Андатпа**

Зерттеу жұмысы 2015 жылы «Байсерке-Агро» асылтұқымды шаруашылығында жүргізілген. Бұл мақалада голштинофриз тұқымды тұмса және екінші сауын маусымындағы сиырлардың мінез-құлықтары зерттеліп көрсетілген.

**Кілт сөздер:** голштинофриз, тұқым, этология, асылтұқымды, физиология, реакция, температура, организм, консистенция, технология.

#### **Кіріспе**

Мал тәртібінің қалыптасуына екі басты факторлар әсер етеді, ол: ген және қоршаған орта. Өндірісте өнімділікті арттыру үшін басқа технологияны қолдануда алдымен малдардың тәртібін генетикалық тұрғыдан зерттеу жұмыстары туындайды.

Мал шаруашылығының интенсификациясы - ірі қара малды өсірудің дәстүрлі әдісін өзгертеді. Мұндай жағдайда малдар азықтанған азығынан қоректік заттарын бойына жақсы сіңіріп, өсіру жағдайындағы технологияға бейімделуін іске асыру керек. Бәрімізге белгілі, егер де бос өсіріліп жатқан малды байлап ұстау тәсіліне көшірсек олардың өмір сүру серпінін бұзамыз. Қазіргі таңда, көптеген елдердің селекционерлері ірі қара малдың жеңіл басқарылатын типтерін қалыптастыруда жақсы жетістіктерге жетіп отыр [1].

Мал тәртібінің мінез-құлқы жоғары жүйке қызметінің типіне сай келеді. Табын иерархиясында жоғары орындағы малдар белсенді болады екен.

Біз білетіндей, сыртқы орта жағдайының өзгерісі малдардың жүріс-тұрысына, қозғалу белсенділігіне әсерін тигізіп, оның қайта бейімделуі керектігін туғызады. Ауыл шаруашылық малдарының тәртібін, мінез-құлқының өзгеру себептерін терең зерттеу - өмір сүріп жатқан ортаның қолайлы-қолайсыздығын бақылауға және техникалық құралдармен, азықтандыру жағдайларымен және тағы да басқа өндірістік технология жағдайларының организмге әсерінің рационалды, экономикалық жүйесін дайындауға мүмкіндік береді.

Белгілі бір ортада тәуліктік реттілігі шектеулі болмай, қосымша ауыртпалықтары болмаса малдардың тәртібі тұрақты болады. Ортаның әрбір өзгерісі малдардың өміріндегі тепе-теңдігін бұзып, болған өзгеріске бейімделуін талап етеді. Бұл өзгеріске малдардың бекінуі олардың түріне, тұқымына, жеке дара бейімделгіштігіне, әсіресе жасына байланысты. Малдардың өмір сүру реттілігінде өзгерістер көп, әрі қарқынды болып отырса, ол қолайсыз физиологиялық реакциялар тудыртады, яғни ауыл шаруашылық малдарының өнімділігі төмендейді.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Алматы облысы Талғар ауданындағы «Байсерке-Агро» асылтұқымды шаруашылығындағы 10 бастан құралған голштинофриз тұқымды тұмса және екінші сауын маусымындағы сиырлардың мінез-құлқы алынды. Жыл бойы барлық сиырлар бір базада ұсталып, күтіп-бағу жүйесі мен азықтандыру рационы бірдей көлемде болды.

### Зерттеу нәтижелері мен талдау

Кесте 1. Зерттелген сиырлардың негізгі тәртібі, реакцияларының тұқымдық ерекшеліктері, мин (есепте 1 мал тәулігіне)

Көрсеткіштер	Сауын маусымы бойынша			
	Тұмса сиырлар (n=10)		Екінші сауын маусымы (n=10)	
	минут	Тәулік уақыты, %	минут	Тәулік уақыты, %
Тұру, барлығы	864,0+14,9	60,0	850,5+15,7	59,0
оның ішінде: қимылсыз	188,3+4,9	13,1	193,3+5,2	13,4
Азық қабылдау	314,6+11,3	21,8	302,4+12,8	21,0
Су тұтыну	18,9+0,9	1,3	16,3±1,1	1,1
Тұрып күйсеу	171,2+5,9	11,9	165,5+6,9	11,5
Тұрып тұрғандағы жайлы қозғалыстар	18,6+1,2	1,3	16,1+0,9	1Д
Жату, барлығы	576,0+26,4	40,0	589,5+25,7	41,0
оның ішінде: қимылсыз	148,9+5,4	10,3	155,4+7,9	10,8
Ұйқы	112,4+4,5	7,8	105,1+4,8	7,3
Жатқан кездегі жайлы қозғалыстары	19,5+1,1	1,3	20,1+1,2	1,4
Жатқан кездегі күйсеу	295,2+0,8	20,5	308,9+11,8	21,4
Сауын	15,8+0,3	1,1	16,1+0,5	1,2
Жүріс	116,8+11,2	8,1	121,6+10,5	8,4
Дефекация	9,3+0,2	0,7	9,1+0,1	0,7
Несеп шығару	10,5+0,1	1,2	10,1+0,2	1,2

Сиырлардың тұмса және екінші сауын маусымындағы тәртібін зерттеу нәтижесінің көрсеткіші кестеден көрсетілгендей, малдар жатып демалу жағдайына тәуліктің 40,0-41,0% уақытын, ал тұрып жүргенге тәуліктің 59,0-60,6% уақытын кетірген. Сауын аралық айырмашылық болмады. Азық қабылдауға тұмса сиырлар 12,2 минут уақыт көп жұмсады. Малдардың жайлы қозғалыстары тері үсті күтімін қамтамасыз етеді. Ірі қара малында тері күтімі жалаумен болады. Тері күтімінің екінші бір түрі қатты заттарға қасыну. Жайлы қозғалыстарға тұмса сиырлар көп уақыт (1,9 минут) жұмсаған, бірақ айырмашылығы айтарлықтай жоқ.

Мал организмі суды өзінің физиологиялық жағдайына қарай, сауынға, азық құрамына, қоршаған орта температурасына байланысты тұтынады. Тұмса сиырлар екінші сауын маусымындағы сиырларға қарағанда суды тұтынғанда 2,6 мин көп уақыт жұмсаған. Бұл олардың азықты көп пайдаланғанын көрсетеді, сонымен қатар олардың сүт өнімділігі жоғары болды (сауын бойынша мәліметтер кейінгі кестелерде көрсетілген).

Малдар жатпай тұрып, демалатын жерін таңдап шамалы уақыт тұрады, жан-жағына қарайды, ылғал әрі лас болса жатпай тұрып тұрады.



Жатып демалуына малдар 576,0-589,5 минут немесе тәулігіне 40-41% уақытын жұмсаған. Сенімді айырмашылығы анықталмаған.

Зерттеу нәтижелеріміздің анықтамалары бойынша тәулік уақытының 7,3-7,8% ұйқыға жұмсаған. Тұмса кезіндегі сиырлар екінші сауын маусымындағы кезінен 0,5% артық уақыт жұмсаған.

Ірі қара малы азықты көбінесе жату күйінде күйсейді. Сиырларда күйсеу жату қалпында 295,2...308,9 минут, тұрып 165,5... 171,2 минут ( $P < 0,001$ ) болды. Сонымен қоса, жатып күйсеу уақыты екінші сауын маусымындағы сиырында көп (13,7 мин), ал тұрып күйсеуде тұмса сиырларында көп уақыт кетті (5,7 мин).

Зәр шығару жиілігі мен бөлінген нәр көлемі тұтынған азықтығы көлемі мен консистенциясына байланысты. Малдардың зәр шығару акты көбінесе азықтандыру соңында және жатып демалып болғаннан кейін болады. Әдетте зәр шығару жатқан күйінде де болады, бірақ қозғалыс кезінде де болуы мүмкін. Егер мал қорқып кетсе, дефекация өздігінен еріксіз болады. Нәр шығару тәулігіне 6-12 рет болады. Біздің зерттеуімізде екі топ малының да сиырлары нәр шығаруға 1,2%, ал зәр шығаруға 0,7% тәулік уақытын жұмсаған. Тұқымаралық айырмашылық анықталмады.

Кесте 2. Ауа температурасына байланысты қорадағы малдың тәртібі, мин,  $n=10$

Көрсеткіштер	Голштинофриз тұқымы			
	Тұмса сиырлар		Екінші сауын маусымындағы	
	+12,0	+5,0	+12,0	+5,0
Тұру қалпы	840,5±18,2	851,5±18,3	804,5±16,9**	876,0±21,2
Оның ішінде: азықтану	312,5±12,0	292,2±14,3	365,7±19,2	346,4±18,8
Су тұтыну	27,0±4,1	10,5±1,2	18,5±3,0	18,5±1,4
Қимылсыз тұру қалпы	197,3±11,0	237,5±16,4	165,1±9,7*	202,7±17,8
Тұру қалпында күйіс	194,4±31,1	213,5±26,5	151,2±11,9	210,5±24,9
Тұру қалпында жайлы қозғалыстар	19,1±6,2	21,5±3,3	15,7±5,9	25,5±4,4
Жату қалпы	599,5±36,9	588,5±34,4	635,5±28,3	564,0±25,0
Оның ішінде: күйіс жатук/да	335,5±37,5	323,5±35,3	370,0±37,2	333,0±39,6
Қимылсыз жату	157,0±21,7	144,0±17,1	159,0±17,6*	117,0±14,4
Ұйқы	104,5±13,5	117,0±14,6	102,0±15,6	113,0±15,6
Жату қалпында жайлы қозғалыстар	2,5±1,0	4,0±1,9	4,5±2,2	1,0±0,5
Сауын	14,5±1,4	11,0±1,8	15,5±2,0	12,5±1,7
Жүріс	57,0±0,6	46,3±1,2	53,4±3,3	42,1±2,7
Дефекация	9,3±0,3	9,3±0,3	9,5±0,2	8,4±0,2
Зәр шығару	9,4±0,4	9,7±0,3	9,9±0,2	9,4±0,3
Азыққа жақындау	21,8±11	22,0±0,9	23,7±1,7	23,9±1,1
Күйіс кезеңдері	27,5±0,8	28,2±1,1	27,0±1,3	25,5±1,0
ИДА	1,985	1,761	2,198	2,169
ИПА	1,784	1,632	1,937	1,993

Ескерту: \* -  $P < 0,05$ ; \*\* -  $P < 0,01$ ;

Ірі қара малы орта жағдайының өзгерісіне акклиматизацияның ұзақ уақытымен ерекшеленеді. Ол төменгі температураға төзімді, алайда жергілікті климатқа жеткілікті жерсіндірілу мен қарқынды азықтандыру жағдайы жасалса.

Малдар жайлы жылулыққа физикалық терморегуляциясы арқылы ғана емес, оның өміріндегі қозғалыстары мен белсенділігі де әсерін тигізеді. Бөлменің температурасы +5°C төмендегенде тұру қалпының уақыты 10...72 мин ұзарған. Сенімді айырмашылық тек тұмса сиырында ғана ( $P < 0,01$ ) анықталды.

Сиырлардың жату қалпында аз болуы температураның төмендеп едендердің салқындауына байланысты оларға салқын еденде жату қолайсыз болған. Жату қалпында күйсеу уақыты екінші сауын маусымындағы сиырларды 13 минутқа, ал тұмса сиырларында 37 минутқа азайған. Қимылсыз жату қалпының уақыты да айтарлықтай өзгерді, әсіресе тұмса сиырларда. Қолайлы температурада ол уақыт 159,0 мин болса, температура төмендегенде жату қалпының уақыты 117,0 минутқа дейін қысқарған. ( $P < 0,05$ ).

Тұру қалпында жайлы қозғалыстарға кеткен уақыт екі топқа да 15,7...19,1 мин 21,5...25,5 дейін артты.

Екінші сауын маусымындағы сиырлар суды аз ішті. Су қабылдау уақыты 27,0-ден 10,5 минутқа дейін азайды ( $P < 0,001$ ). Бұл малдардың аз шөлдегенімен түсіндіріледі.

Екі топтың да малдары ұйқыға тәулігіне 11,0...12,5 минут уақыт көп жұмсаған.

#### **Қорытынды**

Жоғарыда көрсетілген нәтижелерді қорытындыласақ, тұмса сиырлары азықты, суды көп пайдаланып, олардың сүт өнімділігінің жоғары болуына себебін тигізді. Ауа температурасына байланысты екі топта да тұру қалпы, күйіс қайтару және ұйқы +5°C көбірек болды, ал азықтану және жүру +12°C жоғары көрсеткішке ие болды. Температура әртүрлі болуына байланысты мал тәртібінде де өзгерістер болатыны анықталды.

**Кежекова М.К., Мизакулов С.М.**

### **ЭТОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ КОРОВ ГОЛШТИНОФРИЗСКИХ ПОРОД В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СОДЕРЖАНИЯ**

Исследовательская работа проведена 20015 году в племенном хозяйстве «Байсерке-Агро». В этой статье показаны результаты исследования этологии коров первотелок и второй лактации голштинской породы.

**Ключевые слова:** голштинофриз, порода, этология, племенная, физиология, реакция, температура, организм, консистенция, технология.

**Kegekova M.K., Mirzakulov S.M.**

### **ETOLOGY INDEXES OF COWS OF GOLCHTINOFRIZ OF BREEDS IN DEPENDENCE ON MAINTENANCE**

Research conducted 20015 year in the breeding farm "Bayskerke-Agro". This article shows the research results ethology cows heifers and second lactation holsteins.

**Keywords:** holsteiners, breed, ethology, breeding, physiology, reaction time, temperature, body, texture, technology.

Тимурбекова А.Қ., Оспанов Ә.Ә., Керимова Н.Б.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРПА СҰРЫПТАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

### **Аңдатпа**

Мақалада отандық селекциялы арпа сұрыптарының сапа көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Дән сапасы натура, күлділік, ақуыз мөлшері, крахмал мен клетчатка мөлшері сияқты көрсеткіштер кешені бойынша бағаланды.

Алынған мәліметтерді талдау бөлініп алынған отандық селекциялы арпа сұрыптарының сапа көрсеткіштері жоғары мәндерімен ерекшеленіп, стандарт талаптарына сәйкес келетінін көрсетті.

**Кілт сөздер:** арпа, сұрып, сапа көрсеткіштері, натура, күлділік, ақуыз мөлшері, крахмал мөлшері, клетчатка мөлшері.

### **Кіріспе**

Арпа тамақ өндірісінің көп салаларында пайдаланылады. Оны малға жем ретінде, жарма (арпа жармасы және перловка), сыра, спирт және аздап нан, уытты экстракт сияқты өнімдер алуға пайдаланады [1].

Арпа дәнінің химиялық құрамы өте күрделі. Шығарылатын сорттардың пайдалану бағыты мен өсу ортасына байланысты оның құрамында 12-14 % ақуыз, 2-3 % май, 54-55 % крахмал, 5,5-5,8 % клетчатка және 2-3 % күл кездеседі. Дәннің 85 % құрғақ заттардан түзіліп, мынандай химиялық қосылыстардан тұрады: көміртегі, азот, оттегі, сутегі, күкірт, фосфор, калий, кальций, магний, темір және кремний. Бұларға қосымша дәнде йод, бор, мырыш, темір, марганец және сол сияқты сирек кездесетін элементтер бар. [2, 3].

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу нысаны ретінде отандық ғалым-селекционерлердің заманауи селекциялық жетістіктері болып табылатын "Қарағанды өсімдік шаруашылығы мен селекция ғылыми-зерттеу институты" ЖШС-де, "Красноводопадская ауыл шаруашылық тәжірибелік станция" ЖШС-де, "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС-де, "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибелік станция" ЖШС-де өндірілген арпаның үлгілері алынды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның арпа сұрыптарының сапалық көрсеткіштерін зерттеу. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін натура, күлділік, ақуыз, крахмал мен клетчатка мөлшері сияқты арпа дәнінің сапа көрсеткіштерін белгілі әдістері бойынша [4-7] анықтау мәселесі шешілді.

Арпа сұрыптарының сапасын бағалау Қазақ ұлттық аграрлық университетінің "Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы" ғылыми-зерттеу орталығында, "Астық және астық өнімдерінің технологиясы және сапасы" ғылыми-зерттеу лабораториясында және Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында жүргізілді.


Қазақстандық селекциялы арпа дәнінің сапалық көрсеткіштері МЕМСТ талаптарына сәйкес анықталды.

Зерттеу нысаны ретінде ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибелік станциялардың заманауи селекциялық жетістіктері болып табылатын келесі арпа сұрыптары тандап алынды: 1 – "Карагандинский 5", 2 – "Карагандинский 6", 3 – "Карагандинский 8", 4 – "Карагандинский 9", 5 – "Красноводопад-100", 6 – "Богара", 7 – "Астана 2000", 8 – "Целинный 2005", 9 – "Бәйшешек", 10 – "Арна", 11 – "Сауле", 12 – "Сымбат", 13 – "Құралай", 14 – "Ақжол".

### Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Арпаның натурсын анықтау. Дәннің физикалық қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштерінің бірі натура болып табылады, яғни граммен өлшеген 1 л дәннің салмағы. Натура көрсеткіші дәннің барлық бөлшектерінің төселу тығыздығы мен оның орташа тығыздығы бойынша анықталады. Өз кезегінде дән төсемелері тығыздығына дән өлшемі мен формасы, дәннің беткі жағдайы, ылғалдығы, ластануы, жасалуы, біртектілігі, 1000 дән массасы, дән тығыздығы, дәннің химиялық құрамы, үлдірлігі, ірілігі әсер етеді [1-3, 5, 6].

Натура көрсеткіші жоғары болған сайын дәннің ұн тарту қасиеті жақсарады (дайын өнімнің шығымы), соншалықты дәнде қабықша аз мөлшерде болады және эндосперм көп болады. Ірі қоспалардың болуы мен дәннің жоғары ылғалдылығы натура көрсеткішін төмендетеді. 1-суретте бөлініп алынған арпа дәнiнiң натура көрсеткіші бойынша салыстырмалы диаграммасы көрсетілген.



Сурет 1 – Бөлініп алынған арпа дәнiнiң партияларының натурасы бойынша салыстырмалы нәтижелері

Алынған мәліметтерді талдау, натура көрсеткіштері құқықтық-техникалық құжаттардың талаптарына сай екенін көрсетті. Бөлініп алынған дән партиясының натурасы арпа үшін 640 тан 750 г/л дейін болады, бұл нормаға сәйкес. Арпаның "Карагандинский 5" сұрыпының жоғарғы натура көрсеткіші 745 г/л дейін болды.


Арпаның ақуыз мөлшерін анықтау. Арпаның ақуыз мөлшері 10 % дан жоғары, бұл оның тағамдық құндылығы жағынан бидай дәнiнен асып түсетiндiгiн көрсетедi. Өсiмдiк ақуызы бiздiң организмде 100 % дерлiк сiңiрiледi. Арпа дәнiнiң құрамындағы ақуыз массалық мөлшері құрғақ затқа шаққанда және шынайы ылғалдылығы бойынша зерттеледі. Лабораториялық зерттеулердің нәтижесі бойынша 2 суретте көрсетілген диаграмманы тұрғыздық.

Ақуыздың массалық үлесі рұқсат етілген шекте жатты және құқықтық-техникалық құжаттардың талаптарына сай екенін көрсетті.

Диаграммада көрсетілген нәтижелер отандық селекциялы арпа сұрыптарының құрғақ затқа шаққандағы мөлшері бойынша ақуыздың массалық үлесі жоғары екенін көрсетті, ол құқықтық-техникалық құжаттар талаптарына сай деген сөз. Ақуыздың массалық үлесінің орташа көсеткіші 14 % ды құрады. "Карагандинский 8", "Карагандинский 9" және "Карагандинский 6" сұрыптары жоғарғы мәнге ие болды және 16 % жоғарғы көрсеткішті көрсетті.

Крахмал мен клетчатка мөлшерін анықтау. Көмірсулар – негізгі және пайдалы энергия көзі, ол физикалық жұмыстарға қажетті бұлшық еттердің белсенді қозғалыстаы үшін өте


пайдалы. Осыған байланысты әрі қарай бөлініп алынған дән партияларының химиялық құрамындағы крахмал мен клетчаткасының көрсеткіші бойынша көмірсулы қосылыстардың құрамдық үлесін анықтадық.



Сурет 2 –Бөлініп алынған арпа дәнінің партияларының ақуыздың массалық үлесі (құрғақ заттарға шаққанда), % бойынша салыстырмалы нәтижелері

Бұршақ дәнді дақылдардағы крахмал құрамы вегетативті мезгіл шарттарына қарай ауытқып тұру мүмкіндігіне ие.

Арпа дәніндегі крахмалдың массалық үлесін анықтау бойынша лабораториялық зерттеулердің нәтижелері 3 суретте көрсетілген.




Сурет 3 – Бөлініп алынған арпа дәні партияларының крахмалдың мөлшері, % бойынша салыстырмалы нәтижелері

Диаграммадағы алынған нәтижелер бөлініп алынған отандық селекциялы арпа дәндерінің құрамында крахмалдың жоғары болатынын көрсетті, "Красноводапад-100" сұрыпындағы крахмал мөлшері 59,3 % тең, яғни ол арпаның жоғарғы технологиялық сыра қайнатуға қажетті қасиетін сипаттайды; арпада неғұрлым крахмал мөлшері жоғары болса, экстрактың шығуы да жоғары болады. "Карагандинский 8", "Карагандинский 9" сұрыптары ғана төменгі көрсеткішті, атап айтқанда 56 % көрсетті.

Клетчатка (целлюлоза) – жоғарғы молекулалы полисахарид. Клетчатка клетка қабырғаларының негізі және механикалық беріктілікті қамтамасыз етеді, өсімдік тіндерінің икемділігін негіздейді. Клетчатканың нанның сапасына әсері үлкен. Ол көбінесе кебекте, дәннің шеткі қабықтық бөліктерінде болады. Клетчатканың ерекшелігі жақсы

сіңіргіштігімен сипатталады. Клетчатка химиялық өте тұрақты зат, суда және қышқылдық ерітінділерде ерімейді, адам ағзасында қорытылмайды. Соған қарамастан клетчатка адам рационының құрамдас бөлігі болып саналады.


Әрі қарай бөлініп алынған отандық арпа дәндеріндегі клетчатка құрамын зерттедік. Лабораториялық зерттеулердің нәтижесі негізінде дәндегі клетчатканың мөлшері бойынша диаграмма тұрғыздық. 4 суретте бөлініп алынған арпа дәнінің клетчаткасының мөлшері бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілген.



Сурет 4 – Бөлініп алынған арпа дәні партияларының клетчатка мөлшері, % бойынша салыстырмалы нәтижелері

Клетчатка мөлшерінің ең төменгі пайыздық мөлшері – 5,9 % көрсетті, бұл көрсеткіш "Карагандинский 5" сұрыбына тиесілі. Ал ең жоғарғы клетчатка мөлшері "Красноводапад-100" сұрыбына тиісті, оның көрсеткіші 7,8 % құрады. Клетчатка мөлшерінің орташа көрсеткіші 6,5 % құрады. Бір айта кететін жағдай, клетчатканың мөлшері көп болған сайын, ақуыз қосылыстарының мөлшерін төмендетеді.

Минералды заттар ақуыз, май, көмірсу және дәрумендермен қатар тамақтанудың негізгі элементі болып табылады, адам ағзасындағы барлық биохимиялық үрдістерінің жүруінде үлкен кілтті рөл ойнайды. Минералды заттардың мөлшері күлділіктің кешенді көрсеткішімен бағаладық. 5 суретте лабораториялық зерттеулер нәтижесінің негізінде тұрғызылған диаграмма көрсетілген.



Сурет 5 – Бөлініп алынған арпа дәні партияларының күлділік мөлшері, % бойынша салыстырмалы нәтижелері

Келтірілген диаграмманы талдау нәтижелері астық тұқымының сұрыпына, өсудің агроклиматтық және агротехникалық шарттарына, қолданылған қопсытқыштарға байланысты сандық өзгерістердің ауытқып тұратынын көрсетті. Минералды заттардың көп мөлшері дән мен тұқымның шеткі қабатында (гүлшелі, өнімдік қабық, алейрондық қабат) кездеседі. Күлділіктің жоғарғы мөлшері "Астана 2000" сортына тиесілі, оның көрсеткіші 2,6 % құрады. "Карагандинский 8" сұрыпы күлділіктің төменгі көрсеткішіне ие екенін көрсетті, оның мәні 1,7 % құрады.

#### **Қорытынды**

Жүргізілген сандық-сапалық сипаттамаларды талдау нәтижелері отандық дәнді және бұршақ дәнді дақылдардың селекциялық сұрыптарына арналған ғылыми эзірлемелердің жоғары технологиялық көрсеткіштермен сипатталатынын көрсетті, олардың ақуызды қосылыстары және минералдық құрамы жағынан бай екені дәлелденді.

#### **Әдебиеттер**

1. Изтаев Ә.І., Тастанбеков С.Т., Әлімқұлов Ж.С. және басқалар. Астық өнімдерінің технологиясы. – Алматы: "Саға", 2006. – 256 с.
2. Изтаев Ә.І., Ермекбаев С.Б. Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану. – Алматы: "Дәуір", 2014. – 416 с.
3. Оспанов А.А., Тимурбекова А.К. Технология производства цельносмолотой муки. Учебное пособие. – Алматы: Нур-Принт, 2011. -114 с.
4. Маликтаева П.М. Тамақ өнімдерінің сапасын физико-химиялық тұрғыдан талдау. – Алматы: Эвро, 2014. – 184 с.
5. Казаков Е.Д. Зерноведение с основами растениеводства. Учебное пособие. – Москва: Колос, 1983. – 352 с.
6. Казаков Е.Д. Методы оценки качества зерна. – М.: Агропромиздат, 1987. – 287 с.
7. Фейденгольд В.Б., Маевская С.Л. Лабораторное оборудование для контроля качества зерна и продуктов его переработки. – М.: ЗооМедВет, 2001. – 240 с.

**Тимурбекова А.К., Оспанов А.А., Керимова Н.Б.**

### **ИССЛЕДОВАНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА СОРТОВ ЯЧМЕНЯ ИЗ СЕВЕРНЫХ И ЮЖНЫХ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА**

В статье приведены результаты исследований показателей качества ячменя. Качество зерна оценивали по комплексу показателей, таких как натура, зольность, содержание белка, крахмала, клетчатки. Анализ полученных результатов показал, что все исследованные образцы сортов ячменя соответствуют установленным нормам стандартов и отличаются высокими показателями.

**Ключевые слова:** ячмень, сорт, показатели качества, натура, зольность, содержание белка, содержание крахмала, содержание клетчатки.

**Timurbekova A., Ospanov A., Kerimova N.**

### **RESEARCH OF INDICATORS OF QUALITY OF GRADES OF BARLEY FROM NORTHERN AND SOUTHERN REGIONS OF KAZAKHSTAN**

Results of researches of indicators of quality of barley are given in article. Quality of grain was estimated on a complex of indicators, such as nature, an ash-content, protein content, starch, by celluloses. The analysis of the received results has shown that all studied samples of grades of barley meet the established standards of standards and differ in high rates.

**Keywords:** barley, grade, quality indicators, nature, ash-content, protein content, content of starch, content of cellulose.

Миятова А.К., Нуралиева У.А., Лукбанов В.М.

*Қазақ Ұлттық Аграрлық Университет, Алматы қаласы*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ШАРУА  
ҚОЖАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БАЛ АРА ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ҚЫСҚА  
ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

**Андатпа**

Бұл мақалада Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс аймағында жерсіндірілген бал ара тұқымдарының қысқа және ауруға төзімділігі анықталды.

**Кілт сөздер:** Тұқым, отбасы, ұя, қыстау, нозематоз, бал.

**Кіріспе**

Жалпы алғанда ҚР салықтық әкімшілендіруді жүзеге асырылу нысандары деп салық органдары үнемі іске асырып отыратын белгілі бір шаралар кешенін айтуға болады және салық бақылауының бірыңғай жүйесінде әрбір нысанның атқаратын өзіндік қызметі бар. Сонымен бірге, аталған барлық нысандар тек қана бірігіп жұмыс атқарған кезде ғана мемлекеттің барлық салық жүйесінің нақты қызмет етуіне мүмкіндік жасайтын салық бақылауының тиімділігіне қол жеткізуге болады.

### Әдебиеттер

1. ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі, 2008 жыл 10 желтоқсан.
2. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. – 484б.
3. Илиясов Қ., Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық. – Алматы: 2011. – 217 б.
4. Төлегенова Р.Ә. Салық әкімшілігі. – Алматы: Нур-Принт, 2012. – 219 б.

**Толеген М.А., Тулегенова Р.А.**

### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НАЛОГОВОГО АДМИНИСТРИРОВАНИЯ В РК

В статье рассматривается совершенствования налогового администрирования в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** Механизм налогообложения, инвестиций, налогового контроля, прямой контроль, косвенный контроль и текущего контроля.

**Tolegen M.A. Tulegenova R.A.**

## IMPROVEMENT TAX ADMINISTRATION IN RK

The article discusses the improvement of tax administration in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** taxation mechanism, investments, tax control, direct control, indirect control and monitoring.

**ӘОЖ 336.1**

**Мырзакулова А., Қайырбаева А.Е.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

### ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ ЖӘНЕ НЕСИЕ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

#### **Андатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасында қаржы секторындағы валюталық және несие тәуекелдерін басқару мәселелері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** тәуекел, валюта, несие, меншік капиталы, валюталық-пайыздық своптар, ашық валюталық позиция, депозит, несие портфелі.

Бүгінгі таңда банктердің қызмет көрсету нарығындағы қатаң бәсекелестік жағдайында банктердің халыққа қызмет көрсету үдерісінде әр түрлі операциялар бойынша пайда болатын тәуекелдерін дұрыс бағалап, басқара білуі банк табыстылығының кепілі болып отыр.

Банктік тәуекелдерді басқарудың басты мақсаты банктің активтері мен пассивтерін дұрыс басқара отырып, банк өтімділігі мен пайдасын оң көрсеткіште ұстап тұру, күтілмеген жоғалтуларды барынша төмендету болып табылады. Сондықтан да әрбір банк өзінің тәуекелдерді басқару стратегиясын жасауы керек, ал стратегия өз кезегінде қазіргі талаптарға сай және банктің дамуымен қатар тәуекел деңгейін қалыпты ұстап тұруда оңай басқарылуы қажет. Банктің тәуекелдерін сапалы басқару ұзақ мерзімді нәтижелі дамуына жол ашады. Банктік тәуекелдерді басқарудағы түрлі іс-әрекеттер, шаралар, шешімдер тәуекелді басқару саясаты деп аталады.

Тәуекелдерді басқару процесінде келесі ережелерді қатаң ұстанған дұрыс:

- Меншік капиталынан жоңары көлемде тәуекелге баруға болмайды;
- Тәуекелдің ақыры неге апаратынын әрдайым ескерген жөн;
- Аз пайда үшін көп шығынға ұшырайтын әрекетті білген дұрыс;
- Тәуекелмен байланысты шешімді дұрыс қабылдау үшін қабылданып жатқан шешімге күмәнді болмау керек;

- Әр уақытта тәуекелді шешудің бірнеше жолы болады.

Банктік тәуекелдерді басқару менеджменттің бір функциясы ретінде келесідей қағидаларға негізделеді:

- Пайда табу мақсатында тәуекелге ойлана бару қағидасы;
- Қабылданған тәуекелдердің басқарылу қағидасы;
- Күтілген табыс деңгейінен тәуекел деңгейінің аз болу қағидасы;
- Қабылданған тәуекел деңгейінің банктің қаржылық мүмкіндіктерінен аспау қағидасы;
- Тәуекелді жою шығыны жоғалтатын қаржыдан аспауы қағидасы;

- Тәуекелдерді басқарудағы уақыт факторы қағидасы.

Банктік тәуекелдерді дұрыс және пайдалы басқару үшін қазіргі жағдайда оған қандай факторлар әсер ететіндігін білу қажет. Жалпылама алғанда тәуекел банкке әсер ететін факторлар өте көп, яғни әрбір әсер етуші фактормен бірге тәуекел қатар жүреді. Сол себепті олардың қандай көздерден туындайтыннын осы факторларды дұрыс бөлуден айқындалады. Тәуекелдердің өзгеріп отыруына негізгі екі фактор экзогенді және эндогенді факторлар әсер етеді.

Кез келген кәсіпкерлік іс тәуекелмен байланысты, әсіресе банктер үшін тәуекелді басқарудың маңызы жоғары болып келеді. Өйткені, банктер нарықтағы конъюнктуралық өзгерістерді бірден қабылдайтын сегмент.

Бүгінгі таңда банктер операциялардың көптеген жаңа түрлерін атқаруда. Ол операциялардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде тәуекелмен байланысты болып келеді. Осы шешімдерді өз мойнына алу банк ісінің негізі болып табылады. Тәуекелдер міндетті түрде реттелуі керек және банктің қаржылық мүмкіндігінің шегінде орналасуы керек. Осы мақсаттарға жету үшін банктер тарапынан тәуекелдерді басқарудың саясаты қалыптастырылады.

Нарықтық жағдайда менеджмент тәуекелдерді жоғары деңгейде болады. Сондықтан банктер қосымша капиталды қажет етеді. Банктік қызметтер тәуекелсіз жүруі мүмкін емес, өйткені банктің кез-келген опрециясы тәуекелмен байланысты болып келеді. Банк ісінің тарихында тәуекелдерді дұрыс басқармауына байланысты көптеген банктердің банкроттыққа ұшырағанына көз жеткізуге болады.

Теңге бағамының өзгеруіне байланысты тікелей валюталық тәуекел 2014 жылы, банктердің шетел валютасында берілген қарыздар көлемінің қомақты болуына байланысты деңгейі жоғары жанама валюталық тәуекелге қарағанда, шамалы болып сақталды. Нарықтық мөлшерлемелердің қатты құбылмалылығы кезеңінде хеджирленген валюталық позицияның мерзімі ұзартылған кезде банктер шығасыларының өсу тәуекелі ҚРҰБ-тың 2014 жылғы шілдеде валюталық-пайыздық своптарды енгізуімен өтелді. Сонымен бірге, ҚРҰБ-тың валюталық-пайыздық своптар пайдалануы банктердің шетел валютасындағы міндеттемелерінің күрт өсуімен қатар, банктердің баланстық және баланстан тыс ашық валюталық позицияларының арасындағы теңгерімсіздікті айтарлықтай кеңейтуге апарды.

Банктердің шетел валютасындағы депозиттері бойынша баланстық міндеттемелерінің күрт ұлғаюына қарамастан, 2014 жылдың соңында банктердің теңге бағамының өзгеруіне байланысты тікелей валюталық тәуекелі баланстан тыс валюталық позициялар есебінен төмен деңгейде сақталды. Тұтастай алғанда, 2014 жылы ашық валюталық позиция неттосының серпіні баланстық және баланстан тыс шоттарды есепке алғанда, банктердің ашық валюталық позиция неттосын белгіленген реттеушілік лимиттер шегінде ұстап тұрғандықтан айтарлықтай өзгермеді.

Мәселен, ашық валюталық позиция неттосының нормативі капиталдың 25%-нан аспайтын мөлшерде болған кезде, банк секторы бойынша ашық валюталық позиция қысқа неттосы банк секторы капиталының 1,5% құрайды, бұл ретте 2014 жылдың екінші жартысынан бастап баланстық және баланстан тыс ашық валюталық позиция арасындағы айырмашылық күрт ұлғайды.

Банктердің қарыз алушылардың кредиттік тәуекелімен байланысты жанама валюталық тәуекелдерінің деңгейі жоғары деп бағаланады. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің несиелік портфеліндегі қарыздардың үштен бір бөлігінен асатыны шетел валютасында, көбінесе АҚШ долларымен берілген қарыздар құрайды. Бұл ретте, баланстан тыс шоттарда көрсетілетін шетел валютасындағы ТҚҚ-мен мәмілелер бойынша жанама валюталық тәуекелі 2014 жылғы 1 шілдеден бастап баланстан тыс шоттарда ашылған шетел валютасындағы ТҚҚ бойынша мәмілелер бойынша ашық позицияға капиталдың 30%-нан аспайтын мөлшердегі лимиттің енгізілуіне байланысты шектеулі болды.

Нарықтық мөлшерлемелердің қатты құбылмалылығы кезеңінде хеджирленген валюталық позицияның мерзімі ұзартылған кезде банктер шығасыларының өсу тәуекелі ҚРҰБ-тың 2014 жылғы шілдеде валюталық-пайыздық своптарды енгізуімен өтелді. Алайда, 2014 жылғы 3-тоқсаннан бастап банктердің баланстық және баланстан тыс ашық валюталық позиция арасындағы теңгерімсіздіктің айтарлықтай ұлғаюы тәуекелдің осы түрін жоғары деңгейде сақтап отыр. ҚРҰБ-тың 2014 жылғы шілдеден бастап банктерге теңгедегі өтімділікті беру мақсатында ұзақ мерзімді валюталық-пайыздық своптар енгізуі ақша нарығындағы жағдайға әсер етті және нарықтық мөлшерлемелердің құбылмалылығын төмендетуге ықпал етті, сондай-ақ 2014 жылдың соңындағы нарықтық мөлшерлемелердің қатты құбылмалылығы кезеңінде хеджирленген валюталық позициясының мерзімін ұзарту кезінде банктердің шығасыларын уақытша төмендетуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, баланстық және баланстан тыс ашық валюталық позиция арасындағы айтарлықтай теңгерімсіздіктің болуы бұдан әрі ұзақ мерзімді валюталық-пайыздық своптар бойынша мәмілелердің екінші бөлігін жапқан кезде теңгедегі өтімділік тапшылығын күшейтуге апарады. Ықтимал нәтижесі нарықтық мөлшерлемелердің көтерілуі және, тиісінше, хеджирленген валюталық позициясының мерзімін ұзартқан кезде банктер шығасыларының өсуі тәуекелі туындауы мүмкін. Осыған байланысты, кейін нарықтық мөлшерлемелердің құбылмалылығы кезеңдерінде әлсіз болмау үшін баланстық және баланстан тыс ашық валюталық позиция арасындағы осы валюталық теңгерімсіздікті төмендету қажет.

2014 жыл соңғы төрт жылдық кезеңде несие портфелінің өсуі айтарлықтай төмен қарқындарымен сипатталады. Жаңа несиелеу және валюталық қарыздарды қайта бағалау реттеуші талаптарға қол жеткізу шеңберінде жұмыс істемейтін қарыздар портфелінің елеулі қысқаруымен ішінара өтелді. Несие тәуекелінің шоғырлануы ірі бизнес субъектілеріне берілген қарыздар портфелінде сақталуын жалғастыруда, алайда қамтамасыз етуді ескере отырып олар бойынша қалыптастырылған провизиялар несие тәуекелін іске асырудан туындаған шығындарды жабады.

2014 жылдың қорытындылары бойынша несие портфелі өсуінің баяулауы 2013 жылғы 14,5%-дан 6,3%-ға дейін байқалды. 2014 жылы несие портфелінің серпінін айқындайтын факторлар үлесі мыналарды құрады:

1) +7% – 2014 жылғы ақпанда теңгенің айырбастау бағамының АҚШ долларына қатынасы бойынша түзетілуі нәтижесінде шетел валютасына деноминирленген несие портфелін қайта бағалау;

2) -16% – ҚРҰБ-ның банктермен несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар үлесін төмендету бойынша бірлескен жұмысы нәтижесінде жұмыс істемейтін портфельді қысқарту;

3) +44,7% – жаңа қарыздарды беру, оның ішінде қайта қаржыландыру.

4) -29,4% – қарыздар бойынша берешекті өтеу.

Банктердің жоғары несиелік белсенділігі секторында, оның ішінде бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде байқалды. 2013 жылғы 25,2%-бен салыстырғанда жоғары несиелік белсенділігі субъектілері берген қарыздар портфелінің өсімі 38,7%-ды құрады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі соңғы бес жылда ең төменгі деңгейге жетіп, 23,5%-ды құрады. Серпін жүйенің жұмыс істемейтін қарыздарының 70%-нан астамы шоғырланған ірі бизнес қарыздарының портфелімен айқындалды. Валюталық қарыздарды қайта бағалау нәтижесінде ұлттық валюта бағамын түзетуден әсер көбіне ірі бизнестің жұмыс істемейтін портфелінде байқалды). Бұдан былайғы есептен шығару ірі кәсіпорындардың портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін 2014 жылғы сәуірдегі 44,6%- желтоқсандағы 34,3%-ға дейін төмендетті.

ҚР-ның Ұлттық Банкі 2014 жылы қаржы ұйымдары қызметінің мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Норма

белгілеу қызметі қаржы секторын реттеуді одан әрі дамытуға, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қаржы жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталды.

Қорыта келе, тәуекелділік кез келген банктік операцияларда болады. Олардың ауқымы әр банкте әртүрлі. Банктік қызметтерде тәуекелді жою мүмкін емес, оны мүмкіндігінше ең аз шамаға деңгейіне жеткізу, кеміту маңызды болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы.» ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлығы.

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның тәуекелдері әдіснамасы

3. Банковское дело (Настольная книга банкира): Учеб. Пособие / под научной ред. А.А.Абишева, С.А.Святова.-Алматы: Экономика, 2007.

4. Банковские риски учебное пособие, О.Н. Лаврушина, Н.Н.Валенцовой, Москва "Кно Рус" 2009ж.

5. Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп, 2014 жылғы желтоқсан.

**Мырзакулова А., Кайырбаева А.Е.**

#### **УПРАВЛЕНИЕ КРЕДИТНЫХ И ВАЛЮТНЫХ РИСКОВ В ФИНАНСОВОМ СЕКТОРЕ**

В статье рассматриваются вопросы управления кредитных и валютных рисков в финансовом секторе РК.

**Ключевые слова:** риски, валюта, кредит, собственный капитал, валютно-процентный своп, открытая валютная позиция, депозит, кредитный портфель.

**Myrzakulova A., Kayrbaeva A.E.**

#### **MANAGEMENT BY CREDIT AND CURRENCY RISKS IN FINANCIAL SECTOR**

In the article examined questions management by a credit and currency risks in the financial sector of RK.

**Keywords:** risks, currency, credit, property asset, currency-percent swapfile, open currency position, deposit, credit brief-case.

**УДК 664.12; 664.11**

**Дукенов Т., Кайырбаева А.Е.**

*Казахский национальный аграрный университет*

#### **ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ САХАРНОГО ПРОИЗВОДСТВА В КАЗАХСТАНЕ**

#### **Аннотация**

В современных экономических условиях обеспечение продовольственной безопасности страны и конкурентоспособности отечественных товаропроизводителей является особо актуальным в производстве сахара в связи с все возрастающей стоимостью сырья – импортного сахарного тростника. Поэтому необходимо возродить прежнее производство отечественной сахарной свеклы при поддержке государства и улучшение культуры земледелия и переработки в отрасли.



**Ключевые слова:** сахар, сахарная свекла, конкурентоспособность.

Решение проблемы продовольственной безопасности концептуально зависит от конкурентоспособности продовольственных товаров и продукции сельского хозяйства.

В условиях жесткой конкуренции на рынках конкурентоспособность производимых товаров и услуг становится одним из главных условий успешности предпринимательской деятельности. Как явление конкурентоспособность проявляется в том, что потребители на рынке по ценовым и качественным характеристикам продукции одних предприятий отдают большее предпочтение по сравнению с товарами-аналогами других. Конкурентоспособный товар быстрее реализуется, меняя натуральную форму в денежную, обеспечивая тем самым возможности для новых вложений и повышения эффективности производства как фактора ускорения оборачиваемости вкладываемых средств [1].

Известно, что рыночная конкуренция как самый дешевый и самый эффективный метод экономического контроля не имеет себе равных. Ценовая конкуренция в развитой рыночной экономике дополняется соперничеством в качестве предлагаемой продукции. На конкурентоспособность продукции влияют многие факторы, и все их необходимо учитывать при решении проблемы повышения эффективности работы предприятий. В условиях равновесия на рынке или превышения предложения над спросом главным фактором конкурентоспособности продукции становится ее качество [2].

Особую актуальность проблема конкурентоспособности имеет для сельского хозяйства. С повышением качества продукции растет эффективность отрасли, создаются условия для успешной работы перерабатывающей промышленности и более полного удовлетворения потребностей населения Казахстана.

На сегодня в числе поручений, данных Президентом Казахстана аграриям есть и установка по развитию свеклосахарной отрасли. Актуальность этой задачи состоит в том, что подъем ее способствует решению трех ключевых задач экономики – обеспечению сырьевой базы производства как необходимого условия конкурентоспособности конечной продукции, продовольственной безопасности рынка и росту занятости сельского населения.


В силу природно-климатических условий, сахарная свекла в Казахстане является единственным отечественным сырьем для производства сахара, а также представляет ценность как кормовая культура.

Казахстан имеет потенциальные возможности возрождения свекловодства: благоприятные природно-климатические условия, свеклопригодные земли, водные источники. Опыт возделывания сахарной свеклы за истекшие годы показал, что в республике возможно получение устойчивых урожаев не менее 400 ц/га на поливе и 200-250 ц/га на богаре [3].

Наибольшая площадь земель под посевами сахарной свеклы в Казахстане было в 1990 году, когда площадь составляла 43,6 тыс. га, что в 21,8 раз превышает площади 2014 года (рис 1).

По оперативным данным Комитета по статистике МНЭ РК в 2014 году посевная площадь сахарной свеклы составила 2 тыс. га, что на 25% меньше уточненной посевной площади 2013 года.


Если сравнить с 2012 годом, то посевная площадь сахарной свеклы в 2013 году уменьшилось в 4,4 раза, а в 2014 году еще на 1,4 раза.



Источник: Комитет по статистике МНЭ РК

Рисунок 1. Уточненные посевные площади сахарной свеклы, тыс. га

Валовый сбор сахарной свеклы в 2013 году составил 64,6 тыс. тонн, по сравнению с 2012 годом объемы снизились в 2,3 раза или на 87 тыс. тонн (рис.2).




Источник: Комитет по статистике МНЭ РК

Рисунок 2. Валовый сбор сахарной свеклы, тыс. тонн

При этом, по сравнению с 2012 годом урожайность с 1 гектара увеличилось на 59% и составила 267,7 центнеров с гектара (хозяйства всех категорий), в том числе в сельскохозяйственных предприятиях урожайность составила 309,7 ц/га (по сравнению с 2012 годом урожайность увеличилось в 2,6 раза), по крестьянским и фермерским хозяйствам - 262,3 ц/га (рост в 1,4 раза). Однако в хозяйствах населения урожайность сахарной свеклы уменьшилось в 1,5 раза, и составила 140,0 центнеров с гектара.

Хотя уникальные природно-климатические особенности Алматинской области способствовали в середине прошлого столетия активному развитию в регионе сахарного свекловодства. Сегодня эта деятельность, обеспечивавшая некогда четверть потребностей



Источник: Комитет по статистике МНЭ РК

Рисунок 3. Урожайность сахарной свеклы, ц/га

республики в сахаре и высокую занятость сельского населения региона, крайне нуждается в подходах, определяющих более эффективное взаимодействие и соблюдение ценового паритета всеми участниками единого технологического процесса.

В 2015 году для устранения главной причины инертности отечественного свекловодства – проблемы низких закупочных цен на сырье – Министерство сельского хозяйства инициирует программу субсидирования сахарных заводов, предусматривающих установление фиксированной цены на новый урожай сахарной свеклы. В отличие от прежних усилий по реанимации свекловодства, нынешний формат стимулирования направлен на решение узловых проблем отрасли, связанных в том числе с отсутствием взаимоприемлемых экономических отношений между производителями сырья и переработчиками [4].

Согласно статистике, на сегодня общее потребление белого сахара в Казахстане составляет около 480 тыс. тонн в год. При этом не секрет, что почти 90% сырья – сахарного тростника, необходимого для производства сахара, импортируется из Кубы и Гватемалы, на что ежегодно затрачивается около 45 млрд. тенге. Получается все эти годы мы стимулируем экономику вышеуказанных стран, вместо того чтобы предоставить возможность своим свекловодам и переработчикам обеспечивать внутренние потребности рынка в сахаре на основе создания единой технологической цепочки производства.

Парадоксальность ситуации состоит и в том, что свекольный сахар по своему главному продуктивному качеству – сахаристости – значительно превосходит зарубежные тростниковые аналоги. Тем не менее в период перевода отрасли на рыночные рельсы, когда произошел распад крупных специализированных хозяйств на тысячи мелких землепользователей, чаша весов отраслевой политики склонилась в пользу импорта тростникового сахара-сырца.

В рамках программы «Агробизнес-2020» с 2014 года начато субсидирование затрат предприятий по закупу сельхозпродукции для глубокой переработки. В перечень субсидируемой продукции включена и сахарная свекла. На реализацию программы на 2015 год из республиканского бюджета выделено 2,7 млрд. тенге, в том числе на закупку сахарной свеклы – 58,8 млн. тенге [5].

В соответствии с постановлением Правительства РК от 29 мая 2014 года №575 производители сахарной свеклы получают субсидии для проведения весенне-полевых и уборочных работ в размере 50% по итогам посевной компании на 1 гектар и 50% на 1 тонну сахарной свеклы, реализованной или сданной на переработку на сахарный завод (в соответствии с имеющимися перерабатывающими мощностями).

Так же, для производителей сахарной свеклы предусмотрены следующие меры государственной поддержки:

1. Субсидирование экспертизы семян;
2. Субсидирование удешевления стоимости элитных семян до 40%;
3. Удешевление стоимости удобрений и гербицидов до 50% (казахстанские) и до 30% (импортные);
4. Субсидирование ставки вознаграждения по лизингу сельхозтехники до (7% из 14%);
5. Субсидирование удешевления поливной воды от 20% до 90% (в зависимости от способа полива);
6. Льготное кредитование на создание и модернизацию производственных мощностей, лизинг сельхозтехники и пополнение оборотных средств через дочерние компании АО «Холдинг «КазАгро».

Несмотря на рыночную неконкурентоспособность свекловичного производства его поддержка остается в числе приоритетов государственной политики обеспечения продовольственной безопасности.

В соответствии с Мастер-планом «Развитие перерабатывающей промышленности в Республике Казахстан до 2020 года» на поддержку сахарной отрасли через различные инструменты поддержки планируется направить более 11 млрд. тенге до 2020 года. Это позволит к концу текущего десятилетия увеличить объемы производства сахара из отечественного сырья до 78 тыс. тонн (с 8 тыс. тонн в 2013 году), что с учетом роста численности населения обеспечит около 17% внутренней потребности.

Масштабные меры поддержки, такие как субсидирование ставок вознаграждения по займам и инвестиционные субсидии, призваны способствовать технической модернизации перерабатывающей отрасли, более 50% производственных мощностей которой морально и физически устарело. Обновление производственных мощностей позволит повысить конкурентоспособность казахстанских сахарных заводов, а субсидирование закупок отечественного сырья по фиксированной цене будет частично способствовать снижению зависимости от колебаний цен на внешних рынках.

Дополнительным инструментом стимулирования производства сахарной свеклы может стать рост объемов субсидирования на внедрение системы капельного и спринклерного орошения, способствующего росту урожайности.

С полным запуском запланированных мер господдержки, отечественных производителей сахара ожидает постепенное восстановление утраченных позиций на внутреннем рынке в условиях продолжения конкурентной борьбы с производителями из стран ближнего зарубежья.

В настоящее время разработан комплекс мер по наращиванию объемов отечественного производства сахарной свеклы до 20%. При этом разрабатывается новый законопроект, который содержит меры государственной поддержки по гарантированию фиксированных цен на сахарную свеклу.

В 2015 году сахарные заводы закупали сырье у свекловодов по 12 тыс. тенге за тонну, а не по 5–6 тыс. тенге, как это было до сих пор. Данный ценовой задел должен позволить отрасли выйти к 2016 году на предельно допустимые объемы производства сахарной свеклы. Новый формат развития также рассчитан на создание сервисных заготовительных центров, в том числе на стимулирование производства конечной продукции – сахара. То есть для перерабатывающих заводов и поставщиков сырья – свекловодческих хозяйств – предусматривается снижение налога на добавленную стоимость на 70%.

Между тем еще в 90-е годы прошлого века совокупная посевная площадь сахарной свеклы в Казахстане достигала порядка 80 тыс. га. Средняя урожайность этих сельхозугодий, по оценкам ученых, составляла 30 тонн продукции с гектара, хотя в отдельных хозяйствах южных областей этот показатель достигал 50 и более тонн корнеплодов с гектара. Выработка сахара варьировалась в пределах 180–190 тыс. тонн в

год, что закрывало почти 25% внутренней потребности страны в сахаре. Остальные объемы сладкой продукции поступали в республику из внешних источников. Но это уже была готовая продукция, а не сырье, в котором экономика республики не нуждалась.

В настоящее время недостаток сырья или его высокая себестоимость из-за дороговизны транспортировки, эксплуатация старых мощностей с низкой производительностью, высокая конкуренция в условиях общего рынка, в том числе наличие теневого импорта и прочие сложности нередко приводят к тому, что сахарные предприятия время от времени «сушат весла» на распутье лет. В результате общие показатели промышленного производства регионов снижаются, как это наблюдалось в 2014 году в Ескельдинском районе Алматинской области, где из-за остановки сахарного завода объемы промышленного производства резко пошли на убыль.

Проблема усугубляется тем, что на сегодня доставка тростникового сырья через море-океан обходится отрасли в немалую сумму, которую еще предстоит окупить. Судя по мнениям экспертов, в расчете на одну тонну сырья транспортные издержки предприятий составляют порядка 115–120 долларов. И это почти в 4 раза выше, чем расходы сахарных компаний России. В целом стоимость переработки, банковские проценты по кредитам, налоги и прочие статьи расходов казахстанской сахарной промышленности остаются более высокими, чем в других странах ЕАЭС, что, безусловно, не способствует ее конкурентоспособности не только на региональном, но и на внутреннем рынке.

Как и во многих других секторах аграрной отрасли, болевой точкой свекловодства остается проблема ее мелкотоварности. Земельные угодья, принадлежавшие ранее крупным свекловодческим хозяйствам, сегодня поделены на паи и переданы в собственность сельским жителям. Специализированных аграрных компаний в этой сфере, как правило, единицы. Практика жизни показывает, что мелкий собственник земельного надела со стареньким трактором или с тяпкой в руках – не ахти какой производитель, хотя можно считать, что таким образом на селе решается проблема занятости населения.

Мелкотоварному производителю в силу использования малоэффективных методов земледелия не приходится рассчитывать на высокие урожаи, в том числе на длинные кредиты банков. Поэтому свекловодство, основанное на мелкотоварном способе производства продукции, до сих пор не может выступать в общем технологическом процессе в роли потенциального источника сырья, не обременяя промышленность лишними производственными издержками в виде выдачи дотаций под гарантию будущего урожая, технической и другой поддержки.

Эксперты отмечают, что практика совместной деятельности крестьянских хозяйств и перерабатывающих заводов на поверку оказалась несостоятельной для ее дальнейшего применения в качестве отраслевой модели развития. Объективные условия рынка и природные факторы зачастую вносят в эти отношения свои коррективы, не оправдывая ожидания партнеров в конечных результатах деятельности. В этих условиях наиболее приемлемой формой специалисты считают кооперацию вертикального типа в основных сферах свеклосахарной отрасли – производстве, хранении и переработке сахарной свеклы, а также сервисно-техническом обслуживании.

Так или иначе, но именно интеграция и кооперация позволяют сегодня аграрным отраслям развитых стран оставаться в верхних эшелонах мирового производства сельхозпродукции.

Известно, что в этих странах важную роль в агропромышленной интеграции играют крупные транснациональные компании, которые выполняют функцию интеграторов, или факторов, задающих импульс активности процессам объединения и укрупнения сельхозформирований. В нашем случае в качестве такового интегратора до сих пор выступает государство, а не частный бизнес. Между тем именно последний, по сути, должен быть больше всех заинтересован в создании на местах стабильных и

высокотехнологических источников производства сырья, что по большому счету возможно лишь при интегрированном подходе к делу, в том числе максимальном вовлечении сельских трудовых ресурсов в общий производительный процесс на основе вертикальной кооперации.

### **Литература**

1. Моосмюллер Г., Ребик Н.Н. Маркетинговые исследования с SPSS. учебное пособие. - ИНФРА-М, 2009.-С.160
2. Хейер П.Дж. Промышленная реконструкция как средство усиления национальной конкурентоспособности // Проблемы теории и практики управления. - 2002. - №4.С.15-23.
3. Аналитический обзор рынка сахара. КАЗАГРО, декабрь 2014 г.
4. Нурғалиев Д. Свеклосахарный мейнстрим. // Казахстанская правда. 13февраля 2015 г
5. Программы по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013 - 2020 годы «Агробизнес-2020».Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2013 года № 151

**Дүкенов Т., Кайырбаева А.Е.**

### **ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНТ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСЕРІ**

Қазіргі экономикалық жағдайда елдің азық - түліктік қауіпсіздігін және отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, әсіресе шикізатының – импорттық қант тростниктің бағасы тұрақты артуына байланысты қант өндірісінде өте өзекті болып отыр. Сондықтан отандық қант қызылшасы өндірісін мемлекет көмегімен және диканшылық мәдениеті мен өндеуді жақсарту есебінен қайта жандандыру қажет.

**Кілт сөздер:** қант, қант қызылшасы, бәсекеге қабілеттілік.

**Dukenov T., Kayrbaeva A.E.**

### **PROBLEMS OF COMPETITIVENESS OF SUGAR PRODUCTION IN KAZAKHSTAN**

In the current economic conditions to ensure national food security and the competitiveness of domestic producers is particularly relevant in the production of sugar in connection with the ever-increasing cost of raw materials - import sugar cane. Therefore it is necessary to revive the former domestic production of sugar beet, with the support of the state and improvement of farming.

**Keywords:** sugar, sugar beet, competitiveness.

Султанбаева Г. А., Қайырханова Ф.К.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің магистранты.  
Семей қаласы*

## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

### **Аңдатпа**

Қазіргі өмірлік жағдайда гендерлік мәселеге қоғам тарапынан көптеп назар аударылуда. Қиын және қарама-қайшылықты экономикалық, әлеуметтік-саяси процестер, кедейліктің жоғарғы деңгейі және басқа да кері әлеуметтік құбылыстар әйел дискриминациясын тереңдетуде. Сонымен қатар, мұнда отбасылық қарым-қатынастар мәселесі, неке айыру процестері, ерлер тарапынан зорлық көрсету және т.б. кіреді. Осының салдарынан жастардың адамгершіліктік және мәдени потенциалының төменделуі байқалуда. Бұл барлық процестер ел дамуының барлық саласына кері әсерін тигізеді.

Гендерлік саясат – бұл жыныс белгілері бойынша дискриминацияны жою және эгалитарлы қоғамды қалыптастыру үшін жүзеге асырылатын саясат.

**Кілт сөздер:** Гендерлік саясат, аналитика, Ата Заң ҚР, құқық, принциптер, критерийлер, стратегия, конвенция, заң т.б.

### **Кіріспе**

Бүгінгі күндегі қазақ қоғамында «Гендерлік саясаттың» мағынасын бірден феминистік қозғалыс деп шатастыратын түсініктегі адамдарда көп. Себебі гендерлік саясат десе болды бұл бір әйелдердің еркектерді басып, тек әйелдердің мүддесін қолдап оларды шексіз билікке ие болғысы келетіндей етіп түсінетін жалаң пікірдегі азаматтар да біздің қоғамымызда көптеп кездеседі.

Гендерлік теңсіздік көпшілік әлеуметтік құрылымда тереңдеп орнықты, қоғамдық пікір жыныстық теңсіздіктің біздің өмірімізде типтік емес, кездейсоқ құбылыс деп есептей отырып, үнемі әйелдердің кемсітушілікке ұшырауын бәрі-бәрі бағалай бермейді. Әйелді кемсіту фактісі әйелдердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне жасырын формада гендерлік әлеуметтік шиеленісті туындата отырып, теріс әсер етеді. Біршама ұзақ тарихи тәжірибе жинақтағанымен, адамзаттың өзінің бүкіл әлеуметтік қарама-қайшылықтарын шешуге қол жеткізе алмағандығы байқалады. Аналитиктер қоғамда әлеуметтік қатынастарды құрастырудың жаңа принциптерін әзірлеу, саяси ойлаудың ауқымды өзгеруі қажет деп атап көрсетті. [1]

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының негізі болатын 1995 жылғы Ата Заңда «мемлекеттің басты қазынасы – адам» деп көрсетіле отырып, әйел мен ердің тең екендігі бекітілді. Ата Заңның 14-бабында заң және сот алдында барлық азаматтардың тең екендігі, соның ішінде жыныстық белгілері бойынша ешкімнің де дискриминацияға тартылмайтындығы, ал 27-бапта аналық және әкелік тең деңгейде қорғалатындығы айтылған. Сонымен Ата Заң ҚР-ның құқықтық, саяси, әкімшіліктік және жалпы мемлекеттік жүйені құрудың негізгі принциптері мен критерийлерін белгіледі.

Әйелдер еркектермен бірдей білім алуға, оның ішінде жоғары білім алуға конституциялық «тең» құқығы бар елдерде ол оны толықтай пайдаланады. Отбасы ауыртпалығынан, үй шаруашылығынан бос әйел ЖОО, колледждерде жақсы оқиды, тіпті білім алуда көшбасшы болады.

Еліміздегі аса маңызды демократиялық процесс - ұлттық гендерлік саясат. Елбасы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік тепе-теңдіктің стратегиясы билік пен қоғамның әрекет етуінде ерлер мен әйелдердің теңдігіне бағытталған. Халықаралық стандарт принциптеріне негізделген еліміздің нормативтік-құқықтық базасы жүйелі түрде жетілдірілген. 2009 жылдың желтоқсан айында алғаш рет гендерлік бағытталған заңнама – «Тұрмыс қажеттілігіне күштеуді жою», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне байланысты мемлекеттік кепілдеме» заңдары қабылданды.

### **Зерттеу нәтижелері**

Басқару саласында әйелдер айтарлықтай көп. Мысалы, мемлекеттік қызметтегі орталық және жергілікті атқарушы орындарда жұмыс істейтіндердің 63 пайызы әйелдерден тұрады. Ал жетекші қызметтегі әйелдердің жөні бөлек. Олардың саны әлемдік талаптармен (30 пайыз) салыстырғанда біршама төмен екені рас. Парламент депутаттарының 21-і, яғни 14 пайызы - әйел. Барлық деңгейдегі мәслихаттарда орта есеппен 17 пайыз депутат әйел бар. Үкіметте 3 министр, 1 агенттік төрайымы, министрліктерде - 4 жауапты хатшы және 5 вице-министр әйел қызмет етеді. Тек 3 әйел ғана - облыс әкімдерінің орынбасарлары, 3 - аудан әкімі. Аудан әкімдері орынбасарларының 17 пайызы, ауыл және елді мекендер әкімдерінің 11 пайызы - әйелдер. Әрине, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда билікте әйелдер 3-4 пайыз ғана еді. Сондықтан қазіргі 14 пайызды өте жақсы көрсеткіш деп есептеймін. Бірақ 2006 жылы Президенттің жарлығымен қабылданған Қазақстандағы гендерлік саясат туралы құжат бойынша он жыл ішінде басшылықтағы әйелдер үлесін 30 пайызға жеткізу керек. Бүгінде арулар араласпаған сала кемде-кем. Кезінде нәзік жандыларға «қол емес» саналған ішкі істер органдарында жыл сайын қыз-келіншектердің қатары артып келеді. Мәселен, бүгінде ІІМ-нің орталық аппаратында әйелдердің үлес салмағы 30 пайызға жетсе, ал жалпы министрлік бойынша қызметкерлердің 10,4 пайызын әйелдер құрайды екен. Қазір адамды жынысына қарап емес, қабілетіне қарай бағалайтын заман. Сондықтан, қазақ әйелдеріне деген құрмет тек отбасы, ошақ қасы төңірегінде ұйысқан десек қателік болар еді. Қазірдің өзінде әйелдер саясатқа, билікке ұмтылып жатыр. Бірақ, олардың талпыныстарын жоғарыдағылар оң бағалап отырған жоқ. Парламент депутаттарының 17 пайызы ғана нәзік жандылар, мәслихаттарда саны одан да аз. Қайта, денсаулық сақтау және білім беру саласында, шағын және орта бизнесте әйелдер жүр. Гендерлік тең құқық болуы үшін билік басында қоғамға үн қататын, өжет, қайсар ханымдардың болғаны маңызды. Әйелдер ақыл-парасаты жағынан да, білімі, кәсіби шеберлігі мен қабілеті жағынан да ер адамдардан еш қалыспайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қыз-келіншектердің еңбектегі және интеллектуалдық потенциалын билікте де пайдалану керек.[2]

Қазақстанда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы гендерлік теңдік пен әріптестік ынтымақтастыққа жағдай жасайтын нормативтік құқықтық акті жоқ. Осыған байланысты «Әйелдер мен еркектердің тең құқықтары мен бірдей мүмкіндіктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу қажеттілігі туындағаныны байқалады. «Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» 2005 жылы қарашаның 29-ында Елбасының Жарлығымен бекітілген болатын. Еліміздің саяси-қоғамдық өмірінде ерлер мен әйелдердің жынысына байланысты бөлмей, тең құқығын қамтамасыз етуді көздейтін стратегиялық жоспар 9 бөлімнен тұрады. Онда әйелдер мен ерлердің гендерлік теңдігін шынайы қамтамасыз ету, қоғамдық-саяси өмірде, экономикада гендерлік теңдікке қол жеткізу, құқықтық және гендерлік білімді жетілдіру мәселелері қамтылған. Сондай-ақ ерлер мен әйелдердің денсаулығын нығайту, адам жынысына орай қоғамдағы зорлық-зомбылықтардың алдын алу, отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттырып, шаңырақтың тұтастығын сақтауға негіз қалау салалары да осы аталған жоспарда көрініс тапқан. Қоғамды



адамдардың санасын гендерлік саясатты дұрыс түсінуіне жағдай жасау жағы да қарастырылған.[3]

Гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін елде қандай нақты шаралар атқарылуда деген мәселе көпшілікті ойландырады. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия бар. Оның талай игі істерге мұрындық болып жүргенін ел біледі.

Еліміздегі Отбасы және гендерлік саясат жөніндегі комиссия 2006 – 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын қабылдады. Отбасы комиссияның бірінші кезектегі мәселесі болып табылады, себебі:

1. Барлығы отбасыға байланысты, отбасы мәселелері қаншалықты шешілсе, әйелдің де, еркектің де жағдайы біздің мемлекетте соншалық шешімін табады.

2. Демографиялық мәселе елімізде басты орында тұр, алдымызда тұрған үлкен мақсаттарды жүзеге асыру, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін, мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау үшін, минералдық ресурстарымызды игеру үшін бізге ең кемі 20 млн. адам керек.

Гендерлік саясат ретінде Еуропа елдері феминизмді жүргізді, оның соңы демографиялық дағдарысқа апарды деген пікір бар. Жалпы, мұндай қауіп бізге де төніп тұр деу қате. Кеңестік кезеңде бізде бала туу мәселесі дұрыс жүйеде болған, кейін экономикалық қожырауға ұшырағанда бұл жағы өте төмендеп, соңғы 2-3 жылда оның деңгейі қайта көтеріліп келе жатыр.[4] Демократияның бір белгісі – гендерлік теңдік. Әйелдерді түрлі ауыртпалықтан босатып, 100 % теңдік ала алмай жүрген, әйелдер үшін еркіндік беру деген сөз.

Гендерлік теңдік стратегиясы ер мен әйелдің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне қолжеткізу үшін міндеттерді 2006 жыл мен 2016 жылдар аралығында шешу қарастырылған. Дүниежүзілік экономикалық форумның «Жаһандық гендерлік даму - 2010» (Global Gender Gap 2010) баяндамасында Қазақстан төрт көрсеткіштің жиынтығы – экономикалық қатысу, білім беру деңгейі, саяси құқық, Қазақстандықтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығы бойынша әлемнің 134 мемлекетінен 41-ші орынды иеленіп, ТМД елдері бойынша екінші орынды тұрғандығы айтылған [5].

### **Қорытынды**

Қазақстанда гендерлік саясатты жүргізу жұмысын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті - Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі төмендегі халықаралық келісім-шарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады, атап айтқанда:

- Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Пекин тұғырнамасы (1995 ж.);
- БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы (1998 ж.);
- Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция (2000 ж.);
- Тұрмыс құрған әйелдердің азаматтығы туралы конвенция (2000 ж.);
- ДЕҰ-ның 1951 жылғы № 100 ерлер мен әйелдердің тең құндылықты еңбекке тең сыйақы алуы туралы конвенциясы (2000 ж.);
- Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының Факультативтік хаттамасы (2001 ж.);
- БҰҰ мыңжылдықтар мақсаттары – «Ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» атты үшінші мақсаты [6].

Дегенмен, гендерлік теңдік құқығын құқықтық бекіту үздіксіз жетілдіруді талап етеді.

### Әдебиеттер

1. Мәмбеталиев Ж. «Жер – Ана сұлу қыздың келбеті ғой» (шежірелі эссе). //Ар – ай. № 34 (202). – 20.08.09. – 9 б.
2. Айтболатұлы Б. «Демократияның бір белгісі – гендерлік теңдік». (Светлана Жалмағамбетовамен сұхбат) //Айқын. №174 (870) 19.09.07ж. – 3 б.
3. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 2.03.2007.- 4-5 б
4. Ембердиева Г. Феминист – журналист. (әлемдегі саясаткер әйелдер. Глория Стайнем).// Ар – ай. № 38. 20.09.07. –9 б.
5. Проблемы гендерного неравенства и гендерная политика в РК. Электрондық ресурс: [http://library.wksu.kz/index.php?option=com\\_docman&task=doc\\_download&gid=1639&Itemid=2&lang=ru](http://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_download&gid=1639&Itemid=2&lang=ru)
6. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат туралы, Электрондық ресурс: [http://www.ncgp.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=1549%3A2010-04-12-11-49-32&catid=85%3A2010-01-18-16-20-57&lang=kk](http://www.ncgp.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1549%3A2010-04-12-11-49-32&catid=85%3A2010-01-18-16-20-57&lang=kk)

ӘОЖ 636.32/38(574)

**Дембосинова А.М., Баймәжі Е.Б.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

### ЭМБРИОН ТРАНСПЛАНТАЦИЯЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН АРҚАР-МЕРИНОС ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУІН ЗЕРТТЕУ

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада Алматы облысы, Іле ауданындағы Ф.М.Мұхамедғалиев атындағы «Эксперименталдық биология институтының» эксперименталдық базасында өсірілетін қазақтың арқар-меринос қой тұқымының генотипі аса құнды аналықтарынан эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы алынған транспланттардың өсіп-жетілу ерекшеліктері зерттелінеді.

**Кілт сөздер:** биотехнология, генотип, эмбрион трансплантациялау, трансплантат, селекция, аталық, аналық, жасы, жынысы, арқар-меринос, өсіп-жетілу.

#### **Кіріспе**

Қазіргі кездері нарықта халықтың етке деген сұранысы қызып тұрған уақытта қой өсірудің экономикалық тиімділігі басқа мал шаруашылығына қарағанда неғұрлым жоғары. Себебі, еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінде жыл бойы жайылымда болатын қой шаруашылығын дамыту арзан өнім алудың табыс көзі болып табылады. Қой шаруашылығының тиімділігі қой малының өсімталдығы, еліміздің кейбір жерлерінде кездесетін қатаң табиғи жағдайларына төзімділігі және қуаң жерлердің жұтан жайылымында да өзіне қажет қорек таба алатындығы. Қой малының артықшылығын толық игеру үшін замана талабына сай нарықтағы сұранысты қанағаттандыра алатын сапалы жүн және ет беретін өнімділігі жоғары қой тұқымын өсіру тиімді. Дегенмен де, елімізде өсірілетін қой тұқымдарының ішіндегі өнімділігі жоғары әрі сапалы генофондтар көп емес, ендеше осындай генотипі аса құнды қой санын қарқынды көбейту үшін «Биотехнология» ғылымының эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы қарқынды көбейтуге мүмкіншілік зор.

Қазіргі кездері көптеген дамыған елдерде қолда бар асылтұқымды мал топтарын өсіру, жақсарту және сақтап қалу мақсатында эмбрион трансплантациялау технологиясын қолдана отырып олардың санын қарқынды көбейту технологиялары көп жылдық асылтұқымды бағдарламаларына кіргізіледі. Осындай бағдарламаларға асылтұқымды мал басын қарқынды көбейту үшін эмбрион трансплантациялау технологиялары елімізде де енгізілген болса нұр үстіне нұр болар еді.

Еліміздің қой шаруашылығында эмбриондарды трансплантациялау әдісі ірі қара мал шаруашылығындағыдай кең көлемде қолданылмаса да, осы саланың дамуына әсері үлкен табылады. Осы уақытқа дейінгі ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда, қой эмбриондарын трансплантациялау әдісі қой шаруашылығының дамуына, селекциялануына үлкен мүмкіндік береді.

Эмбриондарды трансплантациялау әдісі қой малының жыныстық жетілуінен бастап көптеген атрезияға ұшырайтын биологиялық қорды (фолликулаларды) мейлінше көбірек пайдалануға мүмкіндік береді. Ал осы биотехнологиялық әдістің қой шаруашылығындағы, соның ішінде селекциялық - асылдандыру жұмыстарын жеңілдету және уақытты қысқарту үшін тигізетін үлесі үлкен.

Сондықтан да, дүниежүзілік қой шаруашылығында алғаш рет тұраралық будандастыру тәсілімен шығарылған қазақтың арқар-меринос қой тұқымының өнімділігі жоғары генотиптерінен эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы алынған трансплантаттарының өсіп-жетілу ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор.

#### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу нысаны ретінде – Алматы облысы, Іле ауданындағы Ф.М.Мұхамедғалиев атындағы «Эксперименталдық биология институтының» эксперименталдық базасында өсірілетін қазақтың арқар-меринос қой тұқымының әртүрлі жастағы ерекек және ұрғашы малдары мен олардан туған ұрпақтары алынды. Тәжірибеге алынған малдар бұрынғырақ жыныс органдарынан аналық жыныс клеткаларын және эмбрион жуып алу мақсатында гормональдық өңделмеген және хирургиялық пышаққа түспеген.

Аналық донорларға қазақтың арқар-меринос қойының өнімділігі жоғары және гинекологиялық ауыруларға ұшырамаған 5-6 жастағы саулықтар алынса, ал реципиенттер қатарына клиникалық дені сау, жыныстық жүйесі қалыпты физиологиялық дамыған 3-4 жастағы аналықтар таңдалды.

Биотехнология ғылымының эмбрион трансплантациялау жұмысына барлығы 10 бас аналық донордан 19 толыққанды эмбрион алынып 20 бас реципиенттерге трансплантацияланды, нәтижесінде барлығы 12 бас трансплантат қозылар алынды, соның ішінде 5 ұрғашы және 7 еркек.

Жұмыстың негізгі мақсаты, қазақтың арқар-меринос қой тұқымының өнімділігі жоғары генотиптерінен эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы алынған трансплантаттарының өсіп-жетілу ерекшеліктерін зерттеу болғандықтан да, тәжірибеге алынған трансплантат қозылардың селекциялық белгілерінің ерекшеліктері олардың өз құрдастарының (трансплантат емес) осындай көрсеткіштерімен салыстыра отырып анықталды.

Тәжірибеге алынған малдардың генотиптеріне байланысты тірі салмақ ерекшеліктері оларды жеке-жеке таразымен өлшеу арқылы алынған сандық мәліметтерге сүйене отырып анықталды.

Зерттеу нәтижесінде алынған сандық мәліметтер вариациялық статистика әдісін қолдану арқылы өңделіп және оған қорытынды жасалынды.

#### **Зерттеу нәтижелері және талдау**

Қойлардың тірі салмағы олардың шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілерінің ішіндегі ең маңызды белгілерінің бірі болып саналады. Ал осы тірі салмақпен көптеген селекциялық белгілер оң корреляцияланатындығы белгілі. Белгілі ғалым М.М.Санников-

тың айтуына қарағанда, қой малының дене салмағының ұлғаюы оның жүн өнімділігінің түсіміне әсер етеді.

Қой малының тірі салмағына әртүрлі факторлар әсерін тигізеді, соның ішінде қозылардың тірілей салмағына жаңа туғанда да, одан әрі қарай өсу және даму кезеңінде де оның жынысы, туу түрі (жалқы немесе егіз), өндірушінің және жатырдың шамасы, қоздау уақыты, азықтандыру және күтіп-бағу жағдайы әсер етеді. Сонымен қатар қой малының тірі салмағы тұқымына байланысты болады. Жаңа туған қозының тірі салмағына аналықтың құрсақ қуысындағы қозылар санының және олардың жынысының, әкесінің, анасының жасы мен тұқымы әсер ететіндігі айтылған [36].

Сондықтан да, біз зерттеуге алынған қозылардың тірі салмағын туғаннан 12 айлықтарына дейінгі өзгергіштігі олардың өз құрдастарымен салыстырыла отырып анықталды (1-кесте).

Кесте – 1. Тәжірибеде алынған трансплантат қозылардың тірі салмақ қосу динамикасы

Қозы жасы	Тірі салмақ, кг							
	Еркек қозылар				Ұрғашы қозылар			
	Трансплантаттар		Құрдастары		Трансплантаттар		Құрдастары	
	n	$x \pm m_x$	n	$x \pm m_x$	n	$x \pm m_x$	n	$x \pm m_x$
Туғанда	7	5,11±0,22	15	4,55±0,17	5	4,03±0,8	11	3,90±0,11
4- ай	6	33,60±0,41	10	32,50±0,30	5	29,5±0,55	8	28,1±0,70
12-ай	6	53,3±1,16	8	51,7±2,05	5	49,5±0,66	8	47,6±1,16

Тәжірибеге алынған қозылардың жаңа туғаннан бастап 12 айлықтарына дейінгі тірі салмақ өзгергіштіктеріне анықтама беретін болсам, екі топ бойынша да жыныстық деморфизм құбылысы байқалуда, бұл дегеніміз еркек қозылардың тірі салмақтары ұрғашыларына қарағанда жоғары болатындығы анық. Сонымен қатар, тәжірибеге алынған қозылардың ішінде барлық өлшем кезеңдерінде трансплантат қозылардың тірі салмақтары өз құрдастарына қарағанда әлде қайда жоғары екендігі анықталды. Мысалы еркек трансплантат қозылардың салмағы 5,1 кг құрап, өз құрдастарынан 0,5 кг артық болып отыр, бұл дегеніміз, трансплантат қозылар еселерінің құрсақтарында 0,5 кг жақсы өскендіктерін көрсетеді (1 кесте).

Осыдан келе, еркек және ұрғашы трансплантат қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі яғни туғаннан 4 айлықтарына дейін және енесінен бөлгеннен 12 айлықтарына дейін жоғары деңгейдегі өсіп-жетілуі нәтижесінде тірі салмақтары өз құрдастарынан біршама жоғары салмақ қосып отырғанын көреміз. Соның ішінде, трансплантат еркек қозылар 4 айлығында 33,6 кг болып, өз құрдастарынан 1,1 кг және 12 айлықтарында тиісінше 1,6 кг артық салмақта болды. Сол сияқты ұрғашы трансплантат қозылардың да әртүрлі салмақ өлшеу мезгілдерінде олардың салмақтары өз құрдастарынан артық екендігі байқауға болады.

Ал бұл құбылысты эмбрион трансплантациялау жұмысын жүргізу барысында трансплантат қозылардың ата-аналарын шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша қатаң сұрыптау нәтижесінде ұрпақтарының көрсеткіштері жоғары болды деп сенімді айта аламыз.

Тәжірибеге алынған қозылардың дене массаларының абсолюттік және салыстырмалы өсу қарқындылықтары онтогенездің құрсақтан кейінгі кезеңдеріндегі интенсивті өсіп-жетілгендігін көрсетеді. Сондықтан да, қозылардың туғаннан 12 айлықтарына дейінгі абсолюттік және салыстырмалы салмақ қосу ерекшеліктері анықталды (2 кесте).

Кесте – 2. Қозылардың тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтары, гр

Топтар	Жынысы	Өлшенген кезеңдер, ай есебімен		
		0-4	4-12	0-12
Трансплантаттар	Еркек	237	82	132
	Ұрғашы	212	83	124
Құрдастары	Еркек	233	80	129
	Ұрғашы	201	81	120

Кестеден еркек қозылардың 4 айлықтарына дейінгі дене массаларының абсолюттік өсу қарқындылықтары трансплантаттарда 28,5кг және құрдастарында -27,9кг аралығында болса, ал ұрғашыларында тиісінше 25,4 кг және 24,2 кг болып отыр. Соның ішінде трансплантат еркек және ұрғашы қозылардың көрсеткіштері қалған құрдастарына қарағанда жоғары болып отыр. Сондай-ақ, барлық топтағы қозылардың 4 айлығынан бастап 12 айлықтарына дейінгі мерзімдеріндегі дене массаларының өсу қарқындылықтары аздап төмендей келе еркектері -19,7 кг және 19,2кг, ал ұрғашылары -20,0кг және 19,5 кг құраған.

Көпшілікке мәлім болғандай, малдардың тірі салмақтарының абсолюттік өсу көрсеткіштері олардың қарқынды жетілгіштілігін толық айқындай алмайды, сол себептенде біз тәжірибеге алынған қозылардың әртүрлі жас мезгілдеріндегі тәуліктік салмақ қосу қарқындылықтарын есептеп шығардық (2 кесте).

Тәжірибеге алынған қозылардың туғаннан 4 айлықтарына дейінгі тәуліктік салмақ қосу қарқындылықтары – трансплантат еркектері 237 гр құрап құрдастарынан 4гр артық болса, ал ұрғашыларыныкі 212 гр құрап 11 гр артық болып отыр.

Қозылардың туғаннан 4 айлық мерзімдеріне дейінгі бұндай жоғары деңгейдегі тәулігіне салмақ қосу ерекшеліктерін, арқар-меринос қойының эволюциялық даму процессі кезіндегі аналықтарының жоғары деңгейдегі сүттілік және олардың мал өсіру жағдайына жақсы бейімделгіштілік қабілетін – постнатальді онтогенездің генетикалық шартты ырғақтылығы деп түсінуге болады. Ал қозылардың енесінен бөлгеннен 18 айлықтарына дейінгі тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтары аздап төмендеп отырғанын байқауға болады, бұны төлдің постнатальді онтогенездің биологиялық заңдылығы деп және олардың өз бетерімен жайылып азықтанулары мен қатар күз-қыс мезгілдеріндегі азық жағдайының нашарлауымен түсіндіруге болады.

Қорытындылай келе, барлық өлшеу кезеңдерінде эмбрион трансплантациялау жұмыстары үшін шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілері бойынша қатаң сұрыпталынып алынған аталық және аналық малдардың эмбриондарын реципиенттерге тасымалдау арқылы алынған трансплантат қозылардың тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтары құрдастарына қарағанда басым болып отыр.

Қой малын асылдандыру жұмысы барысында, әсіресе сұрыптауда оның экстерьерлік ерекшелігіне көп мән берілетіндігі белгілі. Себебі, қойдың экстерьері оның жалпы дене бітімінің (конституциясының) және белгілі бір өнім беруге бейімділігінің сыртқы көрінісі деуге болады. Сондықтан да қойдың өнімділік құндылығын анықтағанда сыртқы пішініне берген баға міндетті түрде есепке алынуы тиіс.

Осыған байланысты біз эмбрион трансплантациялау нәтижесінде алынған еркек трансплантаттардың экстерьерлік ерекшеліктерін өз өкілдерінің көрсеткіштерімен салыстыра отырып анықтадық (кесте 3).

Кесте – 3. Тәжірибеге алынған ұрғашы төлдердің дене өлшемдері, см.

Дене өлшемдері	Жаңа туғанда				4 айлықтарында				12 айлықтарында			
	Трансплантат		Құрдастары		Трансплантат		Құрдастары		Трансплантат		Құрдастары	
	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	$\bar{X} \pm m_x$	Cv
Шоқтығының биіктігі	41,3±0,33	10,1	40,8±1,26	9,5	55,6±0,54	8,6	53,1±1,73	7,1	57,9±0,49	9,9	55,8±0,28	8,5
Құйм. сүйегінің биіктігі	41,7±0,37	9,4	41,2±0,98	8,5	57,2±0,54	7,3	55,8±1,23	6,4	57,5±0,45	9,1	57,2±0,54	8,4
Кеуде тереңдігі	14,6±0,20	11,4	14,0±1,26	12,6	25,2±0,24	11,7	24,8±2,26	11,7	27,2±0,23	11,6	25,2±0,20	11,1
Кеуде енділігі	9,1±0,20	14,2	8,7±0,38	12,7	16,5±0,22	12,3	16,0±0,84	10,3	17,1±0,18	13,5	16,9±0,18	12,3
Тұрқ. қиғаш ұзындығы	30,8±0,55	8,7	29,3±0,22	8,5	55,2±0,68	6,5	52,6±0,49	7,2	60,3±0,40	8,3	58,7±0,27	7,5
Сербек аралығы енділігі	8,8±0,13	13,5	8,0±0,31	12,2	14,2±0,11	10,6	13,8±0,68	10,2	15,0±0,13	11,8	14,3±0,17	10,8
Кеуде орамы	38,0±0,58	9,3	36,4±0,97	8,5	68,3±0,64	8,7	65,7±1,57	6,3	70,4±0,55	9,2	68,5±0,29	8,3
Жіліншік орамы	5,8±0,08	12,7	5,7±0,20	13,5	6,2±0,09	11,6	6,0±0,25	10,8	7,1±0,04	14,5	6,9±0,09	12,8

№3 кестеге сипаттама беретін болсам, тәжірибеге алынған ұрғашы қозылардың экстерьерлік өлшемдерінде топ аралық әр түрліліктер кездесуде. Соның ішінде, трансплантат қозылардың жаңа туған кездегі бір қатар негізгі дене өлшемдері өз құрдастарының көрсеткіштерінен басым түскен. Мысалы: шоқтығының биіктігі бойынша – 1,2 %, құймышақ сүйегінің биіктігі -1,1 %, тұрқының қиғаш ұзындығы 4,8 %, кеуде тереңдігі -4,1 %, кеуде енділігі -4,4 %, сербек аралық енділігі -9,1 %, кеуде орамы – 4,2 %, сол сияқты жіліншік орамы -1,7 % басым.

Барлық топтағы қозылардың жас мезгілдеріне қарай негізгі дене өлшемдерінің ішінен кеуде тереңдігі қарқынды өскен, мысалы: кеуде тереңдігі жаңа туғанда 14,6; 14,0 см аралығын құраса, ал енесінен бөлгеннен кейін 25,2; 24,8 см өскен, сол сияқты тұрқының қиғаш ұзындығы жасына қарай тиісінше 30,8; 29,3 см-ден 55,2; 52,6 см дейін өскен. Ал керісінше қозылардың жіліншік орамдары жас мезгілдеріне қарай аз мөлшерде өседі, айталық жаңа туғанда 5,8; 5,7 см аралығында болса, ал енесінен бөлгеннен кейін не бары 6,2; 6,0 см құраған.

Қойдың әртүрлі жас кезеңдеріне байланысты олардың экстерьеріне үйлесімді (пропорциональді) баға беру селекция үшін бірден-бір маңызды өлшеуіш (критерий) болып табылады.

Сондықтан да біз, трансплантат қозылардың әртүрлі жас мезгілдеріндегі тұлға индекстерін есептеп шығарып олардың құрдастарын салыстыра отып анықтадық (кесте 4).

Кесте -4. Ұрғашы қозылардың жасына қарай тұлға индекстерінің өзгергіштіктері, %

Дене өлшемдері	Жаңа туғанда		4 айлықтарында		12 айлықтарында	
	Транс-плантат	Құр-дастары	Транс-плантат	Құр-дастары	Транс-плантат	Құр-дастары
Сирақтылығы	64,6	62,6	54,6	53,3	53	52,8
Тұрқы сипаты	74,5	71,8	99,2	99,0	104,1	103,1
Кеуде-бөксе сәйкестігі	103,4	102,7	115,1	115,09	114,0	113,2
Кеуделігі	62,3	62,1	65,4	64,5	62,8	61,0
Дене жұмырлығы	123,3	122,2	123,7	123,2	116,7	116,1
Сүйектілігі	14,0	13,9	11,1	10,3	12,2	11,3

Жоғарыда келтірілген кестеге анықтама беретін болсам, тәжірибеге алынған әртүрлі топтардағы қозылардың жаңа туған кездерінде-ақ олардың генотипі бойынша бірқатар айырмашылықтарымен ерекшеленген. Соның ішінде трансплантат ұрғашы қозылардың барлық тұлға индекстері қалған өз құрдастарына қарағанда жоғары екендігін көруге болады.

Қозылардың сүт ему кезеңдерінде тұрқы сипаты және кеуде бөксе сәйкестігі индекстері өссе ал, сирақтылық, кеуделік және дене еңселік индекстері керісінше кеміген. Бұл көріністі, осы қой тұқымының өсіп-жетілуі барысындағы қалыпты жағдай деп түсінуге болады.

Ауыл шаруашылығы малдарының тұрқы сипаты индексі оның еттілік қасиетін сипаттайды, бұл көрсеткіш біздің тәжірибеге алған қозыларымызда жасына қарай, соның ішінде сүт ему кезеңдерінде қатты өскен, яғни тұрқының көлденеңінен алынатын өлшемдері қарқынды жетілген.

Қорытындылайтын болсам, барлық топтағы трансплантат және трансплантат емес қозылар зерттелініп отырған тұлға индекстерінің үйлесімділіктерімен ерекшелене келе, осы қой тұқымының өсіп-жетілу заңдылықтарына сай екенін айта кеткен жөн.

## **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, қазақтың арқар-меринос қой тұқымының трансплантат емес құрдастарына қарағанда генотипі аса құнды аталық және аналық малдарының санын қарқынды көбейту мақсатында олардың эмбриондарын трансплантациялау нәтижесінде алынған трансплантат қозылардың өсіп-жетілуі қарқынды болған. Бұл дегеніміз трансплантат қозылардың ата-аналарының өнімділігі жоғары болғандығының нәтижесі деп сенімді айтуға болады.

## **Әдебиеттер**

1. Тойшибеков М.М. Использование метода трансплантации эмбрионов в овцеводстве: Аналит обзор Алматы: КазНИИТИ. – 1988. - 68 с.
2. Касымов К.Т. Трансплантация эмбрионов у овец //Овцеводство. – 1994. - №8. - С.29.
3. Kridli R.T., Husein M.Q., Muhdi H.A. e.a. Reproductive performance of hormonally-treated anestrous Awassi ewes// Anim. Reprod., 2006.- Vol.3. – P. 347-352.

**Дембосинова А.М., Баймажи Е.Б.**

### **ИЗУЧЕНИЯ РОСТА И РАЗВИТИЯ ЯГНЯТ АРХАРА-МЕРИНОСА ПОЛУЧЕННЫХ С ПОМОЩЬЮ МЕТОДОМ ТРАНСПЛАНТАЦИИ ЭМБРИОНОВ**

В статье представлены результаты исследований изучения роста и развития ягнят архара-мериноса полученных с помощью методом трансплантации эмбрионов.

**Ключевая слова:** биотехнология, генотип, трансплантация эмбрионов, трансплантат, селекция, самец, самка, возраст, пол, арқара-меринос, роста и развития.

**Dembosinova A., Baimazhi Ye.**

### **STUDY OF GROWTH AND DEVELOPMENT OF LAMBS ARGALI - MERINO OBTAINED BY THE METHOD EMBRYO TRANSPLANTATION**

The article presents the results of a study of growth and development of research argali - merino lambs obtained by the method of embryo transfer

**Keywords:** biotechnology, genotype, embryo transplantation, transplant, breeding, male, female, age, gender , арқара - merino, growth and development.



**Манкибаев А.Т.**

*Қазақ Ұлттық аграрлық университеті*

*«Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасы*

## **ТАҒЫЛЫМЫ КӨП ҒҰМЫРЛЫ ӨМІР - ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ**

Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің, Ветеринария факультетінің, «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы, КСРО-ның жоғары мектеп үздігі Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали 85-жаста.

Құрметті оқырман! Ұлы ұстаздан берекелі шәкірт шығады деген халық нақыл сөзі распа деп ойлаймын. Себебі мен осы мақаланы жазу қарсаңында көп ойланып, көп толғандым. Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали ағайымыздың мерейлі 85-жасқа толуы еліміздің тәуелсіздік алғанына 25-жыл толуымен қатар келіп тұр. Бұл жайт жайдан жай емес. Елбасымыз өзінің жолдауында ұрпақтар сабақтастығы мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Бұл дегеніміз біздің алдымыздағы жасы үлкен ағаларымыз бен аталарымыз, әпкелеріміз бен апайларымыз, іздерін басып келе жатқан орта буын біздер және бізден кейінгі өсіп-жетіліп келе жатқан жас өскелен ұрпақтардың тығыз қатынастағы жалғасы. Себебі, бүкіл өмірін ауылшаруашылығына, ғылымына, оның ішінде, ветеринария саласына көп жылдар бойы еңбек сіңірген белгілі ғалым, іздемпаз жастарға тәлімді тәрбие, сіңімді білім берген ұстаз, қазақтың көптеген ұлылары шыққан қасиетті Батыс Қазақстанның Орал-Жайық өңірінің перзенті профессор Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали туралы жазу, осы мақаланың авторы осы ғалымның оқушысы мен, жауапты да, қиын да дұрыс істі қолға алуға бел байладым. Қиын да, жауапты іс дейтін себебім адам өмірінің саласының бірі, ұстазымның бұралаңы көп ғылым – білім жолындағы өмірінен білгенімнен білмегенім көп болатын.

Ел үшін аянбай қызмет ету басты парыз деп санайтын, ұлт мүддесін ойлаған абзал да ардақты азамат, киелі де қастерлі мекен – Сырымдай шешеннің, Махамбеттей ер ақынның, батырдың туған өлкесінің перзенті, Орал өңірінен шыққан ұлылардың керуеніне ілескен Қазақстан Республикасының «Экология» халық академиясының мүше- корреспонденті, академик, биология ғылымдарының докторы, профессор Тайман Мұсағалиұлы Телеуғалидың 85-жасқа толған мерейлі шағынан ол туралы ой толғау мен үшін бақытты сәттердің бірі және әбден қисынды деп есептеймін.

Оның өнегелі, көрегенді өмір жолына үңілген сайын өткен кезені, жүрген ізі тасқа таңба басқандай сайрап қоя береді. Кейінге көз жүгіртіп бір сәт тоқтап байыппен өткенге көз жіберіп қарасақ, әр заманның өз сұраныстарының ауыр жүгін үйіп-төгіп, осы ғылым-білім, парасаттық жолына арнаған ғалымдарға, азаматтарға артқандай. Осы тұрғыдан алғанда тәуелсіз еліміз үшін, болашақ ұрпақтар үшін, ғылым, білім үшін «инемең құдық қазып» аянбай еңбек етіп, тер төгіп жүрген Тайман Мұсағалиұлындай ағаларымызға халық, ел құрметі шексіз. Өнегелі өміріне, білімі, ғылыми шығармашылық жұмыстарына үңілген сайын өзің бұрын сезбеген жақсылыққа, өзің шығып көрмеген биік шыңдарға, құнарлы берекелі ойларға кезіккендей боласың. Негізінен осындай дарындылар мен таланттар жүріп өткен жолдары жайлы еске алып, сөз қозғау, өзгелерге емес, бізге және бізден кейінгі өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа, жастарға өте қажет. Осындай кісілердің алдыңғы қатарда келе жатқан көш бастаушы аталардың, ағалардың, әке-шешелерінен алған тәрбиесі, алған білімі, жиған тергені, ел игілігі жолындағы еткен ерен еңбектерін көру, білу арқылы бүгінгі біздер, бізден кейінгі жас ұрпақ өздерінің талғам, танымдарын шыңдайды, өмірлік бағыт-бағдарын анықтап белгілейді.

Демек осы мақалаға арқау болып отырған ғылыми, біліми ортада өзіндік орны бар тұлғамыз, біреулерімізге ардақты ата, біреулерімізге ардақты аға, Қазақтың Батыс өңірінен жұлдыздай жарқырап шыққан биология саласында ойып орын алған, өзіндік орны бар ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері ақ сақалды атамыз Тайман Мұсағалиұлы Телеуғалидің ғылыми еңбектерінің бітім болмысы өзіне тән, табиғаты өзгелерден ерекше айқын, еңбекпен тынымсыз теориялық-тәжірбиелік ізденіске толы дүниелер.

Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали - 1931 жылдың 23-ші ақпаны күні, Батыс Қазақстан облысы, Камен ауданының (қазіргі Тасқала), Кулаков күтірінде дүниеге келген. Ардақты ұстазымыздың әкесі Мұсағали осы Камен аудандағы Карл Маркс атындағы колхозды алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болған. Жалпы халықтың басына түскен Ұлы Отан соғысының ауыртпашылдығын Телеуғалиевтар жанұясында бастан кешірді. Әкесі Мұсағали сол алапат заманда әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатынасып, жеңіл жарақат алды. Соғыс майданындағы көрсеткен ерлігі мемлекет тарапынан орден, медальдармен бағаланды. Ұлы Отан соғысынан жеңіспен оралғаннан кейін өзі туған жерге, елге оралып еңбек майданына құлшына кірісіп, кейіннен колхоз, совхоз құрылысында, мал шарушылығы саласында аянбай еңбек етіп өз уақытымен зейнеткерлікке шықты. Анасы Ләтипа да бала тәрбиелеумен қатар үйде отырып қалмай өмірінің соңына дейін елқатарлы еңбек етіп колхоз, совхозда жұмыс істеді. Әкесі Мұсағали атамыз бен шешесі Ләтипа апамыз халық шаруашылығы саласында сіңірген еңбектері үшін мемлекет, үкімет тарапынан көптеген марапаттауға ие болды. Жалындаған жас жігіт Тайман Мұсағалиұлы Телеуғалиев (Кеңес үкіметі жылдары фамилиясы осылай болған) Батыс Қазақстан облысы, Камен ауданының, Карл Маркс колхозындағы орта мектептің 9-шы сыныбын бітіргеннен кейін, облыс орталығы Орал қаласындағы №3 мектеп интернатқа түсіп, оны 1948 жылы орта білім алып бітіріп шықты.



Соғыстан кейінгі жылдары Тайман Мұсағалиұлы өз тұстары, құрдастары, замандастары сияқты еңбек қолы, ер азаматтар жетіспейтін кездері буыны тез бекіп еңбекке ерте араласты. Сонау 1944 жылдан бастап соғыс кезіндегі жас өспірімдермен бірге қиыншылықты бірге көріп жүріп, күн-түн демей, жатпай тұрмай тынымсыз колхозда жұмыс істеді, жұмыс істей жүріп оқуын жалғастыра берді. Сөйтіп еңбекке деген құлшыныс, болашақ өмірге деген байыпты көзқарас ол кісіде ерте қалыптасты.

Заманының алғыры, жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Тайман Мұсағалиұлы 1948 жылы Алматының мал дәрігерлік – зоотехникалық институтының ветеринария факультетіне түсіп, оны 1953 жылы жақсы тәмамдап мал дәрігерлік мамандығын алғаннан кейін, еңбек жолын туған жері, қасиетті ата мекені, беделді де белді хандар мен билер, даналар, шешендер мен жыраулар, Исатайдай, Маханбеттей т.б. батырлар шыққан киелі мекен Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының бас мал дәрігері қызметінен бастады.

Осы тұста ауданда аса қауіпті элеуметтік, экологиялық, экономикалық тұрғыдан шаруашылыққа зор зиян келтіретін, кездейсоқ шығынға ұрындыратын, ұшырататын малдың бруцеллез, туберкулез, қотыр және басқа да жұкпалы аурудың алдын алу және емдеу бағытында үлкен жұмыстар атқарды. Тайман Мұсағалиұлы Телеуғалиевтің ұйымдастыруының, басқаруының, еңбегінің нәтижесінде көптеген шаруашылықтарда қоғамдық мал бруцеллез, туберкулез ауруларынан мүлдем сауықты. Ондай шаруашылықтарда мал өнімінің сапасы артып, өнімі молая түсті. 1955 жылы Алматы облысының Кеген ауданының Қарқара қой совхозына бас мал дәрігерлік жұмысқа ауысты. Бұл совхозда малды сақау ауруынан, бруцеллезден сауықтандыруда айтарлықтай жұмыс атқарды.

Жас маманның ғылымға деген ұшқырлығын, жұмысты ғылыми негізде ұйымдастыратынын байқаған сол кездегі белді ғалым ағаларымыз Тайман Мұсағалиұлы Телеуғалиевті Қазақтың мал дәрігерлік ғылыми зерттеу институтына жұмысқа шақырды. Сөйтіп ол 1957 жылы ғылыми қызметкер міндетін атқаруға кірісіп жұмысқа орналасты. Қазақтың мал дәрігерлік ғылыми зерттеу институтында жұмыс істеген кезінде Жамбыл облысы, Фурманов ауданының мал шаруашылықтарын туберкулезден сауықтандыру жұмысына қатынасты. Жинаған білімі, ғылыми тәжірибесін ұшқырлау мақсатында 1958 жылы Ленинград мал дәрігерлік институтының аспирантурасына түсіп, 1961 жылы «Төл қылауын жедел анықтау» тақырыбына ашық түрде кандидаттық диссертация қорғап, мал дәрігері ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді. Диссертацияда жасалған ұсыныстар өзінің құндылығы мен өміршендігінің арқасында бұрынғы КСРО көлемінде ветеринария саласында күнделікті жұмыстарда кеңінен қолданылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының солтүстік астанасы саналған білім, ғылым, мәдениет ордасы Ленинград мал дәрігерлік институтының аспирантурасын бітіргеннен кейін 1962 жылдан бастап осы күнге дейін бұрынғы Алматы мал дәрігерлік зоотехникалық институты, қазіргі аграрлық білім мен ғылымның көшбасшысы, ауылшаруашылығының қарашаңырағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Ветеринария факультетінің Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена кафедрасында ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, профессор қызметін атқарды. Жалпы алғандағы 65 жылға жуық университеттегі қызмет еткен жұмысында 13 мыңнан астам мал дәрігерлері мен ветеринариялық-санитариялық дәрігерлерді дайындауға өз тарапынан үлкен үлес қосты, көптеген студенттердің дипломдық, аспиранттардың кандидаттық жұмыстарына жетекшілік етіп оларды қорғауға дайындады.

Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали 1992 жылы Қазан қаласындағы Бүкілодақтық ветеринариялық ғылыми зерттеу құпия институтында «Малды экстремалдық жағдайда сою және сойыс өнімдерін консервілеу» деген тақырыпта алғашқы рет ветеринариялық санитариялық сараптау саласында докторлық диссертация қорғап, биология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды, ал 1994 жылы профессор атағы берілді. Сол диссертация жұмысында бұрынғы Кеңес Одағы көлемінде алғашқы рет ет және ет өнімдерін консервілеудің биотехнологиялық жаңа әдістері ұсынылды. Ұсынылған ғылыми-тұрғыдан дәлелденген ұсыныстар сараманға енді, нормативтік құжаттар бекітілді.

Жұмыстың қорытындысы бойынша экстремальды жағдайда (індет, жұт, радиация, т.б.) малдарды жаппай сою, ұшаны мүшелеу, химиялық – биологиялық әдіспен консервілеу, өз терісінің, мес қарнына салып аузын байлап жылы (ыстық) жерде сақтауға болатынын туралы 1994 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринария Бас басқармасы ұсыныс жасады.

Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали Қазақстан Республикасында ветеринариялық санитариялық сараптау мамандығы бойынша шыққан алғашқы биология ғылымдарының докторы, профессоры және Қазақстан Республикасының «Экология» халық академиясының мүше корреспонденті, академик. Тайман Мұсағали ұлы бұл орайда адам асқа қолданатын тағамдардың экологиялық тазалығына үзбей көңіл аудару қажеттігін студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, біздерге оқыған дәрістерінде үзбей айтып

жүреді. Осы мәселе туралы студенттерге, магистрларға, докторанттарға, ғалымдарға және жалпы оқырманға арнап түсінікті тілде жеңіл оқылатын қазақ тілінде оқу құралдарын шығарды. Солардың бірі биыл жарық көрген іздемпаздарға, ғалымдарға арналған оқу құралы, жалпы редакциясын басқарған биология ғылымдарының докторы, профессор Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали, авторлары Т.М.Телеуғали, А.Т.Манкибаев «Мал шаруашылығы өнімдерінің экологиясы». Бұнда малдан алынатын ет пен сүттің экологиялық сапасын қамтамасыз ету жолдары жан – жақты әңгімеленеді. Тайман Мұсағалиұлы ғылыми өміріндегі айтарлықтай жаңалықтарын инновация түрінде бұрынғы КСРО қазіргі Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) аймағында және алыс-жақын шет елдерде жариялауда. Солардың қатарында осындай ғалым аталарымыздың ғалымдар, жас ғалымдар алдында ғаламдық жахандану жағдайында малдан, өсімдіктен алынатын өнімдердің биологиялық қауіпсіздігі, нарықтық қатынастар жағдайында ғылымның өндіріс тиімділігін арттыру бойынша халықаралық және республикалық ғылыми тәжірибелік конференцияларда атап айтқанда Москва, Ленинград, Қазан, Львов, Самарқан, Омбы, Астана, Алматы қалаларында өткен ветеринариялық санитариялық сараптау саласы бойынша қатынасып талдама, тараулы баяндамалар жасауы ол да бір Қазақстан Республикасы ғылымының шырқау белестерінің бірі деп айтуға әбден болады.

Республикалық Егемен Қазақстан газетінің беттерінде ветеринария саласындағы шешілмей жүрген күрделі мәселелер жайлы көптеген мақалалары жарық көрді. Ғылыми-педагогикалық жұмыстарымен қатар сабақ жүргізген уақытында және жатақханаларда тәлім-тәрбие сағаттарында студенттермен кездесулерде тәлім-тәрбие жұмыстарын барынша мәнді жүргізеді және түп-тамырларына жеткізіп айтады.

Магистранттарға, докторанттарға дәріс оқығанда және практикалық сабақтар жүргізгенде инновациялық әдіспен зерттелген материалдардың нәтижелерін қолданады.

Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали көптеген жылдар университетіміздің 18.01.01 – мамандығы бойынша кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын ғылыми кеңестің мүшесі ретінде жұмыстар атқарды.

Тайман Мұсағалиұлы 150-ден астам ғылыми еңбектің, 5 монографияның, 8 оқулық және оқу құралдарының, оқу әдістемелік құралының, авторлық куәлік, Қазақстан Республикасы Патенттік органының патенттерінің иесі болу ол кісінің қажырлы еңбегінің айғағы. Аса маңыздыларына тоқталсам, олар Балық аурулары. «Қайнар» 1967, 4,7 б.т., Етті сараптау. «Қайнар», 1970, 4,9 б.т., Қазақстандағы малдәрігерлік қызмет, 1979 (авторлық бірлестік) 15,2 б.т., Частная ветсанэкспертиза продуктов животноводства (соавтор) «Қайнар», 1988, 23,7 п.л., Экология және табиғи апаттарға ұшыраған аймақтардағы тағамдық өнімдерді сараптау проблемалары, АЗВИ ОҒӨК, 1997, 0,5 П.Л., Малдәрігерлік санитариялық сараптау және малшаруашылығы өнімдерінің технологиясы мен стандарттау негіздері. «Бастау, 1998, 10, 1 б.т. (авторлық бірлестік), Фермерское дело. КазНАУ, 1999, 610 п.л. (соавтор), Рекомендация полевые методы вынужденного убоя животных, переработки и консервирования туш в экстремальных ситуациях. 1994, Тағамдық өнімдерді жалпы сараптау, стандарттау, сертификаттау, 3-томдық іргелі еңбек (авторлық бірлестік) «КазНАУ, Credos», 2008. Т.М.Телеуғали, А.Т.Манкибаев «Мал шаруашылығы өнімдерінің экологиясы» 2015ж, Алматы.

Қадірлі ғалым, ұстаз ағамыздың аса бағаланатын еңбектерінің бірі ілгеріде айтылған баспадан көп тиражбен шыққан 3 томдық «Ветеринарно-санитарная экспертиза, стандартизация и сертификация продуктов» деп аталатын кітабы. Қазақстан Республикасының ғылымдағы ерекше жетістіктерге иеленген ғалымдарға беретін А.И.Бараев атындағы сыйлығына ие болғанын айтуға болады. Бұл оқу құралы қазіргі кезде ТМД елдерінің базалық оқу құралы болып есептеледі және жоғарғы оқу орындарында пайдалануда. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», - дейді халық даналығы. Қазақ халқы ұстазын әкесінен де әзіз, қадір тұтқан. Өйткені шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Қиындығы да,

қызығы да жетерлік, ең бастысы – жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету екені ақиқат. Өйткені адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы – ұстаз. Елбасымыз «Тәуелсіздік туы – білімді ұрпақ қолында» - деп атап көрсеткен болатын. Тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің ертеңі болатын сол білімді ұрпақтың ұстазы – осындай мақтанышпен айтатын ағаларымыз. Бұл бір жағынан үлкен абырой, екінші жағынан жоғары жауапкершілік. Жақсы, көреген ұстаздың оқушысының жадына құйып берген білімі жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгеді. Ұстазынан өнеге – білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық – тұл, Шәкіртсіз ғалым – тұл» деген дана атамыз Абай Құнанбаев.

Тайман Мұсағалиұлы ғылыми жұмыстарға басшылық жасап көптеген аспиранттардың кандидаттық, докторанттардың докторлық диссертациялық жұмыстарын қорғауға дайындады.

Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали күнделікті өмірде де, ғылымда да айқай-шусыз, дабыр-дүбірсіз, ақырын жүріп, анық басып, үлкен істер тындырып келе жатқан бойында рухы, жүрегінде иманы бар аға буындар қатарындағы тұлға. Дей тұрғанмен, кедергісімен қиындығы мол ғылым жолы Тайман ағамызды талай шайқағаны рас. Алайда, дарқан дарын иесі тауға қарай, өзінің асыл мұрат мақсатына қарай аяндай берді. Өйткені, оның асқақтығы табиғи талантында, ерендігі еңбекқорлығында, сүйкімділігі – мінезінде. Содан болар, Тайман Мұсағалиұлының тәуелсіз еліміздің білімін, ғылымын өркендетуге қосқан елеулі еңбектері жоғары бағаланып, көп жылғы сіңірген еңбегінің нәтижесі ретінде, ғылым докторы, профессор атағын иеленіп мемлекет, үкімет тарапынан «Ауыл шаруашылығы үздігі белгісі», 1979ж, «Еңбек ардагері медалі», 1986ж, «Жоғары мектеп үздігі», 1989 ж., Ұлы Отан соғысының ардагері, 1994ж., «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдық медалі», 1995 ж., «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60 жылдық медалі», 2004 ж., «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 65 жылдық медалі», 2009 ж., «Тың игерудің 50 жылдық медалі», 2004 ж., «Қазақстан жоғары білім министрлігінің» 1990 ж. құрмет грамотасымен, «Ауыл шаруашылық ардагері», 2015 ж. марапатталды.





Баланың адам ретіндегі қалыптасуында тәрбиенің негізі ата-ананың, жүрген ортаның, ағайын-туыстың, жора-жолдастың, отбасының, ең әуелгі туған жердің табиға-тына дейін әсер тигізетіні рас. Бұлардың бәрі ержетіп, азамат болуда ықпал етер шартты жағдайлар деп бағаласақ, көгеріп, көркейіп өскен жастың жанына азық, бойына қуат, өнеге беретін аялы алтын дінгегі - әке-шешесі. Сондықтан Тайман Мұсағали атамның отбасына да тоқтап өтуге шешім қабылдадым. Сүйген жары апайымыз Әсия Ыбышқызы Хасенова мамандығы медицина дәрігері болғандықтан көп жылдар медицина саласында жай қызметкерден бастап лауазымды басшылық қызметтерде істей жүріп, ағамыздың теңгесі жоқ жолдасы, түбі жоқ сырласы, сөзі жұмсақ, мәңгілік махаббаттың ұйытқысы болды.

Адамның ұрпағы қалса көзі қалады, ал сөзі қалса өзі қалады дегендей, ұлы - Ескендір оңтүстік астанамыз Алматыда еңбек етуде, ал қызы Айман апайымыз Атырау қаласындағы Халел Досмұхамедов атындағы технологиялық университетіндегі шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, жұбайы Ербол Буканов инженер. Балаларынан тарқаған немере-шөберелері бар солардың қызығын көруде.

Қазақ халқының ұлағатты сөзі «Қарттары бар ел – қазынасы бар ел» - деген сөз бекер айтылмаса керек. Ұстазыма арнаған мақаламның соңында асқар Алатаудай, қарқынды аққан Еділ-Жайық суының толқынындай білімімен, ғылымымен шалқып тасып төгілген Тайман Мұсағалиұлы Телеуғали атамның шын жүрегімен осы жасаған жасыңызда, болашақта, қарқыныңыздан қалмаңыз, шабысыңыздан танбаңыз, сексеннің асуынан асып, тоқсанға аяқ басқан шағыңызда да көзіңізден от кетпесін, ұрпаққа берер тәлім-тәрбиеніз, біліміңіз, парасатыңыз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенемін. Сізге және шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, өзіңізге зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ұстазына оқушысы ретінде тілек білдіремін.

## МАЗМҰНЫ

### ВЕТЕРИНАРИЯ СЕКЦИЯСЫ

<b>Жолдасбекова А.Е., Бияшев Б.К., Нургожаева Г.М.</b> Алматы облысының шаруашылықтарынан бөлініп алынған сальмонелла өсінділерінің биологиялық қасиеттерін зерттеу.....	3
<b>Ғылымова Г., Тоқаева М.О., Құдайбергенова Ж.Н.</b> Желінсау ауруының сүт сапасына әсері.....	7
<b>Есимов К.Д., Утянов А.М.</b> Влияние иммуномодулятора полиоксидония на гуморальное звено иммунитета телят, больных бронхопневмонией.....	10
<b>Кенчинбаева М.Ж., Мырзабеков Ж.Б.</b> Желінді санитариялық өңдеуді сүт сапасына тигізетін әсері.....	15
<b>Орынбасарова Ж.А., Абдыбекова А.М., Шабдарбаева Г.С.</b> Жылқылардың эндопаразиттері.....	18
<b>Тулєпова Г.Қ., Шабдарбаева Г.С., Турганбаева Г.Е., Асылханов Д.У.</b> Етқоректілерде кездесетін кансорғыш иксодид кенелерінің таралуы .....	22
<b>Шамеева У.Г., Джанабекова Г.К., Жумагелдиев А.А.</b> Түйекүс етінің санитариялық көрсеткіштері.....	26
<b>Башенова Э.Е., Мырзахметова Б.Ш., Кутумбетов Л.Б., Кыдырбаев А.Т., Сермаганбетова С.У., Сапаров А.А., Тулепов Б.С.</b> Эпизоотический статус мелкого рогатого скота Алматинской и Жамбылской областей, серопозитивного по антителам на неструктурные протеины вируса ящура.....	29
<b>Шолпанкулова А.Б., Джанабекова Г.К., Жылқышыбаева М.М.</b> Гендік-модификацияланған азық қоспаларының үй тауықтары қанындағы морфологиялық құрамына әсері.....	35
<b>Сапаров А.А., Башенова Э.Е., Тулепов Б.С., Сермаганбетова С.У., Абджапбаров Д.А., Кутумбетов Л.Б.</b> Қазақстанда аусылға қарсы қолданылатын вакциналардың кейбір қасиеттері .....	40
<b>Хайшибаева А.А., Сарсембаева Н.Б.</b> Влияние кормовой добавки на основе шунгита на продуктивность цыплят – бройлеров.....	44
<b>Тұрсынқұлов А.З., Ілгекбаева Г.Д.</b> Қой бруцеллезін иммунды ферментті талдаумен балау ерекшеліктері.....	49
<b>Ибраимова А.А., Хусаинов Д.М.</b> Распространение пироплазмоза собак в г.Алматы.....	53
<b>Иманғалиев А.Қ., Батхиева Г.Б.</b> Спырлардың тұяқ ауруларында биосептин майын қолданғанда қанның биохимиялық көрсеткіштері.....	58
<b>Сарбаканова Ш.Т., Аубекерова Л.С., Қасымова К.Т., Байбатырова Л.А.</b> Отандық және шетелдік шұжық өнімдерінің днк-ын бөліп алу.....	60
<b>Ермагамбетова С. Е., Санбаев Б.</b> Способ получения гипериммунной сыворотки против анаэробной энтеротоксемии ягнят и телят.....	64
<b>Булєгенова М. Д., Киркимбаева Ж.С.</b> Лечебно – профилактическая эффективность гипериммунной сыворотки против листериоза овец в производственных условиях.....	68
<b>Туганбаева А.Н., Бияшев Қ.Б.</b> Вакциналық сальмонелла штамының биологиялық қасиеттері.....	71
<b>Омиржанова Н.М., Бәзілбаев С.М., Садвокасова А.Б.</b> Әртүрлі жағдайда сақталған балық етінің тағамдық және биологиялық құндылығын зерттеу.....	74
<b>Ережепова М.Ш., Тәсібекова Г.Т., Салханова С.Н.</b> Пребиотикпен байытылған сүттің ферментация процесін зерттеу.....	79

<b>Тулөпов Б.С., Кутумбетов Л.Б., Абеуов Х.Б.</b> Қазақстанның буферлік аймағындағы аусылдың О, А, азия-1 типті вирусына қарсы посвакциналық иммунитет .....	81
--	----

## ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ СЕКЦИЯСЫ

<b>Айвазян В.В., Дуйсембаев К.И.</b> Способ прогнозирования живой массы взрослых лошадей костанайской породы без взвешивания .....	86
<b>Асылбаева Е.Ж., Кожаметова З.А., Төлемісова Ж.К.</b> Ұзақ мерзімдік сақтауға дейінгі бифидобактерия <i>B. BIFIDUM B-RKM-0577</i> штаммын антибиотиктерге төзімділік және антагонистік белсенділік қасиеттеріне зерттеу .....	94
<b>Абишева М.Б., Жунисов А.М., Акимбеков А.Р.</b> Молочная продуктивность и химический состав молока казахских кобыл типа жабе к/х «Жаксылык» .....	98
<b>Байсабырова А.А., Нуралиева У.А.</b> «Ижевский» өк-да «хайсекс қоңыр» кроссының балапандары мен аналық табындағы мекиендерді өсіру технологиясы .....	102
<b>Абрикосова В. И., Бекасыл Ш.Б., Байсабырова А.А., Акимжан Н. А., Кусаинова Ж.</b> Закономерность роста и газообмена у цыплят-бройлеров .....	105
<b>Weqar Sayed Mohammad, Kulataev. B.T.</b> Study on the biochemical examination of the goat blood in the farm of "Ikram" located in Almaty .....	109
<b>Дадулла Х., Шыныбаев Д.С.</b> Характеристика продуктивности курдючных овец породы турки и араби .....	114
<b>Дадулла Х., Шыныбаев Д.С.</b> Курдючные породы овец Афганистана .....	116
<b>Дембосинова А.М., Баймәжі Е.Б.</b> Эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы алынған арқар-меринос қозыларының өсіп-жетілуін зерттеу .....	120
<b>Дондабаева Д.Т., Буралхияев Б.А.</b> Генетическая регуляция жирового обмена у крупно-рогатого скота на откорме при применении глютамата натрия .....	127
<b>Исхахов Ғ.Ж., Құлманова Г.А., Барақбаев Т.Т.</b> Қапшағай суқоймасындағы жыртқыш балықтардың маусымдық миграциясы .....	131
<b>Канапьянова А.Н., Ким Г.Л.</b> Использование биохимических показателей крови в селекции дегересских овец .....	136
<b>Кежекова М.К., Мырзақұлов С.М.</b> Күтіп-бағу жағдайына байланысты голштинофриз тұқымды сиырларының этологиялық көрсеткіштері .....	143
<b>Тимурбекова А.Қ., Оспанов Ә.Ә., Керимова Н.Б.</b> Қазақстандық арпа сұрыптарының сапалық көрсеткіштерін зерттеу .....	147
<b>Миятова А.К., Нуралиева У.А., Лукбанов В.М.</b> Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы жеке шаруа қожалықтарындағы бал ара тұқымдарының қысқа төзімділігін анықтау .....	152
<b>Мырзахасов А.К., Рахманов С.С.</b> Характеристика генофонда крупного рогатого скота черно-пестрой породы агрохолдинга «Байсерке-Агро» по микросателлитным ДНК .....	157
<b>Шарапиев Е., Кылышбаева Ж.Б., Асылбеков Б.Ж., Құлатаев Б.Т.</b> Сұр түсті жаңа сұрхандария типіндегі қаракөл қойларын рең аралық шағылыстыру нәтижелері .....	161
<b>Кожижанова Б.А., Минсаринова Б.К.</b> Биоразнообразие и количественное развитие зообентоса оз. Кошкарколь .....	164
<b>Болатбекова Д.Б., Бектурова Н.Ж., Киркимбаева Ж.С., Мустафина Ш.А.</b> Изучение источников контаминации мяса биологическими ксенобиотиками в первично мясоперерабатывающих пунктах .....	167
<b>Чугаева М.Д., Искакова Ж.А.</b> Балық өнімдерінің биоқауіпсіздігін анықтау нәтижелері .....	173



<b>Султанова А.Ж., Сапаров Қ.А.</b> Ақ егеуқұйрықтардың қанының құрамындағы антиоксидантты жүйеге темекі түтінінің ұзақ уақыт әсерінен кейінгі өзгерістерді зерттеу ..	178
<b>Мамашева Р.Т., Бияшев К.Б., Ермагамбетова С.Е.</b> Опеделение иммуногенности гипериммунной поливалентной сыворотки против пастереллеза крупного рогатого скота ..	183
<b>Әбдікәрімов М.Ж., Жұмаділла Қ.</b> Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымы төлдерінің тірі салмағының өзгергіштігі және ет өнімділігі.....	189
<b>Әбдікәрімов М.Ж., Жұмаділла Қ., Есентуреева Г.Д.</b> «Отқанжар» тұқымал зауытындағы қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымының қарғалы сүлесінің жүн өнімділігінің ерекшеліктері ..	191
<b>Бупебаева Л.К., Ыбыкенова Д.Д.</b> Современные проблемы технологии производства мяса цыплят-бройлеров.....	194
<b>Палтаева З.М.</b> Особенности белкового обмена при применений глютамата натрия в рационе крупного рогатого скота на откорме ..	199
<b>Апеев Қ. Б., Манкибаев А.Т., Исхан Қ.Ж.</b> Қазақ жылқы тұқымдарының сойыс өнімдерін салыстырмалы түрде бағалау және ветеринариялық санитариялық сараптау ..	203
<b>Мұқаметкерім Е.Х., Исхан Қ.Ж.</b> Түрлі генотипті қазақ жылқы тұқымдарының орта жағдайына бейімділігін қан көрсеткіштері арқылы бағалау.....	208
<b>Байкенов А.Ө., Полуботько О.В., Каманова С.Г., Оспанкулова Г.Х.</b> Сравнительная характеристика физико-химических свойств нативных и окисленных крахмалов ..	213
<b>Каманова С.Г., Юнусов Т.С., Полуботько О.В., Оспанкулова Г.Х.</b> Исследование показателей качества и химического состава сока, полученного из сахарного сорго ..	217
<b>Коптлеуова Т.М., Тажина С.Ж., Полуботько О.В., Оспанкулова Г.Х.</b> Выбор оптимальных режимов получения технической целлюлозы.....	221
<b>Полуботько О.В., Оспанкулова Г.Х., Каманова С.Г., Байкенов А.Ө.</b> Выбор оптимальных режимов окисления кукурузного крахмала перекисью водорода на основе регрессионного анализа ..	226
<b>Полуботько О.В., Юнусов Т.С., Каманова С.Г., Оспанкулова Г.Х., Тоймбаева Д.Б.</b> Выбор ферментных препаратов амилолитического действия для получения мальтозного сиропа биотехнологическим способом ..	230
<b>Тажина С.Ж., Полуботько О.В., Коптлеуова Т.М., Юнусов Т.С., Оспанкулова Г.Х.</b> Получение мальтина из кукурузного крахмала.....	234
<b>Тоймбаева Д.Б., Омарова Г.М., Оспанкулова Г.Х.</b> Анализ качественных характеристик и химического состава нативных крахмалов различного ботанического происхождения ..	238
<b>Тоймбаева Д.Б., Каманова С.Г., Полуботько О.В., Юнусов Т.С., Оспанкулова Г.Х.</b> Динамика накопления углеводов у различных сортов сахарного сорго в зависимости от фаз созревания.....	243

#### АГРАРЛЫҚ ЭКОНОМИКА СЕКЦИЯСЫ

<b>Алимова А., Сыдыкбаева Г.У.</b> Понятие залогового механизма в РК.....	246
<b>Байгабылова А., Сыдыкбаева Г.У.</b> Основные тенденции рынка ценных бумаг в Республике Казахстан.....	250

<b>Батырбекова Б. Т., Байболтаева Н.Ә.</b> Шаруа қожалықтарында салық есебі мен есептілігін ұйымдастыруды жетілдіру.....	253
<b>Битимова Б.Т., Заманбекова А.З., Ахметов К.А.</b> Повышение эффективности новой молочно-товарной фермы «МЕДЕУ КОММЕРЦ» Алматинской области.....	257
<b>Буралхийев Б.Б., Сыдыкбаева Г.У.</b> Современное состояние безналичных расчетов в Республике Казахстан.....	263
<b>Заманбекова А.З., Битимова Б.Т., Ахметов К.А.</b> Особенности проектирования полнорационных смесей для свинокомплекса «БЕКОН» Алматинской области.....	271
<b>Кожаметова К.Х., Омаркулова М.Б.</b> Развитие информационного обеспечения АПК РК.....	277
<b>Құралбай Ш.С., Қайырбаева А.Е.</b> Анализ конкурентных преимуществ зернового производства Костанайской области.....	281
<b>Турарбек К., Сыдыкбаева Г.У.</b> Роль и значение иностранных инвестиций.....	288
<b>Шатунова А.М., Абралиев О.А.</b> Пути повышения финансовых рычагов и стимулов в аграрном секторе Республики Казахстан.....	291
<b>Нуркужаев Ж.М., Алшембаева Л.Т.</b> Государственная поддержка молочной сферы Казахстана.....	296
<b>Асан М.М., Абралиев О.А.</b> Қазақстанның қаржы нарығына теңгенің еркін бағамының әсері.....	302
<b>Төлеген М.Ә., Тулегенова Р.Ә.</b> ҚР салықтық әкімшілендіруді жетілдіру.....	305
<b>Мырзакулова А., Қайырбаева А.Е.</b> Қаржы секторындағы валюталық және несие тәуекелдерін басқару.....	309
<b>Дукенов Т., Қайырбаева А.Е.</b> Проблемы обеспечения конкурентоспособности сахарного производства в Казахстане.....	312
<b>Султанбаева Г. А., Қайырханова Ф.К.</b> Гендерлік саясаттың қазақстандағы даму жағдайы .....	319
<b>Дембосинова А.М., Баймәжі Е.Б.</b> Эмбрион трансплантациялау әдісі арқылы алынған арқар-меринос қозыларының өсіп-жетілуін зерттеу .....	322
<b>Манкибаев А.Т.</b> Тағылымы көп ғұмырлы өмір - жастарға өнеге.....	330

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ  
ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
«ВКЛАД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЕ  
РАЗВИТИЕ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА»

Теруге 21.04.2016 ж. берілді. Басуға 30.05.2016 ж. қол қойылды.  
Қалпы 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Көлемі 21 есепті баспа табақ. Таралымы 100 дана.  
Тапсырысы № . Бағасы келісім бойынша

---

Сдано в печать 21.04.2016 г. Подписано в печать 30.05.2016 г.  
Формат 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Объем 21 п. л. Тираж 100 экз. Заказ №.  
Цена договорная

---

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала мазмұнына автор жауап береді.

Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

**Вып. редактор** – Талдыбаев М.Б.  
– Тлепбергенова С.Н.  
**Компьютерная обработка** – Ноғайбаева А..